

ҒЫЛЫМ.
ӘЙЕЛ.
ҚОҒАМ

НАУКА.
ЖЕНЩИНЫ.
ОБЩЕСТВО

SCIENCE.
WOMEN.
SOCIETY

Бас редактор: Т.Т. Аяпова – филология ғылымдарының докторы, профессор
Халықаралық педагогикалық білім беру ғылым академиясының академигі,
«Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері

Бас редактордың орынбасары: Ж.Б. Құрмамбаева, PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ

Редакция алқасы

Миразова А.Т.	профессор, Қазақстанның Еңбек Ері, «Алтын жұлдыз» және «Отан» ордендерінің иегері, Алматы, Қазақстан
Иманғожина О.З.	п.ғ.к., профессор, Ресей жаратылыстану академиясының құрметті докторы, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Астана, Қазақстан
Есенова Қ.Ө.	ф.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан
Бұқабаева Б.Е.	ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қ.И.Сәтбаев ат. ҚазҰТЗУ Алматы, Қазақстан
Кемелбекова З.А.	ф.ғ.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан
Махамедова Б.Ж.	п.ғ.д., профессор, ҚазҰАУ, Алматы, Қазақстан
Манкеева Ж.А. ф.	ғ.д., профессор А. Байтұрсынов ат. Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан
Намазбаева Ж.Ы.	психол.ғ.д., академик, «Тұлғалық және кәсіби өсу» орталығының директоры, Алматы, Қазақстан
Оразбаева Ф.Ш.	академик, п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан
Балтабаева Ж.Қ.	п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан
Күзекова З.С.	ф.ғ.д., профессор, Назарбаев Университет, Астана, Қазақстан
Сатенова С.К.	ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Мухатаева Қ.М.	ф.ғ.к., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
Қабылғазина К.	ф.ғ.к., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
Қабдолова Қ.Л.	п.ғ.д., профессор, Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, Алматы, Қазақстан
Дэвис Brent	PhD, профессор, West Cliff University, АҚШ
Фатима Шнан-Давен	PhD, Экс-Марсель Университеті, Франция
Али Шабан	PhD, Каир Университеті, Египет
Сейдикенова А.С.	Ғылыми кеңесші-жауапты редактор, ф.ғ.к., проф., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
Жұмай Н.	ғылыми редактор, PhD, қауымд. проф. м.а. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Сәрсенбай Ж.А.	ғылыми редактор, PhD, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
Әкімбек С.Ә.	жауапты хатшы, магистр, Алматы, Қазақстан

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне 20 қараша 2019 жылы тіркеліп, NKZ57VPY00017336 нөмірлі куәлігі берілді. Шығарылу мерзімі жылына 4 рет.

Баспа орталығы "ARNA". e-mail: arna-b@mail.ru

050000, Алматы қ., Райымбек даңғылы, 481, офис 74. Тел. +77013443093

Главный редактор: Аяпова Т.Т. – доктор филологических наук, профессор.
Академик международной академии наук педагогического образования,
кавалер орденов «Құрмет» и «Парасат»

Заместитель главного редактора: Курмамбаева Ж.Б., PhD, КазНПУ им. Абая

Состав редакционного совета:

Миразова А.Т.	профессор, Герой Труда Казахстана, кавалер орденов «Алтын жұлдыз» и «Отан», Алматы, Казахстан
Имангожина О.З.	к.п.н., профессор, Почётный доктор Российской академии естествознания, Академик международной академии информатизации, Астана, Казахстан
Есенова К.О.	д.ф.н., профессор, КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан
Бухабаева Б.Е.	к.ф.н., ассоциированный профессор КазНТУ имени К. И. Сатпаева, Алматы, Казахстан
Кемелбекова З.А.	к.ф.н., доцент, КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан
Махамедова Б.Ж.	д.п.н., профессор, КазНАУ, Алматы, Казахстан
Манкеева Ж.А.	д.ф.н., профессор, Институт Языкознания им. А.Байтурсынова, Алматы, Казахстан
Намазбаева Ж.Ы.	д.психол.наук., академик, директор Центра «Личностно-профессионального роста» Алматы, Казахстан
Оразбаева Ф.Ш.	академик, д.п.н., профессор, КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан
Балтабаева Ж.К.	д.п.н., профессор, КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан
Кузекова З.С.	д.ф.н., профессор, Назарбаев Университет, Астана, Казахстан
Сатенова С.К.	д.ф.н., профессор, ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Мухатаева К.М.	к.ф.н., профессор, КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Кабылгазина К.	к.ф.н., профессор, КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Кабдолова К.Л.	д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылайхана, Алматы, Казахстан
Дэвис Brent	PhD, профессор, West Cliff University, США
Фатима Шнан-Давен	PhD, университет Экс-Марсель, Франция
Али Шабан	PhD, Каир Университет, Египет
Сейдикенова А.С.	Научный консультант-ответственный редактор, к.ф.н., профессор, КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Жумай Н.	научный редактор, PhD, и.о. доцента, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Сарсенбай Ж.А.	научный редактор, PhD, КазНУ им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Акимбек С.А.	ответственный ученый секретарь, магистр, Алматы, Казахстан

Журнал представляет Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан. Зарегистрировано 20 ноября 2019 года и выдано свидетельство NKZ 57 VPY00017336.

Периодичность 4 раза в год.

Издательский центр "ARNA". e-mail: arna-b@mail.ru

050000, Алматы, пр. Райымбека, 481, офис 74. Тел. +77013443093

Editor-in-chief: Ayarova T.T. – Doctor of philological sciences, prof.
Academician of the International Pedagogical Academy of Science,
Holder of the orders «Qurmet» and «Parasat»

Editor-in-chief's assistant: Kurmambayeva Zh.B., PhD, Abay KazNPU

Editorial staff:

Mirazova A.T.	Prof., Hero of Labor of Kazakhstan, Holder of the orders «Altyn zhuldyz» and «Otan», Almaty, Kazakhstan
Imangozhina O.Z.	Candidate of pedagogical sciences, prof. Honorary Doctor of the Russian Academy of Natural Sciences, Academician of the International Academy of Informatization, Astana, Kazakhstan
Esenova K.O.	Doctor of philological sciences, prof., Abay KazNPU, Almaty, Kazakhstan
Bukabayeva B.E.	Candidate of philological sciences, assoc. prof., Satbayev University, Almaty, Kazakhstan
Kemelbekova Z.A.	Candidate of philological sciences, assoc. prof., AbayKazNPU, Almaty, Kazakhstan
Mahamedova B.Zh.	Doctor of pedagogical sciences, Prof., KazNAU, Almaty, Kazakhstan
Mankeeva Zh.A.	Doctor of philological sciences, prof., A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan
Namazbaeva Zh.I.	Academician, Doctor of psychological sciences, Director of the Center for “Personal and Professional Growth”, Almaty, Kazakhstan
Orazbayeva F.Sh.	Academician, Doctor of pedagogical sciences, prof., Abay KazNPU, Almaty, Kazakhstan
Baltabayeva Zh.K.	Doctor of pedagogical sciences, prof., Abay KazNPU, Almaty, Kazakhstan
Kuzekova Z.S.	Doctor of philological sciences, prof., Nazarbayev University, Astana, Kazakhstan
Satenova S.K.	Doctor of philological sciences, prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Mukhatayeva K.M.	Candidate of philological sciences, prof., Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
Kabilgazina K.	Candidate of philological sciences, prof., Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
Kabdolova K.L.	Doctor of pedagogical sciences, prof., Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan
Brent Davis	PhD, Associate Professor of West Cliff University, the U.S.A
Shnah-Daven F.	PhD, University of Aix-Marseille, France
Shaban Ali	PhD, Kair University, Egypt
Seydikenova A.S.	Scientific Consultant – Responsible Editor, Candidate of philological sciences, prof., Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
Zhumay N.	Academic editor, PhD, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Sarsenbay Zh.A.	Academic editor, PhD, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
Akimbek S.A.	Executive academic secretary, M.A., Almaty, Kazakhstan

The journal issued and registered by the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan. November 20, 2019 certificate NKZ57VPY00017336.

Periodicity 4 times a year

Publishing center “ARNA” e-mail: arna-b@mail.ru

050000, Almaty c., Raimbek avenue, 481, office 74. Tel. +77013443093

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT**

**I. ЛИНГВИСТИКА: КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА, ПСИХОЛИНГВИСТИКА,
ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКА, НЕЙРОЛИНГВИСТИКА/ЛИНГВИСТИКА:
КОГНИТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА, ПСИХОЛИНГВИСТИКА, СОЦИОЛИНГВИСТИКА,
НЕЙРОЛИНГВИСТИКА/LINGUISTICS: COGNITIVE LINGUISTICS, PSYCHOLINGUISTICS,
SOCIOLINGUISTICS, NEUROLINGUISTICS**

З.С. Күзекова, С.Б. Абжанова. Зерттеу кеңістігін құру моделі: ғылыми мақалалардың кіріспе бөлімін талдау	7
Есенова К.У. Мұхиддинова Г.Ә. Тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі – лингвоаксиология ҒЫЛЫМЫ	17
Бөкен Г.С. Қазақ және Кеңес әдебиетін қалыптастырушы тұлғалар шығармашылығын оқытуға байланысты жаңаша көзқарастар	23

II. ПЕДАГОГИКА/ПЕДАГОГИКА/PEDAGOGY

Gunes A. Navigating the Intersection of Tradition and Innovation in Family Education	29
Курсабаев М.К. Ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарының Artificial intelligence in pedagogy (AI PED) платформасына интеграциялануының теориясы мен практикасы.....	35

III. АУДАРМАТАНУ/ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ/TRANSLATION STUDIES

Temirzhanova M.T., Tazhibayeva S.Zh. Challenges in translating Kazakh endearment terms into English: a case study of B. Nurzhekeev's "Oh, life!"	43
---	----

IV. БІЛІМ БЕРУ/ОБРАЗОВАНИЕ/EDUCATION

Смагулова Н.К. Оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту жолдары	49
Бакеева Ш.Т. Аграрлық бағыттағы кәсіптік білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы стратегиялық міндеттері	56
Оспанова Н.К. Мобильное приложение для VR-терапии с ИИ	63
Нурғалиева М.И., Аканова А.С., Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласындағы әйел ғалымдардың заманауи жетістіктері.....	69
Аяпова Г.Б. Ш. Бейсенова шығармаларындағы Әйел-ана тұлғасының тарихи-көркемдік сипаты..	75

**V. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ/ЭКОНОМИКА И МЕНЕДЖМЕНТ/ECONOMICS
AND MANAGEMENT**

Искакова З.Д., Капенова А.Ж. Об эффективности использования бюджетных средств в гендерно-ориентированной государственной политике РК в сфере здоровья населения.	81
--	----

VI. ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ
НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ
NATIONAL WAY OF BRINGING UP

Миразова А.Т. Адал азамат тәрбиелеудегі мектеп-отбасы-қоғам ықпалдастығы	88
Джанабаева Р.А., Болатқызы Ш. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ халқының патриоттық-ерлік тәрбиесінің көрінісі	94

81'373.45

ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІН ҚҰРУ МОДЕЛІ: ҒЫЛЫМИ МАҚАЛАЛАРДЫҢ КІРІСПЕ БӨЛІМІН ТАЛДАУ

Зейнехан Сейітханқызы Күзекова

Назарбаев Университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы

Самал Абжанова

Назарбаев Университетінің оқытушысы

E-mail: zeinekhan.kuzekova@nu.edu.kz, sabzanova@nu.edu.kz

(Астана, Қазақстан)

Аңдатпа. Бұл мақалада академиялық мәтіндердің кіріспе бөлімін жазудағы, ұйымдастырудағы жиі қолданылатын CARS (Зерттеу кеңістігін құру – Create A Research Space) моделіне талдау жасалады. Зерттеудің мақсаты – Қазақстандық университет хабаршыларында және журналдарында жарияланған мақалалардың кіріспе бөлімдерінің осы модельге сәйкестігін анықтау. Зерттеу материалы ретінде гуманитарлық бағыттағы ғылыми мақалалардың кіріспе бөлімі таңдалып, модельдің үш қадамын және олардың ішкі сатыларын сақтау деңгейі сапалық әдістер арқылы сарапталды. Зерттеу нәтижелері, талдауы көрсеткендей, көптеген авторлар зерттеу кеңістігін айқындау кезеңінде (бірінші риторикалық кадам) белсенділік танытқанымен, зерттеу олқылықтарын көрсету (екінші риторикалық кадам) және зерттеу мақсатын нақты тұжырымдау (үшінші риторикалық кадам) сатылары жиі назардан тыс қалады. Бұл қазақ тіліндегі ғылыми дискурстың құрылымдық ерекшеліктері мен академиялық жазылым мәдениетін жетілдіру қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері ғылыми мәтіндерді халықаралық стандарттарға сай жазуға бағытталған әдістемелік ұсыныстарға негіз болды.

Тірек сөздер: академиялық дискурс, CARS моделі, кіріспе құрылымы, зерттеу кеңістігі, академиялық жазылым.

Аннотация. В данной статье проводится лингвистический анализ модели CARS (Create A Research Space — «Создание исследовательского пространства»), широко применяемой при организации вводных разделов академических текстов. Цель исследования — определить степень соответствия вступительных частей казахстанских научных статей указанной модели. В качестве материала были выбраны введения гуманитарных научных статей, проанализированные с использованием качественных и количественных методов на предмет соблюдения трёх риторических шагов модели и их внутренних стадий. Результаты исследования показали, что, несмотря на активное использование первого риторического шага — обозначения исследовательской области, этапы выявления исследовательских пробелов (второй шаг) и формулирования цели исследования (третий шаг) нередко остаются без должного внимания. Это свидетельствует о необходимости дальнейшего совершенствования структурных особенностей и культуры академического письма в казахскоязычном научном дискурсе. Полученные

результаты послужили методологической основой для разработки рекомендаций, направленных на написание научных текстов в соответствии с международными стандартами.

Ключевые слова: академический курс, модель CARS, структура введения, исследовательское пространство, академическое письмо.

Abstract. This article presents a linguistic analysis of the CARS (Create A Research Space) model, which is widely used for structuring the introduction sections of academic texts. The main objective of the study is to determine the extent to which the introductions of Kazakhstani research articles comply with this model. As research material, introductions from humanities papers were selected and analyzed using both qualitative and quantitative methods to assess adherence to the three rhetorical moves of the model and their internal steps. The findings reveal that, while many authors actively engage in establishing the research territory (move 1), the stages of identifying research gaps (move 2) and formulating the research purpose (move 3) are often overlooked. This highlights the need for further improvement in the structural organization and academic writing culture of Kazakh-language scientific discourse. The results of the study provide a methodological foundation for developing recommendations aimed at enhancing academic writing practices in accordance with international standards.

Keywords: academic discourse, CARS model, introduction structure, research space, academic writing.

Кіріспе. Академиялық жазылым – ғылыми зерттеу нәтижесін жүйелі, нақты және түсінікті түрде жеткізудің негізгі құралы. Соның ішінде зерттеу мақаласының кіріспе бөлімі оқырманды тақырыппен таныстыруда, зерттеудің маңыздылығын көрсету мен мақсатты нақтылауда маңызды рөл атқарады. Осы орайда, академиялық мәтін құрылымын ұйымдастыруда әртүрлі модельдер қолданылып келеді. Солардың ішінде кеңінен танымал әрі тиімді тәсілдердің бірі – Джон Свейлс (Swales, 1990) ұсынған CARS (Create A Research Space) моделі. Бұл модель қазіргі ғылыми қауымдастықта зерттеу мақаласының кіріспесін құрылымдаудың стандартты үлгісі ретінде кеңінен қолданылады.

CARS моделі арқылы жазылған кіріспелерде тақырыптың өзектілігі көрсетіліп, бұрынғы зерттеулердегі олқылықтар немесе шешілмеген мәселелер айқындалып, автор өз зерттеуінің мақсатын нақтылайды. Алайда бұл модельді қолдану тәжірибесі, оның тиімділігі мен шектеулері, әсіресе қазақ тілді академиялық ортада, толыққанды зерттелмеген. Сонымен қатар, көптеген студенттер мен жас зерттеушілер бұл модельдің құрылымдық қадамдарын дұрыс түсінбей, оны практикада қолдануда қиналады.

Осы мақалада CARS моделінің құрылымына, оның негізгі қадамдары мен стратегияларына, сондай-ақ академиялық жазудағы рөліне талдау жасалды. Мақаланың мақсаты – зерттеу мақаласының кіріспесін ұйымдастыруда CARS моделінің тиімділігін көрсету және оны қолдану жолдарын нақты мысалдар арқылы түсіндіру, талдау, кейбір кіріспелердің осы модельге сәйкес, сәйкес еместігін анықтау. Бұл зерттеу ғылыми мақала жазатындарға, әсіресе жаңадан бастаған зерттеушілерге жақсы зерттеу мақаласына кіріспе жазуға бағыт-бағдар бере алады деп күтіледі.

Әдебиеттерге шолу. Әлемдік басылымдарда, журналдарда академиялық жазуға қатысты көптеген зерттеулер зерттеу мақаласына, атап айтқанда, оның құрылымына, тарихи эволюциясына бағытталған екен. Бұл зерттеулердің бірқатары зерттеу мақаласының әртүрлі бөлімдерінің құрылымдық ұйымдасуына назар аударған. Мысалы, кіріспе бөлімі; (Swales, 1990), (Swales, J. M., & Najjar, H.1987). нәтижелер бөлімі (Brett, P.,1994), аннотация мен талқылау құрылымдары (Hopkins, A., & Dudley-Evans, A. 1988), (Hyland, K. 2004). бойынша арнайы талдаулар жасалған. Бұл жанрдың мәтіндік

құрылымынан басқа зерттеу мақаласының тарихи дамуына (Bazerman, 1988) да назар аударды. Зерттеу мақаласының ең көп зерттелген аспектілерінің бірі – кіріспе. Суейлстың (Swales, 1990) кіріспелерінің қадамдық құрылымы туралы ұсынылған үлгіні қолдануға үлкен қызығушылық болды.

Зерттеу мақаласының ең маңызды бөлігі – кіріспе. Бұл бөлім аннотациядан кейін оқырман назарын бірінші болып аударатын бөлім болғандықтан, оның сапасы мақаланы әрі қарай оқу ықтималдығына тікелей әсер етеді (Swales, J. M., & Najjar, H. 1987); (Safnil 2001).. Басқаша айтқанда, ғылыми мақаланың кіріспе бөлімі оқырмандарды мақаланың толық бөлігін оқуға ынталандыру үшін қызмет етеді, сондықтан бұл бөлім мүмкіндігінше қызықты және сенімді түрде жазылуы керек. Belcher (2009) пікірінше, зерттеу мақаласының кіріспе бөлімінің негізгі мақсаты «оқырмандарға сіздің аргументіңізді және оның мүдделерін түсінуі үшін жеткілікті ақпарат беруі». Осыған ұқсас түсініктемені Swales пен Feak (Swales, J. M. & Feak, C. B. 1994) те жазған: кіріспе бөлімінің негізгі мақсаты екі тармақтан тұрады деп болжайды: бұл дегеніңіз мақаланың логикалық себебін беру және оқырмандарды оны оқуға тарту.

Дегенмен, кіріспеге бағытталған бірнеше зерттеулер ғана болды. Swales-тің (Swales, J. M. 1990) кіріспелерге қатысты моделіне үш қадам бойынша негізгі қорытындылардың болуына назар аудара отырып, Қазақстан басылымдарындағы ғылыми мақалалар кіріспесінің қаншалықты Swales талаптарына сәйкес келетінін анықтауға тырыстық. Көптеген сала бойынша жазылған зерттеу мақаласының кіріспесі туралы Суейлстің зерттеу кеңістігін құру (CARS) моделі терминдердің анықтамаларының болуы, күрделі ұғымдардың мысалдары және ұсынылған зерттеуді бағалау сияқты кіріспенің кейбір маңызды ерекшеліктері ескерілмегені көрінеді. Әрине, олар отандық талаптар

негізінде жазылғаны байқалады.

Сафнил (Safnil, S. 2013) екі маңызды себепке байланысты зерттеу мақала кіріспесі мақаланың барлық бөлімдерінің маңызды бөліміне айналғанын түсіндіреді: кіріспе мақалада бірінші орында болғандықтан, оқырмандар оны басқа бөлімдерді оқымас бұрын қарайды, оқиды. Екіншіден, мақаланы толығымен таныстыратындықтан, оқырмандар мақаланың басқа бөлімдерін оқи ма, жоқ па, соны анықтайды. Ол сондай-ақ мақаладағы кіріспе бөлімінің маңыздылығы оның орны мен қызметіне байланысты екенін айтады.

Зерттеу мақаласының кіріспесі сонымен қатар оқырмандар мен авторлардың жұмысы арасындағы байланысты білдіреді, егер ол оқырмандардың білімі мен зерттеу жұмыстары арасындағы алшақтықты жоя алса, осылайша кіріспе сәтті болғанын көрсетеді (Safnil, S. 2013). CARS (Зерттеу кеңістігін құру) деп аталатын Суейлстың (Swales) негізгі жұмысында ұсынылған үш қадамдық кіріспе бойынша жанрлық талдаудың 1990-шы жылдардағы үлгісі ағылшын тілінің академиялық жазу стиліндегі серпіліс ретінде қарастырылды, бұл ағылшын тіліндегі дискурс қауымдастығында оқитындар үшін өте пайдалы. CARS моделі зерттеу мақаласының кіріспелерін талдауда негіз ретінде пайдаланылды және әртүрлі тілдердегі зерттеу мақаласын талдауда қолданылды. CARS моделі бойынша кіріспе жазу – бұл ғылыми-зерттеу жұмысының негіздемесін дұрыс жеткізу үшін қолданылатын үш кезеңді құрылым. CARS (Create A Research Space) – ғылыми мақаланың кіріспесін жазуға арналған модель. Джон Суейлс (Swales, J. M. 1990) ұсынған бұл модель ғылыми дискурсқа кеңінен қолданылады, қолданылып жүр. CARS моделі бойынша кіріспе жазу: үш негізгі қадамнан тұрады:

1-қадам: зерттеу кеңістігін көрсету, белгілеу. Бұл бөлімде зерттеу тақырыбына қатысты жалпы контекст сипатталады.

Тақырыптың өзектілігі мен зерттелу тарихы беріледі.

Мақсаты: зерттеу саласын таныстыру; маңыздылығын көрсету; оқырманды тақырыпқа бағыттау.

2-қадам: Зерттеу кеңістігін анықтау. Бұрынғы зерттеулердегі бос кеңістікті, мәселені, шешілмеген сұрақтарды көрсету. Бұл бөлімде зерттеу саласында қандай олқылық бар немесе қай тұсы жеткіліксіз зерттелгені көрсетіледі.

Мақсаты: алдыңғы зерттеулердегі кемшін тұстарды атау; әлі де зерттелме-

ген қырларын нақтылау; зерттеудің себебін негіздеу.

3-қадам: Зерттеу мақсатын көрсету. Бұл соңғы бөлімде зерттеу мақсатыңыз, міндетіңіз, әдістеменің немесе зерттеу сұрағыңыз көрсетіледі.

Мақсаты: өз зерттеуіңді ұсыну; жоғарыда айтылған олқылықты толтыру жолын көрсету; жұмыстың мақсатын нақты айту. Суетейстың (Swales, J. M. 1990) жіктеуіне сүйенсек, CARS негізгі қолданбасы мәтіндегі коммуникация мақсатын жылжыту арқылы байланыстырады:

№1 кесте.

<p>Бірінші риторикалық қадам: зерттеу кеңістігін құру</p> <p>1-қадам – зерттеу мәселесін негіздеу.</p> <p>Тақырыптың ерекшелігін арттыру</p> <p>Екінші риторикалық қадам: Зерттеу мәселесін көрсету</p> <p>1-қадам – қарсы талап қою немесе</p> <p>1B қадам – олқылықты көрсету немесе</p> <p>1D қадам – дәстүрді жалғастыру, белгілі нәрсені қосу</p> <p>Бірінші риторикалық қадам: Зерттеу сұрағы</p> <p>1A қадам – мақсаттарды сипаттау немесе осы зерттеудің мақсатын немесе сипатын көрсету.</p> <p>1B қадам – қазіргі зерттеуді жариялау, Зерттеу сұрақтарының немесе гипотезаның тізімі.</p> <p>2-қадам – негізгі қорытындыларды жариялау, Осы зерттеудің құндылығын көрсету</p> <p>3-қадам – зерттеу мақаласының құрылымын көрсету.</p> <p>(CARS) Create-A-Research-Space моделі. Зерттеу кеңістігін құру моделі</p>

Әрбір қадамда кейбір нүктелерді қамтитын бірнеше қадамдар бар, мысалы, 1-ші қозғалыстың астын сызатын кейбір нүктелер бар, атап айтқанда: зерттеу мәселесін негіздеу; тақырыпты жалпылау және алдыңғы зерттеулердің элементтерін қарастыру. 2-қозғалыс: сонымен қатар қарсы сұрақ, деректер келтіре отырып, алшақтықты көрсету; сұрақ қою және дәстүрді жалғастыру.

Соңында 3-ші қозғалыс мақсаттарды белгілеу арқылы ерекшеленеді; ағымдағы зерттеулерді жариялау; негізгі қорытындыларды жариялау; зерттеу мақаласының құрылымын көрсетеді. Зерттеуге кіріспедегі әрбір

қадамда бұл маңызды мәселелер әрқашан айтылмайды, кейбіреулері назардан тыс қалуы мүмкін, ал кейбір зерттеу кіріспелері әдетте белгілі бір тармақтармен белгіленеді. Бұл әртүрлі пәндерге және осы зерттеудің зерттеу кіріспелерінің әртүрлі тілдеріне байланысты. Кейбір мысалдар жоғарыдағы түсіндірмеге сүйене отырып, авторлар мақаланың «кіріспе» бөлімін жазуда оқырманға Swales моделінің орындалуын нақты беруге тырысады.

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу Swales моделін зерттеу мақалалары үшін академиялық жазу дағдыларын дамыту үшін

пайдалы құрал ретінде бағалауға бағытталған. Swales немесе CARS моделінің зерттеу мақалаларына кіріспе жазу үшін қолданылуын тереңірек қарау үшін журналдарда, университет журналдарында, хабаршыларында жарияланған мақалалардың кіріспесі талданды. Әр журналдан бірнеше мақала таңдалды. Таңдалған мақалалар эмпирикалық зерттеулерден тұрады. Әрбір мақаланың кіріспесі қозғалыстарға сәйкес жіктелді, Swales (Swales, 1990) CARS моделі (зерттеу кеңістігін құру) басшылыққа алынды. Зерттеудің негізгі мақсаты – авторлардың CARS моделінің үш риторикалық қадамының логикалық ретін қаншалықты сақтағанын анықтау. 2021-2025 аралығында жарияланған ЖАК тізіміндегі басылымдар, тағы басқа журналдар қаралды. Кіріспені талдау барысында CARS (Create-A-Research-Space) моделі негізге алынды. Талдау әдісі: Әр кіріспе CARS моделінің үш “қозғалысына” сай келу, келмеу жағы анықталды.

Нәтиже және талқылау. Негізгі деректер көзі Қазақстан университеті хабаршыларынан, конференция материалдарынан кездейсоқ таңдалынды. Мақала авторларының аты-жөні көрсетілмей, тек кіріспе бөлімдерінің құрылымы мен мазмұны талданды; дереккөз ретінде хабаршы нөмірі мен мақала атауы ғана пайдаланылды. Ғылыми мақала кіріспесі бөлімдерін талдау үшін пайдаланылған құрал (Swales, J. M. 2004) зерттеу кеңістігін құру (CARS) моделінің жаңартылған нұсқасы болды. Бұл нұсқа мақаланың жақсы кіріспесін көрсету үшін қолайлы деп саналады. Бұл бөлімде зерттеу мақаласының кіріспе бөлімі жазылу тәртібі берілген. Кейбір зерттеу мақалалары кіріспелерінің талдауы да көрсетілген. CARS моделі арқылы кіріспелерді талдау, салыстыру отандық академиялық дискурстың бірқатар айырмашылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу мақаласының кіріспе бөлімі үшін Swales моделі немесе кеңінен танымал CARS қолданылады. Ағылшын тіліндегі мақалалардың кіріспе бөлімінде жиі кездесетін риторикалық қозғалыстың үш ерекшелігін Swales міндетті деп атады. Төменде CARS моделінің

мақала кіріспесінде қалай жүзеге асатыны егжей-тегжейлі сипатталады. Жоғарыдағы 1-кестеде көрсетілгендей, кіріспе тақырып дамыған сайын айқынырақ болады. Бірінші қадамда автор зерттеу пәнін анықтау арқылы аумақты анықтайды. Бұл қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты батыл талап қоюды немесе жай ғана алдыңғы зерттеулерді қарап шығуды және оның шекараларын жанама түрде анықтауды қамтуы мүмкін.

Бірінші қадам зерттеушілердің өзінің зерттеу аймағын құруы ретінде белгілі. Бұл қадамда зерттеуші өз саласының маңыздылығын дәлелдеп, зерттеу нысанының өзектілігін көрсетуі тиіс. Осы арқылы автор ғылыми қауымдастық назарын өз тақырыбына аударады. Бірінші қадамды (Swales, J. M. 2004) міндетті және маңызды тармақ ретінде қарастырады, мұнда жазылмай қалған оқылық, ақтандақ көрсетіледі, осылайша жазушылар/зерттеушілер жаңа зерттеулерге кеңістік дайындайды деп мәлімдейді.

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, кіріспе тақырып дамыған сайын айқынырақ болады. Бұрынғы зерттеулерде бар олқылықтарды көрсету арқылы зерттеуші өз еңбегінің ғылыми кеңістіктегі орнын анықтайды. Алдыңғы зерттеулерге шолу жасай отырып немесе алдыңғы зерттеулердің белгілі бір мәселені қамтымағанын көрсету арқылы өте күшті талап қоюға болады. Кей жағдайларда зерттеуші бұрынғы зерттеу дәстүрін жалғастыру арқылы әлдеқайда бейтарап ұстаным ұстанады.

2 - риторикалық қадам: зерттеу кеңістігін құру. Бұл кезеңде автор алдыңғы зерттеулердің шектеулерін көрсетіп, өз зерттеуінің қажеттілігін негіздейді. 2-ші қозғалыс, ең алдымен, қазіргі зерттеуге сілтеме жасайтын 3-ші қозғалысты дамытуға көмектеседі. Бұл бөлімде авторлар немесе жазушылар алдыңғы зерттеулердің олқылықтарын толтырады және талқылағысы келетін идеяның маңыздылығын анықтау үшін осы зерттеулер туралы білімдерін кеңейтеді. Позитивті түрде, 2-ші қадам қазіргі зерттеуге жол болады. Сонымен қатар, Swales пен

Feaktiң зерттеу мақалаларындағы 2-ші қозғалыс зерттеудің әлі аяқталмағанын көрсету арқылы олқылықты көрсету арқылы зерттеу кеңістігін құрады, осылайша 2 - ші қозғалысты сынның ерекше түріне айналдырады (Swales, J. M. & Feak, C. B. 1994).

3-риторикалық қадам – зерттеу мақсатын көрсету. Бұл кезеңде автор өз зерттеуінің мақсатын, гипотезасын және құрылымын айқындайды. Сонымен қатар, 3-ші қозғалыстың бұл қадамы әрқашан әрбір зерттелген ғылыми мақала кіріспесінде бар. Кейбір білім пәндерінде зерттеу сұрағы мен гипотезасын тізімдеу, зерттеу нәтижелерін жариялау, қазіргі зерттеудің құндылығын айту және зерттеу жұмысын құрылымдау сияқты басқа да тармақтар ұсынылуы мүмкін. 3-ші қозғалыстың кейбір типтік сигналдарын келесідей болады: *Бұл мақала алынған нәтижелер туралы есеп береді ... Осы мақаланың мақсаты – бұл мақалада біз алдын ала нәтижелерді береміз ... Мұнда баяндалған эксперименттің негізгі мақсаты болды... . Бұл зерттеу бағалауға арналған. ... Бұл жұмыс соңғы үлгіні пайдалануды кеңейтеді ... Біз қазір ...* (Swales, J. M. 2004) *өзара әрекеттесуін хабарлаймыз.*

CARS моделінің жаңартылған нұсқасында үшінші қадамның мазмұны кеңейтіліп, оған зерттеу сұрақтарын, гипотезаларды және әдістерді сипаттау тармақтары енгізілген. 3 - ші қадамның зерттеу сұрақтары мен гипотезаларын тізімдеу, анықтамалық түсініктемелер беру, әдістерді қорытындылау және осы зерттеудің құндылығын көрсету – бұл қосымша қадамдар.

CARS моделінің теориялық негіздері сипатталған соң, нақты мысалдар негізінде талдау жүргізілді. Үлгі талдау (лингвистика саласынан) мысал ретінде Қазақ тіліндегі лингвистика саласындағы бір ғылыми мақаланың (автор аты көрсетілмейді, үлгі ретінде ғана) кіріспе бөлімінен алынған фрагмент: «Қазақ тіл білімінде сөз мағынасы мен оның қолданыс ерекшеліктері әр кезеңде зерттеушілер назарында болып келеді. Сөздің семантикалық құрылымы мен прагматикалық ерекшеліктері – тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі. Соңғы жылдары тіл-

дік бірліктердің қолданылу аясы, олардың сөйлеу әрекетіндегі қызметі түрлі бағытта қарастырылуда. Алайда прагматикалық мағынаның сөйлеу жағдаятындағы ерекшеліктері нақты талданған зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Осы мақалада біз қазақ тіліндегі лексемалардың сөйлеу актісіндегі прагматикалық қызметін зерттеуді мақсат етеміз». CARS моделімен талдайтын болсақ:

1-қадам: Зерттеу саласын таныстыру және маңыздылығын көрсету. *“Қазақ тіл білімінде сөз мағынасы мен оның қолданыс ерекшеліктері әр кезеңде зерттеушілер назарында болып келеді.”* Тақырыпты жалпы сипаттап отыр. Тіл біліміндегі семантикалық, прагматикалық мәселелердің маңыздылығы айтылған. 1-қадамда (жалғасы): бұрынғы зерттеулерге шолу берілген: *“Сөздің семантикалық құрылымы мен прагматикалық ерекшеліктері – тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі”.* *“Соңғы жылдары тілдік бірліктердің қолданылу аясы, олардың сөйлеу әрекетіндегі қызметі түрлі бағытта қарастырылуда.”* Зерттеулер бар екенін, түрлі бағытта зерттеліп жатқанын айтады. Алайда нақты авторлар немесе еңбектерге сілтеме жоқ (ақпараттың жалпылығы – әлсіздік).

2-қадам: Зерттеу саңылауын көрсету: *“Алайда прагматикалық мағынаның сөйлеу жағдаятындағы ерекшеліктері нақты талданған зерттеулер әлі де жеткіліксіз.”* Бұл нақты олқылықты білдіреді – яғни сөйлеу жағдаятында прагматикалық мағына аз зерттелген.

3-қадам: Зерттеу мақсатын ұсыну: *«Осы мақалада біз қазақ тіліндегі лексемалардың сөйлеу актісіндегі прагматикалық қызметін зерттеуді мақсат етеміз».* Авторлар зерттеу мақсатын анық айтып отыр. Мақсат нақты. Бұл кіріспе CARS моделінің құрылымына көп жағынан сәйкес келеді. Бірақ 1- қозғалыс ішінде бұрынғы зерттеулерге нақты авторлар мен еңбектерді сілтеме жасау жетіспейді – бұл академиялық стильдің әлсіз тұсы. Қалған бөліктер (олқылық пен мақсат) Swales талабына сай.

Төменде берілген мақалалардың кіріспе мәтінін Swales (Swales, J. M. 2004); CARS

моделіне (Create A Research Space) сәйкес талдайық: Бірінші мақала кіріспесі:

«Жаһандық БАҚ арқылы мемлекет өз-өзін танытуға, имидж бен халықаралық аренадағы бейнесін шетелдермен қарым-қатынасын мейілінше зерттеуге мүмкіндік берді. БАҚ-тың мемлекеттік имиджді қалыптастырудағы рөлі орасан зор. Қазақстан Кеңестік жүйеден кейін құрылған, сондықтан, жеке мемлекет ретінде оң имидж қалыптастыру қажеттілігі туындауы орынды. Мемлекеттің мүддесін қорғауға, дамытуға, сонымен бірге қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттік имиджді қалыптастыруда басшылыққа алынады. Мемлекеттің халықаралық рейтингі шетелдік инвестициялардың тартылуына кепілдік береді. Елдің имиджін жақсартуда жарнама, қоғаммен байланыс, маркетинг құралдары көмектеседі. Сонымен қатар жаһандық ақпараттық қоғамда жағымды халықаралық имиджді қалыптастыру үшін ақпараттық ресурстар мен технологиялар, БАҚ-тың қызметі, медиа мониторинг басты тетіктер болып саналады». (мақала «Жаһандық ақпараттық кеңістікте Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру мәселелері» Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – №2 (139). – Астана, 2022. – 200 б.)

Екінші мақала кіріспесі. (мақала тақырыбы: *Медиадағы саяси карикатураның рөлі мен қызметі.* «Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында әртүрлі құралдар арқылы қоғамдық пікір қалыптастыру аса маңызды. Халыққа әсер етудің ең тиімді әдісі - қарапайым азаматтар арасында көбінесе шындыққа сәйкес келмейтін, бірақ мүдделі саяси манипуляторлардың шеңберіне пайдалы пікірлер қалыптастыру мақсатында таратылатын «әлеуметтік мифтерді» қоғамдық санаға енгізу, өйткені бұл пайымдаулар мемлекет үшін сыртқы қауіп-қатерлерге қарсы тұру, билікті сақтау, партия аралық күресте жеңіске жету немесе жол бермеу сынды белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етеді. Әлеуметтік мифтерді енгізудің маңызды құралдарының бірі - саяси мультфильмдер. Айта кету керек, карикатура өзінің жарықтығы мен қабылдаудың қарапайым-

дылығына байланысты адамдардың негізгі идеяларын, көзқарастары мен сенімдерін қалыптастырады, тіпті белгілі бір тұлғалардың толыққанды стереотиптік бейнелерін жасайды.» (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – №2 (139).

Кіріспелердегі риторикалық қадамдар:

Бірінші мақала кіріспесі бойынша: бірінші риторикалық қадам – зерттеу саласын анықтау. Кіріспеде мемлекеттің имиджі, БАҚ-тың рөлі, халықаралық аренадағы Қазақстанның жағдайы туралы айтылады. Туристік имидждің маңыздылығы халықаралық рейтинг, инвестиция, жарнама, PR, маркетинг құралдарымен байланыстырылған. Бұл – зерттеу саласын таныстыру міндетін жақсы атқарады. Екінші риторикалық қадам – олқылықты анықтау. Алайда мәтінде нақты «бұрын зерттелмеген» тұстарды немесе алдыңғы зерттеулердегі олқылықты көрсету аз. Мәселен, «Қазақстан посткеңестік ел ретінде имидж қалыптастыруға мұқтаж» деген тұжырым бар, бірақ ғылыми олқылық айқындалмаған. Үшінші риторикалық қадам – олқылықтың орнын толтыру. Мақаланың мақсаты немесе нақты зерттеу сұрағы кіріспеде нақты аталмаған. Көбірек сипаттамалық сипатта (имидждің маңызы, БАҚ рөлі) жазылған. Демек, автор 3-ші риторикалық қозғалысты толық орындамаған.

2-мақала кіріспесі бойынша 1-ші риторикалық қадам: Ақпараттық қоғам, қоғамдық пікір қалыптастырудың маңыздылығы, әлеуметтік мифтердің рөлі түсіндіріледі. Саяси мультфильмдердің қоғамдағы ықпалы мен функциялары анық көрсетілген. Бұл зерттеу аймағын негіздеуді қамтамасыз етеді.

2-ші риторикалық қадам: Әлеуметтік мифтердің әсері мен саяси мультфильмдердің ықпалы айтылады, бірақ нақты «зерттелмеген қыры» анық көрсетілмеген. Тек «саяси карикатура қоғамдық санаға әсер етудің құралы» деген пікір бар. Дегенмен, ол алдыңғы зерттеулердің шектеулеріне сілтеме жасамайды.

3-ші риторикалық қадам: Мақаланың зерттеу мақсаты, міндеті, немесе қандай

аспект қарастырылатыны кіріспеде тікелей берілмеген. Автор тек құбылысты сипаттаумен шектелген.

Қорытынды: Бұл кіріспеде де 1-ші риторикалық қадам жақсы орындалған, бірақ 2 мен 3-ші қозғалыс толық емес.

Жалпы салыстыру: Екі мақаланың да кіріспесі сипаттамалық деңгейде жазылған, ғылыми CARS моделінің талаптарын толық орындамайды.

Екеуі де зерттеу саласының маңыздылығын (1-ші қозғалысты) жеткілікті көрсеткен. Бірақ екеуінде де «зерттеу олқылығын көрсету» (2-ші қозғалысты) және «мақсатты анықтау» (3-ші қозғалысты) әлсіз. Бірінші мақалада Қазақстанның имиджі жалпы контексте сипатталса, екінші мақалада саяси мультфильмдердің қоғамға ықпалына назар аударылған.

3-мақала кіріспесіне талдау: *Қазіргі қазақ әдебиетіндегі қала бейнесі және пост модернизм*. (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – №2 (139).

1-ші риторикалық қозғалыс – саланы анықтау. Әдебиеттанушылардың қала бейнесін зерттеу дәстүрі айтылған.

Қазақ әдебиетіндегі пост модернизм мәселесіне шолу жасалған, белгілі ғалымдардың еңбектері тізілген.

2-ші риторикалық қозғалыс – олқылықты анықтау Қала мәдениеті мен адамның психологиялық толғаныстары әдебиеттегі дәстүрлі каноннан шығуы мүмкін екендігі көрсетілген. Бірақ нақты «зерттелмеген қыры» толық айқындалмаған.

3-ші риторикалық қозғалыс – мақсат, міндет. Автор мен кейіпкер психологиясын талдау қажеттігі туралы қорытынды берілген. Зерттеу мақсаты жанама түрде аңғарылады, бірақ нақты мақсат/міндет ашық тұжырымдалмаған.

4-мақала кіріспесіне талдау: *«Қазақ балалар әдебиетіндегі поэма жанры»*. (Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – №2 (139).

1-ші риторикалық қозғалыс: қазақ балалар әдебиетінде поэманың орны мен маңызы айтылған. Поэма жанры туралы классик ғалымдардың пікірлері келтірілген (Еспенбетов, Нарымбетов). 2-ші риторикалық қозғалыс: Балалар әдебиетінде ертегі поэмалардың пайда болғаны атап өтілген.

Бірақ зерттеудің алдыңғы еңбектердегі олқылыққа сүйенген тұсы айқын көрсетілмеген. 3-ші риторикалық қозғалыс: зерттеудің мақсаты мен нақты бағыты кіріспеде тікелей берілмеген. Тек тақырыптың өзектілігі мен балаларға әсері көрсетілген.

Төрт мақала кіріспесі Swales (2004) CARS моделі бойынша: №2 кесте.

Модель элементтері (Swales, 2004)	1-мақала кіріспесі	2-мақала кіріспесі	3-мақала кіріспесі	4-мақала кіріспесі
	<i>Жаһандық ақпараттық кеңістікте Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру мәселелері</i>	<i>Медиадағы саяси карикатураның рөлі мен қызметі</i>	<i>Қала бейнесі және пост модернизм (қазіргі қазақ әдебиеті)</i>	<i>Қазақ балалар әдебиетіндегі поэма жанры</i>
1-қадам: Зерттеу саласын анықтау	Мемлекеттің имиджі, БАҚ рөлі, халықаралық аренадағы Қазақстанның жағдайы мен туризмнің маңызы сипатталған.	Ақпараттық қоғам, қоғамдық пікір қалыптастырудың рөлі, әлеуметтік мифтер мен саяси мультфильмдердің ықпалы түсіндірілген.	ала бейнесі, урбанизм мәселесі, пост модернизм теориясы мен ғалымдардың еңбектеріне шолу берілген.	Қазақ балалар әдебиетінде поэманың орны, жанрлық ерекшелігі, ғалымдар пікірлері дәйектелген

2-қадам: Олқылықты анықтау	Қазақстан посткеңестік ел ретінде имидж қалыптастыруға мұқтаж екені айтылған, бірақ ғылыми олқылық нақты көрсетілмеген	Саяси карикатура қоғамдық санаға ықпал ететіні айтылған, бірақ бұрынғы зерттеулердегі жетіспеушілік дәл ашылмаған.	Қала мәдениеті адам психологиясына ықпал етеді деген ой бар, бірақ нақты зерттелмеген қыры айқындалмаған.	Балалар әдебиетінде поэманың фольклормен байланысы көрсетілген, бірақ ғылыми олқылық анық айтылмаған
3-қадам: Олқылық орнын толтыру (мақсат, міндет)	Зерттеудің мақсаты мен міндеті кіріспеден нақты берілмеген, тек жалпы имидж қалыптастырудың маңызы көрсетілген.	Мақсат пен міндет ашылмаған, тек құбылысты сипаттаумен шектелген.	Автор мен кейіпкер психологиясын қарастыру қажеттігі жанама түрде берілген, бірақ нақты мақсат тұжырымдалмаған	Зерттеу мақсаты анық айтылмаған, балалар әдебиетіне әсері сипаттамалық
Жалпы бағалау	1-қадам жақсы дамыған, 2–3-ші қадам әлсіз. Сипаттамалық кіріспе.	1-қадам бар, 2–3-қадам толық емес. Ғылыми мақсат нақты емес	1-қадам айқын, 2–3-қадам жанама. Ғылыми әдебиетке сүйенген, бірақ зерттеу сұрағы жоқ.	1-қадам жеткілікті, 2–3-қадам әлсіз. Сипаттамалық кіріспе

Барлық кіріспелерде 1-риторикалық қадам (зерттеу саласын анықтау) жақсы орындалған. Екінші риторикалық қадам (зерттеу олқылығы) мен үшінші риторикалық қадамда (мақсат/міндет) берілген кіріспелерде Swales ұсынған қадамдар талабы анық емес. Ғылыми мақаланың кіріспесі үшін әрқайсысына «зерттеудің өзектілігі мен мақсатын нақтылау» қосылса, Swales моделіне толық сай болар еді.

Қазақстан университеттерінің хабаршыларында жарияланған мақалалардың кіріспелері көбіне сипаттамалық тұрғыда: тақырыптың өзектілігі жалпы деңгейде айтылады (риторикалық 1-қадам орындалады). Алайда ғылыми олқылық (риторикалық 2-ші қадам) нақты көрсетілмейді. Көбінде «зерттелмеген мәселе» деген тұжырым жасалмайды. Сондай-ақ, мақсат пен міндет (3-риторикалық қадам) кіріспенің соңында ашық тұжырымдалмайды, көбіне «мақалада қарастырылады» деген жалпылама сөйлемдермен шектеледі.

Ғылыми мақалалардың кіріспесі халықаралық стандартқа (Swales-тің CARS моделі) толық сәйкес келмейді, өйткені онда зерттеу дискурсының риторикалық қадамдары толық сақталмайды. Көптеген мақалаларда зерттеу саласы мен тақырыптың өзектілігі (1-риторикалық қадам) жақсы сипатталады.

Алайда, зерттеу саңылауын көрсету (2-риторикалық қадам) көп жағдайда әлсіз немесе мүлдем жоқ. Авторлар көбінесе өз зерттеуін «бұрын мұндай зерттеу болмағандықтан» деп қысқаша негіздейді, бірақ нақты дерек немесе алдыңғы зерттеулерге сілтеме келтірілмейді. Сондай-ақ, зерттеу мақсаты (3 риторикалық қадам) көп жағдайда тек бір сөйлеммен шектеліп, мақсат пен міндеттің ара-жігі ажыратылмайды. Бұл академиялық жазылым мәдениетінің әлі де даму үстінде екенін көрсетеді. Зерттеушілер көбінесе кіріспені ғылыми стильмен емес, баяндау тілінде жазады, бұл да ғылыми дискурстың талаптарына сәйкес келе бермейді.

Әдетте, авторлар тақырыптың жалпы өзектілігін көрсетуге, зерттеу аймағының әлеуметтік, мәдени немесе теориялық маңызына тоқталуға бейім (1-риторикалық қадам). Бұл ғылыми еңбектің бағыт-бағдарын айқындап, зерттеу нысанының маңыздылығын танытуға мүмкіндік береді. Дегенмен, кіріспелерде зерттеу кеңістігіндегі нақты ғылыми олқылықтар мен шешілмеген мәселелерді көрсету (2-риторикалық қадам) жеткілікті дәрежеде орындалмайды. Осының салдарынан ғылыми ізденістің жаңалығы немесе өзектілігі халықаралық деңгейдегі зерттеу дискурсында күткендей айқындалмайды. Сонымен қатар, мақала-

лардың кіріспе бөлімдерінде зерттеудің мақсаты мен міндеттері (3-риторикалық кадам) ашық түрде тұжырымдалмайды. Көп жағдайда авторлар мәселені сипаттаумен шектеліп, «мақалада қарастырылады» немесе «талданады» деген жалпылама сөйлемдермен ғана шектеледі. Мұндай тәсіл оқырманға зерттеудің нақты бағыты мен ғылыми жаңалығын толық түсінуге мүмкіндік бермейді. Жалпы алғанда, ғылыми мақалалардағы кіріспелердің сипаттамалық жағы басым, ал ғылыми проблематиканы нақтылау, зерттеу оқылғын айқындау мен мақсат-міндеттерді анық көрсету жағы кемшіндеу болып жатады. Бұл құбылыс отандық ғылыми қауымдастықта халықаралық академиялық жазу мәдениетінің талаптары әлі де жеткілікті деңгейде орнықтағанын көрсетеді.

Қорытынды. Бұл мақала зерттеу мақаласының кіріспе бөлімін жазуда қолданылатын

Swales ұсынған CARS моделіне арналған. Зерттеу барысында модельдің құрылымы, оны ғылыми мәтіндерге бейімдеу жолдары және қазақ тіліндегі зерттеу мақалаларының кіріспелеріне жүргізілген талдау қарастырылды. Талдау нәтижелері зерттеу мақалаларының кіріспе бөлімдерінің құрылымдық ерекшеліктерін және олардағы риторикалық кадамдардың жүзеге асу деңгейін анықтады. Осылайша, Swales моделін қолдану процедурасы төрт мақала кіріспелерін талдаумен бірге анық сипатталған. Төрт мақаланың кіріспесі Swales үлгісіндегі риторикалық кадамдардың ретін толық сақтамағаны анықталды, алдағы уақытта әлі де көптеген басылымдардан қарастырылады деген ойдамыз. Зерттеу нәтижелері мен ұсынылған Swales моделі академиялық жазуды жаңа меңгеріп жүрген университет студенттері мен жас зерттеушілер үшін әдістемелік нұсқаулық ретінде пайдалы болуы мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Swales, J. M. (1990) *Genre Analysis. English in Academic and Research Settings*. Cambridge: University Press.
2. Swales, J. M., & Najjar, H. (1987). The writing of research article introduction. *Written Communication*, 4 (2)
3. Brett, P. (1994). A genre analysis of the results section of sociology articles. *English for Specific Purposes*, 13.
4. Hopkins, A., & Dudley-Evans, A. (1988). A genre-based investigation of the discussion sections in articles and dissertations. *English for Specific Purposes*, 7. 113- 121p.
5. Hyland, K. (2004). *Disciplinary Discourses: Writer Stance in Research Articles*. *Disciplinary Discourses*. University of Michigan Press.
6. Bazerman, C. (1988) *Shaping written knowledge: The genre and activity of the experimental article in science*. Madison, WI: The University of Wisconsin Press.
7. Safnil. (2001). *Rhetorical structure analysis of the Indonesian research articles*. (Unpublished doctoral dissertation, The Australian National University, Canberra Australia).
8. Belcher, W. L. (2009) *Writing your journal article in twelve weeks: A guide to academic publishing success*. California: SAGE Publications, Inc.
9. Swales, J. M. & Feak, C. B. (1994). *Academic writing for graduate students: Essential tasks and skills*. Michigan: The Michigan University Press.
10. Swales, J. M. (2004) *Research genres: Explorations and applications*. Cambridge: Cambridge University Press.
11. Safnil, S. (2013). A Genre-Based Analysis on the Introductions of Research Articles Written by Indonesian Academics. *TEFLIN Journal*, 24(2). 180-200.
12. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. – №2 (139). – Астана, 2022. – 200 б.
13. Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №1. – Астана, 2024. – 180 б.

ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ – ЛИНГВОАКСИОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ

Есенова Калбике Умирбаевна

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры, филология ғылымдарының докторы
(Алматы, Қазақстан)

Мұхиддинова Гүлжанат Әлімжанқызы

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің докторанты

E-mail: guljdil@mail.ru

(Қызылорда, Қазақстан)

Андатпа. Мақалада лингвоаксиология ғылымының зерттелуі, зерттеуші ғалымдар, негізгі термині құндылық ұғымын сипаттаудағы әр түрлі ұстанымдар, олардың жіктелуін сараптау туралы айтылады. Зерттеу жұмысымыздың нәтижесіне қарағанда, аксиология ғылымының ежелгі философиядан бастап қарастырыла бастағандығы байқалды. Лингвоаксиология ғылымының зерттелу кезеңі 2000 жылдардан бастап қарқынды дами бастады, «аксиологиялық лингвистика» немесе «лингвистикалық аксиология» деген толық ғылыми бағыт қалыптасқан. Бұл ғылыми саланы зерттеуде Н.Д. Арутюнова, Е.М. Вольф, Г. Павлов, Е. Ф. Серебрянникова, В.Н. Телия, Л.М. Васильев, Н.А. Лукиановалардың еңбегі зор. Аксиологияны методикамен байланыстыра зерттеген О.В.Алексеева, С.В. Николаенко, З.Ш.Ерназаровалардың мақалаларының маңыздылығы байқалды. Және де құндылық терминіне берілген анықтамалар және олардың жіктелуі туралы талдау жасалды. Г.Риккерт, М.Шелер, М.Хайдеггерлердің және сөздік, энциклопедиялардағы, қазақ зерттеушілері профессор К.А. Абишев, З.Н. Сарсенбаевалардың анықтамалары, құндылық ұғымының әр түрлі жіктелісі туралы да берілді. Бұл зерттеуімізде лингвоаксиология ғылымының даму барысы, оның түйінді мәселелері жөнінде мол мағлұмат беріледі. Алайда, соңғы онжылдықтарда зерттеле бастаған лингвоаксиология ғылымына қатысты зерттеулер мен қажетті материалдардың кемшін екендігі, құндылық категориясының анықтамалары, жіктелуі туралы әлі де бірізділіктің болмауы байқалады.

Сондықтан да лингвистика ғылымындағы осы өзекті тақырыпты әлі де зерттеуді қолға алуымыз қажет.

Тірек сөздер: лингвистика және аксиология, лингвоаксиология ғылымы, құндылық, құндылықтардың жіктелуі.

Аннотация. В статье речь идет об изучении науки лингвоаксиологии, ученых-исследователей, различных позициях в описании понятия ценности, анализа их классификации. Судя по результатам нашей исследовательской работы, было замечено, что наука аксиология стала рассматриваться еще со времен античной философии. Период изучения лингвоаксиологии начал интенсивно развиваться с 2000-х годов, сформировалось полноценное научное направление «аксиологическая лингвистика» или «лингвистическая аксиология». В исследовании этой научной области участвовали Н. Д.Арутюнова, Е. М. Вольф, Г. Павлов, Е. Ф. Серебрян-

никова, В. Н. Телия, Л. М. Васильева, Н. А. Лукиановых. Отмечена значимость статей О. В. Алексеевой, С. В. Николаенко, З. Ш. Ерназаровой, изучавших аксиологию в связи с методикой. И проанализированы определения термина «ценность» и их классификация. Даны также определения Г. Риккерта, М. Шелера, М. Хайдеггера и в словаре, энциклопедиях, казахских исследователей профессора К. А. Абишева, З. Н. Сарсенбаевой, о различных классификациях понятия ценности. В этом исследовании мы подробно расскажем о ходе развития лингвоаксиологической науки, ее ключевых проблемах. Однако в отношении науки лингвоаксиологии, которая начала изучаться в последние десятилетия, все еще наблюдается отсутствие последовательности исследований и необходимых материалов, определения ценностной категории, классификации. Поэтому нам еще предстоит изучить эту актуальную тему в лингвистической науке.

Ключевые слова: лингвистика и аксиология, лингвоаксиология, ценность, классификация ценностей.

Annotation. The article deals with the study of the science of linguoaxology, research scientists, various positions in the description of the concept of value, the analysis of their classification. Judging by the results of our research, it was noticed that the science of axiology has been considered since the time of ancient philosophy. The period of studying linguoaxiology began to develop intensively since the 2000s, and a full-fledged scientific field «axiological linguistics» or «linguistic axiology» was formed. N. D. Arutyunova, E. M. Wolf, G. Pavlov, E. F. Serebryannikova, V. N. participated in the study of this scientific field. Teliya, L. M. Vasilyeva, N. A. Lukianova. The importance of the articles by O. V. Alekseeva, S. V. Nikolaenko, Z. S. Yernazarova, who studied axiology in connection with the methodology, is noted. The definitions of the term «value» and their classification are analyzed. The definitions of G. Rickert, M. Scheler, M. Heidegger are also given in the dictionary, encyclopedias, Kazakh researchers, professors K. A. Abishev, Z. N. Sarsenbayeva, on various classifications of the concept of value. In this study, we will talk in detail about the development of linguoaxological science and its key problems. However, with regard to the science of linguoaxology, which has begun to be studied in recent decades, there is still a lack of consistency in research and the necessary materials, definitions of value categories, and classifications. Therefore, we still have to study this topical topic in linguistic science.

Keywords: linguistics and Axiology, the science of linguoaxiology, value, classification of values.

Кіріспе. Лингвоаксиология туралы айтатын болсақ, алдымен аксиология ғылымына тоқталатынымыз анық. Құндылықтарды зерттейтін сала аксиология (axia – құндылық және logos – және сөз) деп аталады. Қазіргі кезде аксиологиялық зерттеулер арасында тілге қатысты «лингвистикалық аксиология» дамып келе жатыр. Құндылықтар таңбасы тіл арқылы ғана әлеммен байланыстыратыны белгілі. Аксиология мен тіл

білімінің арақатынасы тілдің аксиологиялық өрісін қарастыруға мүмкіндік береді.

Аксиология негізінен ежелгі философиядан бастап қалыптаса бастаған. Аксиология, шын мәнінде, философияның өзі сияқты ежелгі ғылым деп айтуға да болады. Аксиология (гр. axios – құнды, logos – ілім) – құндылықтардың табиғаты, олардың әлеуметтік шындықта аталған орны және құндылық әлемінің құрылымы туралы философиялық ілім. Бүгінде аксиологиялық

ізденістер мен зерттеулер саны көбеюде[8]. Соңғы жылдары «аксиология» ұғымы ғылыми ортада кеңінен қолданылып келеді. Бұл құндылықтарды, олардың функцияларын, табиғатын және өзара қатынастарын зерттейтін ғылым. Бұл жағдайда құндылықтар «адамның моральдық тәрбиесінің элементтері, ішкі адам мәдениетінің ең маңызды құрамдас бөліктері, жеке ойлау, тұлғалық қасиеттер мен сапалар түрінде көрініс табатын және адамдардың қоғамға, табиғатқа, басқа адамдарға және өздеріне деген қатынасын анықтайды» деген Н.А.Асташованың пікірін білдіреді. Ал, ғалым Л.В.Баева аксиология мәдениеттерді, экономикалық монополияларды және әлеуметтік-саяси өмір драмасын теңестірудің әсерінсіз рухани жеке бостандықты сақтауға мүмкіндік береді. Қазіргі замандағы құндылықтарды түсіну мен зерттеудің маңыздылығы әлемнің заманауи және іргелі антропологиялық мәселелерін шешуде оның мүмкіндіктері мен теориялық салдарын практикалық қолдануды қарастыруды қамтитындығын айтады.

Ал, төмендегі мақалаларда лингвистика мен аксиология ғылымдарының байланысы, лингвоаксиология ғылымының зерттелуі, зерттеушілер, зерттеу объектісі жөнінде тоқталады.

Әдістер. Соңғы онжылдықтарда философиялық пән ретінде қалыптасқан аксиология ғылымы өзінің шеңберін кеңейтіп, қазіргі кезде көптеген гуманитарлық және әлеуметтік пәндерді де қамтып келеді [5]. Құндылық категориясының зерттелу тарихы гуманитарлық білімде дәстүрге айналған. Алайда, «тілдегі құндылықты» лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің басталғанына көп болған жоқ. 2000 жылдардың басынан бастап «аксиологиялық лингвистика» немесе «лингвистикалық аксиология» деген толық ғылыми бағыт қалыптасты десек

болады[3]. Авторлардың пікірінше[2,3] лингвоаксиологияны зерттеуде Н.Д. Арутюнова, Е.М. Вольф, Г. Павлов, Е. Ф. Серебрянникова, В.Н. Телия, Л.М. Васильев, Н.А. Лукиановалардың еңбегі зор. Н. Д. Арутюновтың «Тілдік мағынаның түрлері: бағалау, жағдай, факт» және Е. Ф. Серебрянникованың жетекшілігімен шыққан «Лингвистика және аксиология: құндылық мағыналарының этносимметриясы» ұжымдық монографиясы осы саладағы бірден-бір маңызды еңбек деп айтсақ болады. Волгоград университетінің профессоры В. И. Карасиктің «аксиологиялық лингвистика» ғылыми-зерттеу зертханасының ашылуымен лингвоаксиологияның дамуы айтарлықтай алға жылжыды, онда әлемнің және мәдени доминанттардың тілдік бейнесінің құндылық фрагментін сипаттаудың теориялық бағдарламасын ұсынуға алғашқы әрекет жасалды [7].

Нәтижелер мен талқылаулар. Г. Павлов «тіл – сана – қоғам – мәдениет – адам» кешенін лингвистикалық аксиологияның объектісі деп санаса[9], Е.В.Бабаева лингвоаксиологиялық пән - құндылықтарды қалыптастыру және білдіру құралының тілі. Аксиологиялық лингвистика зерттеу объектісін «тіл- адам – құндылықтар – мәдениет» үштігінде [10]. қарастырады деді. Лингвоаксиологияны зерттеу мәселелері қазір лингвистердің жіті назарында, себебі бұл аспект ана тілін меңгерушілердің құндылық бағыттарын ашып көрсетеді, олар адамның когнитивтік әрекетімен байланысты эпистемологиялық, этикалық, философиялық, мәдени және әлеуметтанушылық мәселелердің күрделі жиынтығымен анықталады. Г. Лакоффың пікірінше, “лингвистиканың дамуы тілдік элементтердің таралуын зерттеу ретінде емес, адам мен оның тіл арқылы көрінетін құндылықтарын зерттеу ретінде қарастырылатын философия, психология, логика, антропология, әлеуметтану және

басқа да көптеген ғылым салаларында ғана айтарлықтай алға жылжу байқалады»[2].

Аксиологиялық зерттеудің міндеті – тіл бірлігінің немесе тұжырымның құндылық компонентін анықтау. Тілді аксиологиялық талдаудың мақсаты-әлемнің тілдік бейнесінің аксиосферасын және әртүрлі әлеуметтік топтар мен идиолектердің аксиосфераларын қайта құру. Бұл бағыттың мақсаты-лингвистикалық тұлғаның ішкі әлемін танудың әдісі мен технологиясын анықтау, лингвистикалық мәліметтер арқылы тұлға мен қоғамның құндылыққа қатынасын зерттеу. Қазіргі тіл біліміндегі лингвоаксиология құндылықтарды тануға және құндылықтар жүйесін зерттеуге кең мүмкіндіктер береді [6].

Аксиология ғылымының негізгі зерттеу объектісі құндылық ұғымы болып табылады. Осы зерттеу сұрағында таңдап алған мақалалардағы құндылық терминіне берілген анықтамалар және олардың жіктелуі туралы талдау жасаймыз. Ең алғаш құндылыққа анықтама берген Г. Риккерт, М. Шелер, М.Хайдеггерлер болды. Г. Риккерт: «Құндылық – нақты дүние емес, ол «жалпыланған сана», яғни трансценденталды субъект тасымалдаушысы болатын идеал» десе, М. Шелер: «Құндылықтар өзінің негізі етіп қасиетті тұлғаның құндылығын, яғни махаббат деп аталатын шексіз рухты алады» дейді. М.Хайдеггердің пікірінше, құндылықтар әлемі (олардың спектрлері, кезеңдері, құрылымы) адамның әлемде болуымен анықталады [1]. Тиісінше, құндылық-бұл адам жасаған нәрсе ғана емес, тіпті заттың психикалық бейнесі де емес, адамның қоршаған ортамен, әлеммен қарым-қатынасының қасиеттері екені белгілі болды.

Бір томдық орыс тілінің сөздігінде(посткеңестік басылым) мынадай анықтама береді, Ценность 1. Ценныйды қараңыз; 2. Бағасы, құны; 3. Бір нәрсеге тән қасиет,

маңыздылық, мәнділік; 4. Әдетте құнның заты немесе құбылысы. Құндылықтарды сақтау. Мәдени құндылықтар. Рухани құндылықтар. Материалдық құндылықтар. Ал, кеңестік кезеңде жарық көрген бір томдық болгар тілінің сөздігінде «құндылық» тек материалдық мағынаға ие Ценност — 1. Құндылық зат (бірақ ақша емес), қазына; 2. Бағасы, құны. 19 ғасырда шыққан сөздіктерде «маңызды» деп берген. Мысалы, Найденов құрастырған болгар сөздігінде 19 ғасырда мазмұндық құндылықты қамтымайды (ценность), бірақ цена («то сост», «бағалау») етістіктерін және ценен «бағалы» сын есімін жазады» тек материалдық мағынасында берілген. В.И.Даль орыстың абстракттілі мазмұндық «құндылығын» «құн» және «қымбат» сөздері арқылы түсіндіреді. Маңызды нәрсенің абстракттілі мағынасы қымбатты, мағыналы деген мағынаны береді [3]. Кез келген әлеуметтік қатынастардың негізі мәдени мазмұн, оның ішінде құндылықтар болып табылады. Қазақстанның Ұлттық Энциклопедиясында: «Құндылық-бұл объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық және әлеуметтанулық ұғым. ...Құндылық объектінің адам үшін қаншалықты маңызды екенін анықтайды...Құндылықтар қоғам үшін ең маңызды әдет-ғұрыптардың, нормалар мен мағыналардың функцияларына бағынады және реттейді» [7] дейді. Қазақ тілінің сөздігінде «құндылық» ұғымына мынадай түсініктеме берілген: 1. қымбаттылық, бағалылық; 2. маңыздылық, мәнділік [9].

Құндылық туралы қазақ зерттеушілерінің де пікірлері бар. Профессор К.А. Абишевтің құндылықтар туралы: «Құндылықтар дегеніміз адам немесе адами қауымдастық не үшін жер бетінде жүр, не үшін тіршілік етеді, өзінің өмірін неге арнайды, не арқылы өзін адам деп сезінеді, не оның өміріне мағы-

на береді» - деп жазады. Профессор З.Н. Сарсенбаева былайша анықтап көрсетеді: «Соған сәйкес, құндылық – адам жасаған жай ғана зат емес, тіпті заттың ой жүзіндегі образы да емес, ол адамның қоршаған ортамен, әлеммен қатынасының қасиеттері екен. А. Капышев: «Құндылықтар адамның әлемге деген қатынасын айқындайды» дейді [9].

Құндылықтардың жіктелуі туралы бірнеше еңбектерде көрсетіледі. Г.А. Багаутдинова құндылықтардың әртүрлі табиғаты туралы былай деп жазған: “Біздің пікірімізше, құндылықтар /құнсыздықтар әртүрлі деңгейде қарастырылуы мүмкін, мысалы, физиологиялық материалдық, әлеуметтік, рухани, моральдық, интеллектуалдық, эмоционалдық және т.б.” [2]. Дәстүрлі және дәстүрлі емес деп бөлді [3]

Перри құндылықтарды «ақиқат», «сұлулық» және «жақсылық» сияқты дәстүрлі классификациялар негізінде емес, қызығушылық пен институционалдық құрылымдардың функциясына бөледі және оларды келесідей жіктейді: когнитивтік, моральдық, экономикалық, саяси, эстетикалық, діни [4]. Г.Риккерт ғылым, дін, өнер, адамгершілік, жетілген адамгершілік және «күдіретті махаббат» сияқты құндылықтардың алты түрін атайды [9], ғалым Ю.Г. Вешнинский құндылықтарды бір жүйеге келтіре отырып, 13 типке бөледі: Мемлекеттік-саяси, әскери, азаматтық, құқықтық құндылықтар (күш, қауіпсіздік, заңдылық, әділеттілік, т.б.); Тарихи-мәдени құндылықтар (уақыт байланысын беретін барлық құндылықтар, мәденитарихи естеліктер, салт-дәстүрлер, т.б.); Қарым-қатынас құндылықтары (қоғам мен ұжымда құндылықтардың таралуы); Экологиямен байланыстырылатын табиғи құндылықтар (таза ау, таза су, денсаулық, халықтың өмір сүру ұзақтығы, т.б.); Ғылыми-танымдық құн-

дылықтар (білім, ғылым, біліктілік, білім беру жүйесі, т.б.); Жеке адам құндылықтары (адамның өзін қалыптастырудағы жеке құндылықтары); Діни құндылықтар (Құран, мешіт, иман, шіркеу, символ, т.б.); Әлеуметтік құндылықтар (халықтық, буржуаздық, интеллигенттік, париялық, т.б.); Эстетикалық-көркем құндылықтар; Аумақтық, жергілікті құндылықтар; Экономикалық құндылықтар (шаруашылық білімдер, заттық орта, байлық т.б.); Этикалық құндылықтар; Ұлттық құндылықтар (тіл, фольклор, салт-дәстүр, т.б.) [6]. Құндылықтар адам өмірінде табиғи, мәдени, танымдық, этикалық, эстетикалық т.б. болып бөлінеді [8].

Қорытынды. Жалпы айтқанда, құндылықтар әлемі өте күрделі. Олар өзгеріп, дамып, бір түрден екінші түрге ауысуы, трансформацияға ұшырауы, әр дәуірде жойылып, жаңасы қайтадан пайда болуы мүмкін. Ғалымдар құндылықтардың ерекшеліктерін ашуда әр түрлі пікірлер, классификациялар ұсынған. Құндылықтардың өзі іштей жіктеледі, дараланады. Маңыздылығына қарай топқа да бөлінеді. Сонымен бірге әр ұлт өкілдері, тіпті адамдар арасында да құндылықтардың түрлері жөнінде баға беруі әртүрлі. Құндылықтар адам өмірінің ажырамас бөлігі, өте маңызды әлеуметтік құбылыс. Отандық және шетелдік лингвистикалық зерттеулердегі құндылықтарды зерттеудің негізгі бағыттарының әртүрлілігі құндылықтардың күрделі сипатын көрсетеді. Біздің ойымызша, құндылықтарды әр ғылым саласының шеңберінде жіктеп, жүйелеу дұрыс бағыт.

Бұл мақалада лингвоаксиология ғылымының даму барысы, оның түйінді мәселелері жөнінде мол мағлұмат береді. Алайда, соңғы онжылдықтарда зерттеле бастаған лингвоаксиология ғылымына қатысты зерттеулер мен қажетті материалдардың кемшін екендігі, құндылық категориясы-

ның анықтамалары, жіктелуі туралы әлі де бірізділіктің болмауы байқалады. Әлемдік және Отандық зерттеу жұмыстарында әдістеме мен аксиологияны біріктіре қарау, яғни құндылыққа бағдарлап оқыту мәселесі де толық қарастырылмаған, оған дәлел сонша мақаланың ішінде тек үш жұмыстың

ғана әдістеме ғылымымен байланыстырылғандығы.

Қорыта келгенде, бұл зерттеу мақаламыз арқылы жасалған талдау жұмыстарын әлі де жетілдіріп, лингвоаксиология ғылымының дамуына үлесін қосатын зерттеу жұмыстарын жолға қоюымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Радбиль, Т. Б. (2021). «Псевдоценности» в современном отечественном медийном дискурсе: опыт логического анализа имплицитной оценочности в языке печатных СМИ. Медиалингвистика, 8(4).
2. Avazbakieva, F. R. (2013). Linguoaxiological features of adjectives' semantics describing a person in terms of politeness in Tatar, Russian and English languages. Middle-East Journal of Scientific Research, 16(8), 1161–1169. ISSN 1990-9233.
3. Sedakova, I., Kitanova, M., Živkov, S., & Gusev, N. (2020). Traditional and non-traditional values in Russia, Bulgaria and Slovakia: Ethnolinguistic, comparative and historical dimensions. Yearbook of Balkan and Baltic Studies. <https://doi.org/10.7592/YBBS3.06>
4. Minnikulov, U., & Babanov, B. A. (2023). An interdisciplinary approach to the study of the concept of value. E3S Web of Conferences, 413, 03019. <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202341303019>
5. Кәкімжанова, Ә. Л. (2023). Шәкәрім Құдайбердіұлы дискурсындағы ұлттық құндылықтардың вербалдануы. Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы, 70(3).
6. Смағұлова, Г. Н., & Өтеген, Б. Ү. (2022). Жалпы білім беретін мектептерде қазақ әдебиетін құндылықтарға негіздеп оқыту. ҚР Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы, 1(395), 179–186.
7. Коцюбинская, Л. В., & Кузина, О. А. (б. ж.). К вопросу об аксиологии в лингвистике. Вестник Ленинградского государственного университета им. А. С. Пушкина, 7(1), 59–66.
8. Смағұлова, Г. Н., & Мақатаева, Ш. М. (2020). Лингвоаксиология: қазақтар дүниетанымындағы құндылықтар ұғымы. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 1(177), 187.
9. Коцюбинская, Л. В., & Кузина, О. А. (2015). К вопросу об аксиологии в лингвистике. Вестник Ленинградского государственного университета им. А. С. Пушкина, 7(1), 59–66.
10. Ерназарова, З. Ш. (2018). Қазақ тілін оқытудың аксиологиялық бағыты. Eurasian Journal of Philology: Science and Education, 2(170), 201–209.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ КЕҢЕС ӘДЕБИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҢАША КӨЗҚАРАСТАР

Бөкен Гүлназ Сайлаубайқызы

PhD., қауымдастырылған профессор

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

E-mail: asya_2309@mail.ru

(Көкшетау, Қазақстан)

Андатпа. Бұл мақалада қазақ және кеңес әдебиетін қалыптастырған ірі тұлғалардың шығармашылығын оқыту мәселесіне жаңаша көзқарастар ұсынылады. XX ғасырдағы әдеби үрдістер мен ұлттық әдебиеттің дамуына елеулі үлес қосқан қаламгерлердің мұраларын қазіргі білім беру жүйесіне бейімдеу жолдары қарастырылады. Автор олардың шығармаларын оқытудың тиімді әдістерін, әдеби-теориялық талдаулар жүргізу тәсілдерін және сыни ойлауды дамытуға бағытталған жаңартылған бағдарлама негізіндегі ұсыныстарды ұсынады. Сонымен қатар, қазақ әдебиеті мен кеңестік кезеңдегі әдеби мұраларды өзара сабақтастыра оқыту, жас ұрпақтың рухани дамуына ықпал ететін маңызды құрал ретінде сипатталады. Мақала педагогикалық тәжірибе мен әдебиеттанулық әдістеменің тоғысында жазылған.

Тірек сөздер: Кеңес әдебиеті, әдеби тұлғалар, шығармашылық мұра, жаңаша оқыту тәсілдері, әдеби интеграция

Аннотация. В статье рассматриваются новые подходы к преподаванию творчества выдающихся личностей, сформировавших казахскую и советскую литературу. Особое внимание уделяется адаптации литературного наследия писателей, внесших весомый вклад в развитие национальной литературы в XX веке, к современным образовательным стандартам. Автор предлагает эффективные методы преподавания, способы литературно-теоретического анализа, а также рекомендации, основанные на обновлённой учебной программе, направленные на развитие критического мышления у студентов. Кроме того, подчеркивается важность интеграции казахской и советской литературы в процессе обучения как инструмента духовного воспитания молодёжи. Работа написана на стыке педагогической практики и литературоведческой методологии.

Ключевые слова: Советская литература, литературные деятели, творческое наследие, новые подходы в обучении, литературная интеграция

Annotation. This article presents new perspectives on teaching the works of prominent figures who shaped Kazakh and Soviet literature. It explores methods of adapting the literary legacy of writers who made significant contributions to 20th-century national literature to contemporary educational standards. The author proposes effective teaching strategies, techniques for literary and theoretical analysis, and recommendations aligned with updated curricula aimed at fostering students' critical thinking skills. Furthermore, the article emphasizes the importance of integrating Kazakh and Soviet literary heritage in the learning process as a vital tool for the spiritual development of the younger generation. The study is written at the intersection of pedagogical practice and literary methodology.

Keywords: Soviet literature, literary figures, creative heritage, innovative teaching methods, literary integration

Кіріспе. Қазақ кеңес әдебиетін қалыптастырушылардың басында – Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндер тұр.

Тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап, біздің әдеби ортада, көпшілік арасында осы тұлғаларға байланысты әртүрлі алыпқашпа, ғылыми негізге сүйенбеген жалаң сындар өріс алды. Қайтпекке керек?! Әсіресе, әдебиет пәнін мектептерде, колледждерде, университеттерде жүргізетін оқытушы, мұғалімдерге де бұл мәселе қиындық тудыруда.

Сөз бостандығы, тіл, ой еркіндігін пайдаланып өткенді біріңғай қаралауға, қоғам дамуының объективті, диалектикалық заңдылықтарын ескермей, біржақты ой-пікірлер түйіндеп, осыдан ұпай жинап, ұтысты көздеушілер де баршылық. Соның бір парасы кезінде қазақ әдебиетінің белді тұлғалары болған, классик жазушылар Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқановтың шығармашылық тұлғалары мен көркем мұраларына қатысты онды-солды, артық-кем айтылып жатқан қаралау, жазғыру, бірыңғай күйе жағу тенденциясының қылаң беріп, орныға бастауында.

Кезінде Сәкентанудың негізін қалаған, Мәскеуден «Тамаша адамдар» циклінен «Сәкен Сейфуллин» деген ғұмырнамалық кітап жазған ғалым Тұрсынбек Кәкішев мұндай артық айтылған негізсіз байламдарға құрылған теріс пікірлерге батыл тойтарыс берген еді. Ғалым өзінің дәлел-дәйектерін құрғақ эмоцияға құрмай, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов тұлғаларын олардың өмір сүрген дәуірлерімен тұтастықта қарастырып, қоғамның жалпы болмысын, өзіндік сипатын, трагедиясын бүкпей, жасырмай, қоғам трагедиясын, жеке бас трагедиясының эволюциясын, заман қайшылығын, оның жеке тұлғаға тигізген зіл батпан жүгі мен ауырлығын байыпты сипатына жүйе-жүйесімен жүлгелі ой құнарлы пікірлері мен тарата сабақтаған болатын.

Бүгінгі таңда Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов шығармашылығына қара күйе жағылып, олардың шығармашылығын мектеп бағдарламаларынан алып тастауды ұсынатындар бар. Баспасөздерде, әлеуметтік желілерде әдебиетші Бақытжамал Қанарбаева мен Елдос Тоқтарбайлардың сұхбаттары дәлел. Аталған тұлғаларға қарсы белгілі Сәкентанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Күләш Ахметова әдеби, ғылыми тұрғыда байсалды жауап беріп, тойтарыс беруде.

Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов шығармашылығын оқытқанда шығармаларында кездесетін таптық, идеологиялық көзқарастарын, дәуір рухымен сабақтас келетін тұстарын жасырмай, ашық айтып, оның авторларының сол кездегі коммунизм идеологиясына шын көңілдерімен сенгенін, мәселе олардың осы сенімдерінде емес, мәселе олардың өз халқына шын бақыт, мұрат іздегенінде, түптің түбінде өз халқының ізгі мұраттарға, бақытқа жетсе екен деген тілектеріне баса көңіл бөлгізу қажет! Олардың басындағы трагедия жеке трагедия емес, заманның, дәуірдің трагедиясы еді.

Сәбит Мұқанов өз дәуірімен бірге жасасқан, оның төл перзенті еді. Өз заманының төл перзенті ретінде оның жетістігі болса, бірге иеленді, адасса бірге адасты, қателесе, бірге қателесті. Қоғамның трагедиясы, оның да трагедиясы болды. Ол коммунизмге сенді. Халқы үшін жанын ойламады. Халқымның алдынды борышым шаш етекпендеп, халқы үшін көп нәрсе бергісі келді.

Сәбит Мұқановтың сан салалы туындылар ішінен тек прозалық шығармаларының басты-бастыларын ғана іріктеп, екшеп алатын болсақ, кеңес классикасының алтын қорына асыл қазына боп кірген, «Ботагөз» романынан аяқталмаған «Аққан жұлдыз» дилогиясына дейінгі (ойы тетрология жазу еді ғой!). Әдебиетші ғалым З.Қабдоловтың: ««Теміртас» пен «Есілде», «Мөлдір махабат» пен «Сырдарияда», «Біздің заманның

батырлары» мен «Балуан Шолақта», «Өмір мектебі» мен «Тыңдағы толқындарда» тұтас алғанда күллі қазақ қоғамының, жеке-дара лап алсақ, қазақтардың ғасырлық тұлғасын сомдап соқты»[1,57], – деген орынды пікірі, ойымыздың айқын дәлеліндей. Бұл орайда, Кенестік дәуірде өмір сүріп, классик жазушы атанған сөз зергері Ғабит Мүсірепов өз тұстасы Сәбит Мұқановке мынадай баға берген еді: «Сәбит тарихтан алатын ерекше орны-егіз саламен келіп, бір арналған құятын еңбегінің нәтижесі. Сол екі ерекше қасиеті. Оның бірі- әдебиет қасына қосқан шығармалары болса, екіншісі-қазақ совет әдебиетінің қозғалысынан ұйымдастыру, басқару жағындағы еңбегі» [2,6].

Ал Сәкен мен Сәбит тұлғасына байланысты ғалым Т.Кәкішев: «Әр адамның өз амандығы үшін қолынан келгенді жасауға талаптануын ғайбаттану әрине кейінгерлерге, әсіресе басына іс түскендер үшін опоңай Сәкненің де, Сәбиттің де тарих алдындағы трагедиясы коммунистік идеалға ойланбай сенуден туғанын ашық айту керек. Сәкен иілмей, шұбаланбай мерт болды. Сәбит көрер тегерімін мықтап көрді, өзгеге де көрсетті. Әйтеуір, қазақ әдебиетінің бақытына аман қалды» [3,73],– дей келе: «Совет өкіметі құралғаннан бері біздің көптеген зерттеушілеріміз, публицистеріміз, әсіресе, партиягерлікпен даурығып жүргендеріміз таптық идиологияны насихаттаушы Сәкен, Тұрар, Сәбит деп қыр сондарынан қалмай, көрінген жерде байбалаш салып жүр. Қазақ халқын басқа елдермен терезесін тең етеміз, мәдениетін марқайтамыз деп марксизм-ленинизм туы астына кіріп, сатылып соқпағандар некен-саяқ. Тіпті, алаш азаматтарының ішінен советке іш тартқандары да бар»-деп, ой түйеді [4,7].

С.Сейфуллин, С.Мұқанов шығармашылығының сол кездегі қазақ көркем сөзіне қосқан зор үлесін, шығармаларының көркемдік қасиетіне баса көңіл аудару қажет. С.Сейфуллиннің 1914 жылы Қазан қа-

ласында шыққан «Өткен күндер» жинағына кірген өлеңдердің Абай Құнанбайұлының көркемдік дәстүріндегі шығармалар екенін баса ескерту қажет! С.Сейфуллиннің өлең техникасына Абайдан кейінгі жаңалық енгізуші ақын екенін айту керек! (Абайда «Сегіз аяқ», «Алты аяқ»).

Әдебиеттерге шолу. Қабдолов З.Тандамалы шығармалар, Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы, Кәкішев Т.Сәбит пен Мағжан түйіні, Кәкішұлы Т.Әдебиетіміздің Қазбегі мен Эльбрусы, Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы, Мұқанов С.Тағлымы: Әдеби-сын мақалалар сынды зерттеу еңбектері.

Әдістер. Мақала тақырыбын зерттеу ба-рысында салыстыру, анализ-синтез, талдау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар.С.Сейфуллинде қазақтың силлабикалық (буын) өлең жүйесіндегі тоникалық (екпін) сипатқа баруы («Советстан», «Асау тұлпар», «Экспресс»)[5].

Қазақ өлеңдерінің негізгі құрылысы ән әуенге, саз ырғағына бейімделгендіктен интонациялық принцип көбіне тақпақтап, түйіп-түйіп айтуға іш тартып тұрады.

Зырла, экспресс, үш зырла!

Жұлдыздай-ақ құлдыра!

Құйындай құтыр, бұлдырла!

Аямай жүгір бәрің де[6,17]! – деген өлеңінің бар динамикасы дауыс екпініне құрылады да, өлең ұйқасы екінші қатарға көші-ріліп, айтар ой ақырғы жол өзгешелігінен табылып отырады.

Егер мінсе – шыдасын!

Қорқақтар мейлі жыласын.

Шыдамаса құласын!

Аямай сілте барыңды[6,17]! – деп жігерлі түйінделеді. Аралас буынды өлеңнің ежелгі құрылысы сақталғанымен де дауыс ырғағы бірінші планға шығып, жаңа леп пайда болады.

Силлабикалық өлең жүйесіне тониканың ырғағын енгізу талабы Сәкен поэзиясында ерте басталған. 1915 жылы жазған «Жазғы

сәтті түрлерге жеткізіп, халықтың эстетикалық талғамын қалыптастыруға жәрдемін тигізеді. «Советстан» мен «Сыр сандыққа» еліктеушілер өте көп болды.

Сәкен Сейфуллин қазақ поэзиясының қыр-сырын жетік біліп, сөз құдіретін еркін меңгерген.

Қара жерден асқан асып ұшайық,
Жерді, аспанды біріктіріп құшайық.

Аспан, жерді қуыршақтай қапсырып,

Алып қолға ырқап-шайқап қысайық дегендегі өр рух пен бейнелі образ көрінген ақынның қиялына келе бермейтіні белгілі. Аспандағы қызыл жұлдызды жердің сәніне айналдыру ниетінің өзі қандай өрелі болса, жер мен көкті қуыршақтай ойнатудың інжу-мар-жандарын Сәкеннен көп табамыз, өйткені ол, «тұла бойы тұнған ақын» (Ғ.Мүсірепов). М.Әуезов ойымен түйіндесек, «Сәкеннің ақындық асула рында әр жотадан атой бергендей, тәкәббар сөз үндері «жабы емеспіз тұлпармыз», «құладін емес сұңқармыз» деп бұрынғы өткен тарихқа, бүгінгі оянған табына дабыл ұрады. Оның шығармаларына біткен сезімнің барлығы да айқын, ашық. Тұтас бітімді, жоталы тұлғадан туатын көрнекті бүтіндігі бар сезімдер. Оның шыншылдығы қозып, жанып отыратын, буы бүлініп тұрған барынша шын сезім, шын жүрек шыншылдығы. Сондықтан мұның жолы әр адымын санап басқан кісінің жолы емес, ылдиды бар, өрі бар – шын өмір жолы, ыстық қанды нағыз Ақын жолы. Тегінде мағыналы, өрісті, көш бастар, белге шығар үлкен еңбек туса осындай қайнар көзден шығуға ылайық» деген кемеңгер ой Сәкен Сейфуллиннің ұлы ақындығын айғақтай түсіп, әдебиеттегі орнын айна қатесіз белгілейді.

Сәкен Сейфуллиннің әңгіме-повестеріндегі ұлттық дәстүр, салт, этнографиялық сипатқа назар аудару керек («Сол жылдарда», «Қыр әңгімелері»). Ақынның ұлттық сипаттағы «Тау ішінде», «Біздің жақта», «Ақсақ киік», «Аққудың айырылуы» шығармаларына тоқталу. «Қызыл ат» поэмасының

астарындағы ақын ойы, көзқарасы, сыны. С. Сейфуллиннің 1922 жылы Орынборда басылып шыққан «Асау тұлпар» жинағы қазақ поэзиясына жаңалық әкелген туындылардан құралған. Жинаққа енген «Асығып тез аттандық», «Қызыл ерлер», «Жолдастар», «Жұмыскерлерге», «Біздің тұрмыс – экспресс», «Қара айғыр» өлеңдерінде өмірге енген жаңалықтарды, жаңа заманның көрсеткіші болып табылатын: пойызды, ұшақты, экспресті, жұмысшы табын ерекше шабытпен жырлаған. Жинаққа енген «Тау ішінде», «Біздің жақта», «Қашқынның ауылы», «Шөлде» өлеңдерінде Анненковтың азап вагонынан қашып шыққан Сәкен Сейфуллиннің туған жерге, кең далаға деген сүйіспеншілігі, еркіндікті, бостандықты аңсауы жырланған.

С. Сейфуллиннің шығармаларында символға айналған: асау тұлпар, қызыл сұңқар, аққу, домбыра, экспресс, альбатрос, сыр сандық, толқын бейнелері бар. Осылардың ішінде ақынның «Көкшетау» поэмасында, «Жемістер» повесінде, «Аққудың айырылуында» шығармасында сұлулықтың, тазалықтың идеалы ретінде алынған бейне – аққу. Әсіресе, Сәкеннің гуманистік көзқарасын көрсететін «Аққудың айырылуы» шығармасында бірінсіз-бірі тірлік ете алмайтын аққу құстардың барша қасиеті махаббаттың, сүйіспеншіліктің идеалы ретінде асқақтата суреттелген.

С. Сейфуллиннің ақындық поэзиясының биік шыңы – «Көкшетау» поэмасы. Поэма «Көкшетау», «Қалмақ қызы», «Әнші ақындар», «Қазіргі Көкшетауда» деген төрт бөлімнен, 47 тараудан тұрады. Поэманың тоғыз шумақтан тұратын прологы эстетикалық көркемдігімен, мағынасының тереңдігімен ерекшеленсе, таудың аңызын баяндайтын «Жеке батыр» тарауы үш шумақтан тұрады. Поэманың ең негізгі бөлімі қазақ-қалмақ қарым-қатынасының бір оқиғасын суреттеуге арналған.

Бұл орайда, біз Сәбит Мұқановтың әдебиеттану ғылымындағы орасан еңбек-

терінің бірі – 1942 жылы жарық көрген «Қазақтың XVIII-XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер» атты зерттеу кітабын[7,2] атап өтуге болады. Яғни Шортанбай Қанайұлының мұрасын ғана емес, азаттықтың жыршысы Махамбет Өтемісұлын тануда С.Мұқановтың еңбегі зор екендігін атап өтуге болады. Сонымен қатар С.Мұқанов Абай мен Шоқан мұрасы туралы да ұзақ жылдар бойы іргелі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ол монографиялық еңбектері «Жарқын жұлдыздар» деген атпен 1961 жылы жеке кітап етіп бастырып шығарғаны белгілі. Әрі Ыбырай Алтынсаринге қатысты ғылыми ой-тұжырымдарын да қаламгер осы өзінің «Жарқын жұлдыздар» зерттеу еңбегіне енгізген болатын. Автор: «...аз жыл ғана жасаған Шоқан екі мақсатына жете алмай кетті: бірі – жазушы болу, екіншісі – қазақ арасында орыс мектептерін ашу. Осы екі мақсаттың біреуін аз түрінде, біреуін мол түрінде, қоғамдық майданға Шоқанның із-өкшесін баса шыққан Ыбырай Алтынсарин іске асырды»[8,5], – деген болатын.

Қорытынды. Алаш тұлғалары атылып кеткен кезде С.Сейфуллин совет әдебиеттануында олардың еңбектерін жалғастырған іс басында табылды. Отызыншы жылдары келесі кітаптарын жариялады: «Қазақтың ескі ауыз әдебиет нұсқаларынан» (1931), «Батырлар жыры» (1933). Сәкен ұлт мұрасы деген концепты саясаттан жоғары қойып А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлы-

ның ұстанымын тоталитарлық кезде қайта жаңғыртқанын айтып өту керек. Төте жазумен шыққан «Тар жол тайғақ кешуде» (Қызылорда, 1927) автор Алашорданың негізгі ұстанымдарын сынаған болып, Алаш саяси элитасының отаншылдық бейнелері сипаттаған. С.Сейфуллин ауыз әдебиеті жанрларын[9,3] Алаш әдебиетшілері сияқты былай жүйелеген: 1) ертектер; 2) салт өлең-жырлары; 3) дін салтынан туған өлең, тақпақ, жырлар; 4) мал туралы және «қадірлі жануарлар туралы» әңгіме, өлең, жырлар; 5) жастық ойын-күлкі өлең тақырыптары; 6) билер сөздері. «Батырлар әңгімесі» мен «Ертедегі жырлы әңгімелер» деп эпосты атаған.

Ал С. Мұқановтың Шоқан Уәлихановқа арналған «Аққан жұлдыз» роман-дилогиясын[10,7] тұлғаның мәңгілік бейнесін халық жадында сақтайтын рухани ескерткіш деп танығанымыз жөн. Роман-дилогияның 1-ші кітабында Шоқанның дүниеге келуі, оның балалық шағы, Омбыдағы Кадет корпусында оқығаны жөнінде, 2-ші кітабында Шоқанның генерал-губернатор Гасфорттың адъютанты болып қызмет кеткен кезі мен ағартушылық-демократиялық қызметі туралы баяндағаны белгілі. Сайып келгенде, бұл күндері асыл есімдеріне көлеңке түсіргісі келген зерттеушілер, ең алдымен, қос дүлдүлдің қазақ әдебиетінің тарихына қосқан орасан зор үлесін танып, жоғары деңгейде бағалағаны нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Радбиль, Т. Б. (2021). «Псевдоценности» в современном отечественном медийном дискурсе: опыт лог1.
1. Қабдолов, З. (2003). Таңдамалы шығармалар (2-т.). Алматы.
2. Мүсірепов, Ғ. (1970). Суреткер парызы. Алматы.
3. Кәкішев, Т. (1992). Сәбит пен Мағжан түйіні. Сарыарқа, (2), 73.
4. Кәкішұлы, Т. (2002). Әдебиетіміздің Қазбегі мен Эльбрусы. Қазақ әдебиеті, (9), 7.
5. Сәкен Сейфуллин жайлы. (б.ж.). Әдебиет порталы. <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2498>
6. Сейфуллин, С. (2004). Көп томдық шығармалар жинағы (2-т., Өлеңдер). Алматы: Қазығұрт.
7. Мұқанов, С. (1990). Тағылымы: Әдеби-сын мақалалар. Алматы: Жазушы.
8. Мұқанов, С. (1957). Таңдамалы шығармалар (5-т., Сырдария). Алматы: Қазмемкөркемәдеббас.
9. Сейфуллин, С. (1964). Шығармалар жинағы (6-т.). Алматы: Жазушы.
10. Мұқанов, С. (2021). Аққан жұлдыз. Нұр-Сұлтан: Foliant.

NAVIGATING THE INTERSECTION OF TRADITION AND INNOVATION IN FAMILY EDUCATION

Ali Gunes

PhD, University of New York

E-mail: aligunes@unyt.edu.al

(Tirana, Albania)

Abstract. This paper examines some key points concerning family education at the intersection of tradition and innovation, which signifies dynamic and evolving approaches to cultivating and guiding the next generation. The paper will argue that new perspectives in family education are needed to balance the rich heritage of cultural, societal, and familial traditions with the need to adapt and embrace innovative strategies that cater to the changing dynamics of the modern world. In doing so, the paper will first focus on the sustainability of core cultural values, as well as on identity politics and the sense of belonging constructed within the family. Secondly, it will examine how families should balance tradition and innovation by having their children adapt to modern challenges with innovations. In this case, they may allow their children to integrate with technology and innovations, which tailor education to individual learning styles, recognising that each child may have unique needs and preferences. Thirdly, the paper will argue how communication and open dialogue are vital in family education, not only facilitating understanding of each other's perspectives and bridging the gap between traditional and modern approaches but also allowing for the exchange of ideas, with older generations imparting wisdom and younger generations contributing fresh perspectives. Finally, the paper will discuss challenges and opportunities in family education by finding a middle ground to resolve the generational conflict, in which children may be taught that innovations should respect cultural values and norms to ensure they align with the family's identity.

Keywords: family education, tradition, culture, innovation

Андатпа. Бұл мақалада дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысында отбасылық тәрбиенің кейбір негізгі тұстары қарастырылады. Ол келесі ұрпақты тәрбиелеу мен бағыттаудағы динамикалық әрі дамып отыратын тәсілдерді білдіреді. Мақалада отбасылық тәрбиеде жаңа көзқарастардың қажеттілігі дәлелденеді: яғни мәдени, қоғамдық және отбасылық дәстүрлердің бай мұрасын сақтаумен қатар, қазіргі әлемнің өзгермелі жағдайларына бейімделетін инновациялық стратегияларды қабылдау қажеттігі. Біріншіден, мақалада негізгі мәдени құндылықтардың тұрақтылығына, сондай-ақ отбасы шеңберінде қалыптасатын тұлғалық сәйкестік пен бірегейлікке назар аударылады. Екіншіден, отбасылар балаларын қазіргі заманның сын-қатерлеріне бейімдеу үшін дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіріп, инновацияларды қол-

дануы қажет екендігі қарастырылады. Бұл ретте балаларға технология мен инновацияларды игеруге мүмкіндік беріп, әр баланың жеке қажеттіліктері мен қалауына сәйкес білім беруді бейімдеу көзделеді. Үшіншіден, мақалада отбасылық тәрбиеде қарым-қатынас пен ашық диалогтың маңызы атап өтіледі. Олар әртүрлі көзқарастарды түсінуге, дәстүрлі және заманауи тәсілдердің арасындағы алшақтықты азайтуға, сондай-ақ аға буынның даналығын жеткізіп, жас буынның жаңа идеяларымен бөлісуіне жол ашады. Соңында, мақалада отбасылық тәрбиедегі сын-қатерлер мен мүмкіндіктер қарастырылып, ұрпақтар арасындағы қақтығысты шешудің ортақ жолын табу қажеттілігі айтылып, инновациялар мәдени құндылықтар мен нормаларды құрметтеу арқылы отбасылық бірегейлікпен үйлесуі тиіс деген қорытынды жасалады.

Тірек сөздер: отбасылық тәрбие, дәстүр, мәдениет, жаңашылдық

Аннотация. В данной статье рассматриваются ключевые вопросы семейного воспитания на пересечении традиции и инновации, что отражает динамичные и развивающиеся подходы к формированию и воспитанию подрастающего поколения. В статье утверждается, что в семейном воспитании необходимы новые перспективы, которые позволят сохранить богатое наследие культурных, социальных и семейных традиций и в то же время адаптироваться к современным условиям с использованием инновационных стратегий. Во-первых, внимание уделяется устойчивости базовых культурных ценностей, а также вопросам идентичности и чувства принадлежности, формируемым в семье. Во-вторых, рассматривается, как семьи должны балансировать традицию и инновацию, помогая детям справляться с современными вызовами с помощью новшеств. В этом случае детям может быть позволено интегрироваться с технологиями и инновациями, которые адаптируют образование к индивидуальным стилям обучения, учитывая, что у каждого ребенка есть свои уникальные потребности и предпочтения. В-третьих, в статье подчеркивается важность коммуникации и открытого диалога в семейном воспитании, которые способствуют пониманию различных точек зрения, преодолению разрыва между традиционными и современными подходами, а также обеспечивают обмен идеями: старшее поколение передает мудрость, а молодое вносит свежие перспективы. Наконец, рассматриваются вызовы и возможности семейного воспитания, подчеркивается необходимость поиска компромисса для разрешения межпоколенческого конфликта, где детям прививается понимание того, что инновации должны уважать культурные ценности и нормы, чтобы они соответствовали семейной идентичности.

Ключевые слова: семейное воспитание, традиция, культура, инновация

Introduction. The world has profoundly changed and continues to change without stopping as to perceptions, meanings, culture, politics, economic situations, and digital and AI technologies. So does the perception of family structure, functions, and duties in tandem with incessant innovations. In such a fast-paced world with never-ending perception shifts, a dynamic and changing strategy for assisting and guiding the next generation is a pivotal issue in

family education concerning how to keep the continuity between tradition and innovation and train and prepare young children for their future in society (Eisenstadt, 1986; Haynie, 1995; David, 2018; Booth-LaForce, & Kerns, 2009). Family is the smallest unit and cornerstone of a society for its sustainability. Hence, the integrity of a family is of utmost importance for any society in every aspect. One of these aspects is family education, which allows a

child to get his/her first education and begin his/her identity development by emulating parents and siblings, as well as manners, attitudes and cultures practised at home. In a period of constant shifts, however, perspectives about family education also transform and evolve into new views and approaches.

Literature review. These new views and approaches have divided scholars, critics, and policymakers into camps. On the one hand, those who stick to traditional family education, values and cultures are worried about assimilation and devaluation of family ideals because of changes, innovation and technological developments that have led to the emergence of different types of family models, such as nuclear family, single parent, childless family, stepfamily, and partnership and so on (Day, 2010 and Lamanna & Riedman, 2012). These critics argue that the breakdown of traditional family structure will have several adverse effects, and thus, children, among many others, can often face problems in education. A functional family structure tends to provide children with better education and prepares them to create and sustain the stability of society in the future. On the other hand, those who take sides with innovation, technological developments, and globalisation argue that change in life is inevitable and will continue without stopping. Hence, it is necessary to adopt and adapt to changes and innovations for the sake of family and society. This approach entails striking a balance between the rich legacy of societal, cultural, and familial customs and the requirement to adjust and adopt cutting-edge tactics that consider the shifting dynamics of the contemporary world (Hoover-Dempsey & Sandler, 1997; Ziehl, 2003).

Methods and Materials. The paper will argue that the navigation of the intersection of tradition and innovation in family education or new perspectives in family education is needed to balance the rich heritage of cultural, societal, and familial traditions with the need to adapt and embrace innovative strategies that cater to

the changing dynamics of the modern world. In doing so, the paper will first focus on the sustainability of core cultural values, as well as on identity politics and the sense of belonging constructed within the family. Secondly, it will examine how families should balance tradition and innovation by having their children adapt to modern challenges with innovations. In this case, they may allow their children to integrate with technology and innovations, which tailor education to individual learning styles, recognising that each child may have unique needs and preferences. Thirdly, the paper will argue how communication and open dialogue are vital in family education, not only facilitating understanding of each other's perspectives and bridging the gap between traditional and modern approaches but also allowing for the exchange of ideas, with older generations imparting wisdom and younger generations contributing fresh perspectives. Finally, the paper will discuss challenges and opportunities in family education by finding a middle ground to resolve the generational conflict, in which children may be taught that innovations should respect cultural values and norms to ensure they align with the family's identity.

Discussion. As a basic unit, the family forms the basis of society with its tremendous and multifaceted functions and plays a crucial role in maintaining social order. Healthy family units contribute to a robust, stable, and sustainable society. The family is where individuals learn fundamental values, moral principles, and social norms. This is important for maintaining the common value system of society, ensuring the continuity of core values through tradition, and passing on the cultural heritage to the next generation so that every society, policymakers, NGOs, and other related groups strive to maintain family integrity and heterogenous marriage. In a traditional society, the family is regarded as a school where children start to take their first lessons,

imitate their parents and siblings, and prepare themselves for the future. Among many others, there are two essential functions of a traditional family, even though these functions are, in fact, still relevant in different ways. The first one is that family practices allow a child to develop a sense of identity and belonging, fostering a strong family bond and shared history with the broader society. As Azaniah Israel (2023) argues, “We all know that our families are the first and most important social group that we belong to. They are the ones who teach us the basic norms and rules of society, who provide us with love and support, and who influence our choices and preferences” (para. 2). Within this “social group”, the children feel connected to the family and secure and confident. Family teaches them loyalty, altruism, and values at home. Then, they enter society with these acquired values, practices, and habits. Hence, a smooth link occurs between family and broader society, which allows children to enter society as accepted, grown-up individuals.

The second function of a traditional family is to provide a sense of cultural continuity within families, passing down values, customs, and beliefs from one generation to the next. Ancestrum Team states:

Cultural heritage is crucial in shaping family structure, encompassing traditions, values, customs, and rituals passed down through generations. While family structures may have evolved, cultural heritage remains an anchor that connects individuals to their roots and provides a sense of identity, belonging, and continuity. Families often find innovative ways to integrate cultural heritage into their modern family structures, combining old traditions with new adaptations (The Importance of Family in Preserving Cultural Identity, 2023)

The quotation stresses the importance of a robust “family structure” to preserve and pass on the cultural heritage from one generation to the next without stopping so that the family, as a paramount unit of society, establishes a sense

of continuity and linkage between the past and the future because the cultural heritage is what gives a society identity and makes it different from other societies; it is a way of life, practices, behaviours and attitudes, which enable a society to gain uniqueness, integrity and sustainability. What is also essential in the quotation is that the family evolves cultural heritage through “innovative ways” and integrates “cultural heritage into their modern family structures, combining old traditions with new adaptations.”

of individuals. [8] In the linguistic picture of the world, a special place is occupied by relationships between people, and numerous words express the most subtle shades of human feelings and attitudes toward each other in different situations through endearing or affectionate expressions. [9] Thus, endearment terms, as linguistic reflections of emotional culture, embody the Kazakh worldview and national consciousness.

Language, therefore, becomes a key medium through which these cultural values are transmitted. It not only expresses affection but also encapsulates a nation's emotional and ethical framework. In the case of B. Nurzhekeev's *Oh, Life*, endearment terms serve as significant cultural markers that reveal the emotional connections within Kazakh families. The novel vividly portrays intergenerational relationships and everyday expressions of love between parents, children, and grandchildren—each enriched with culturally specific endearments. However, when translated into English, many of these terms risk losing their emotional depth and cultural resonance.

This study situates itself within this linguistic and cultural framework, exploring how the Kazakh endearment terms found in *Oh, Life* are rendered in the 2018 English translation. By examining these instances, the research aims to identify how effectively the translation preserves the original meanings and emotional nuances of the Kazakh expressions and to what extent the cultural identity encoded in these terms is conveyed to the English-speaking reader.

Discussion. One of the most culturally significant and emotionally charged Kazakh endearment terms found in B. Nurzhekeev's *Oh, Life* is the word “жаным”, which literally translates as “my soul.” This expression is deeply embedded in Kazakh linguistic and cultural consciousness, serving as one of the most common and powerful terms of affection in everyday speech. It can be addressed to a lover, a child, a friend, or even a relative,

reflecting a unique fusion of emotional

closeness, tenderness, and spiritual connection.

Table 1.

Original	Translation
<i>«Жанымсың!» деген құдіретті үн жанын да, тұла бойын да – бәрін аймалап, бәрін еркелетіп, Шәйімен санаспай бара жатты.</i>	<i>“The power of the word ‘my soul’ enchanted her and she was happy”</i>
<i>Мені қызғанған жүрегіңнен айналдым, жаным! Жақсы көрмесең, қызғанбас едің ғой, жаным!?</i>	<i>That’s how you are jealous, darling! If you didn’t love me, would you be jealous?”</i>

The word “жаным” conveys more than just endearment; it embodies the warmth, compassion, and spiritual intimacy that characterize Kazakh expressions of love. Literally meaning “you are my soul,” the term reflects a deep emotional bond that transcends physical affection. In Kazakh, the soul (жан) is viewed not only as the seat of emotion but also as the essence of a person’s being. Therefore, calling someone жаным expresses a sentiment of complete emotional attachment, implying that the person addressed is as dear and vital as one’s own soul.

In the translation, the cultural and emotional depth of the original expression is only partially conveyed. While the literal meaning is retained, the emotional resonance is diminished. In English, my soul is rarely used as a term of endearment; it may sound archaic, overly poetic, or even religious rather than affectionate.

The translator’s decision to preserve the literal meaning, though faithful to the source, results in a subtle loss of naturalness and intimacy in the target language. In the second example, the English version, replaces “жаным” with darling, a culturally appropriate but semantically narrower term. The English darling expresses affection and tenderness but lacks the spiritual depth and existential intimacy that жаным carries. In Kazakh discourse, жаным merges love and compassion with an almost sacred emotional closeness — it can simultaneously mean “my soul,” “my dear,” and “my life.”

Another frequently used and culturally rich Kazakh endearment term in Oh, Life is “айналайын” (aynalayın), which appears in various emotional and communicative contexts. This expression, common in Kazakh everyday speech, does not have a direct equivalent in English.

Table 2.

Original	Translation
<i>Аузыңа май, айналайын! Бақытты бол.</i>	<i>Let it be, dear! Be happy!</i>
<i>Сөйте ғой, айналайын! Шалым шауып кетер ме екен, көңілін бір көтеріп тасташы!</i>	<i>Of course, please do it! Let your song inspire us, sing for all.</i>

The word “айналайын” is among the most affectionate and emotionally layered expressions in the Kazakh language. While often translated as “dear” or “darling” in English, these equivalents fail to capture its full range of meaning and emotional nuance. Aynalayın does not simply convey warmth

or love; it expresses profound tenderness, compassion, and selfless devotion.

Etymologically, the term originates from an ancient shamanic practice. The word literally means “I circle around you.” In ancient times, shamans would walk in circles around a sick person, symbolically taking on the illness and

then driving it away. Similarly, parents were known to circle their yurt while praying for their child’s recovery, metaphorically offering to take on the child’s suffering. Over time, this act evolved into a verbal expression — *aynalayın* — signifying a willingness to bear another’s pain out of deep love and care. [6]

Thus, when a Kazakh person says *айналайын*, it is not merely an affectionate phrase but a declaration of emotional sacrifice and unconditional care — “I would take your pain upon myself.” In *Oh, Life*, the use of *айналайын* by older family members toward

younger ones, or between individuals who share emotional intimacy, reflects this deeply rooted cultural concept of selfless affection and intergenerational warmth.

However, in translation, this cultural and emotional richness is significantly reduced. Renderings such as “dear” or “please” in the English version make the text accessible but fail to convey the spiritual and sacrificial undertone of the original. The English reader perceives a tone of politeness or mild affection, whereas in Kazakh, *айналайын* conveys an intense emotional connection that reflects the speaker’s love, empathy, and protective instinct.

Table 3.

Original	Translation
<i>Құдай кәріні алса, алдымен мені алар еді, қарағым.</i>	<i>"If God takes the old, he would take me first, my dear," said Shayi.</i>
<i>Қайран қарағым-ай!</i>	<i>"Oh, my dear!"</i>
<i>Әуре боп қайтесіңдер, қарағым. Ел басқарған көсем емеспін, сөз бастаған шешен емеспін, көп кемпірдің бірімін.</i>	<i>Omitted</i>

As explained in dictionary, the word “қарағым” is most often used by elders when addressing younger people — especially children or youths — as an expression of warmth, care, and affection. [literally derives from the word eye and can be interpreted as “my eye” or “my eyesight.” This origin highlights the metaphorical idea that the addressee is as precious as one’s own eyes, symbolizing deep love and emotional attachment.

In everyday Kazakh communication, “қарағым” functions not only as a tender address but also as a marker of protection and compassion. When someone says “қарағым”, it conveys a complex mixture of meanings — affection, empathy, endearment, and even a subtle expression of moral guidance. Parents often use it when speaking to their children, and elders may use it toward young people as a sign of both love and gentle authority. The

expression thus operates within a culturally specific framework of hierarchical respect combined with familial intimacy.

In translation, however, the emotional and cultural nuance of “қарағым” is difficult to convey. English equivalents such as my dear or my darling reproduce the affectionate tone but fail to capture the embedded social hierarchy and intergenerational respect implied in the original. While my dear sounds polite and caring, it lacks the cultural resonance of the Kazakh term, which simultaneously expresses both affection and the wisdom of age. The simplest way to translate such culturally loaded words is through transcription or transliteration, but these methods can be effectively applied only to proper names. Otherwise, the meaning of the word would be understood solely by native speakers, and the cultural depth of the term would be lost for the foreign reader. [10]

Conclusion. The analysis of endearment terms in B. Nurzhekeev's *Oh, Life* reveals that these expressions are far more than markers of affection — they are linguistic reflections of Kazakh culture, worldview, and emotional identity. Words such as *жаным* (my soul), *айналайын* (my dear / I circle around you), and *қарағым* (my eye / my dear child) carry deep cultural meanings rooted in historical, spiritual, and familial traditions. Each term embodies not only emotional warmth but also moral values, respect, and a sense of belonging that define interpersonal relationships within Kazakh society.

The English translation of *Oh, Life* demonstrates the inherent challenges of rendering such culturally embedded expressions into another language. Literal translations, while faithful to form, often fail to convey the emotional resonance and symbolic depth that these endearment terms hold for native speakers. Conversely, natural-sounding English equivalents such as *dear* or *darling* communicate affection but cannot fully capture the cultural and spiritual nuances encoded in the Kazakh originals. This tension between semantic accuracy and cultur-

al fidelity underscores the complexity of translating emotionally and culturally rich language.

The case study highlights that the translator's task extends beyond linguistic transfer — it involves mediating between two worldviews. The translator must decide whether to preserve the foreignness of the Kazakh text, maintaining its cultural distinctiveness, or to domesticate it for the English-speaking reader, ensuring readability and emotional coherence. In the case of *Oh, Life*, some of the emotional subtleties and cultural connotations of Kazakh endearment terms inevitably diminish in translation, reflecting the broader issue of cultural loss in cross-linguistic communication.

Ultimately, this study shows that translating Kazakh endearments requires not only linguistic competence but also cultural sensitivity and interpretive depth. These expressions form part of the nation's intangible heritage, encapsulating centuries of collective emotion and social ethics. Therefore, future translation efforts — whether literary or linguistic — should aim to preserve both the semantic meaning and the cultural soul of such terms, ensuring that the emotional essence of the Kazakh language continues to resonate across linguistic boundaries.

References

1. Nurzhekeev, B. (2018). *Oh, life!* Astana: Astana-Personal.
2. Grzaśko, A. (2015). On the semantic history of selected terms of endearment. *Linguistics Beyond and Within (LingBaW)*, 1(1), 104–118.
3. Khalil, A. A. A., & Larina, T. V. (2022). Terms of endearment in American English and Syrian Arabic family discourse. *RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics*.
4. Abydkhanova, B. A., Akkaliyeva, A. F., & Koilybaeva, A. N. (2024). National linguistic principles as the foundation of child upbringing. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 146(1), 22–32.
5. Dosova, A., & Ispandiyarova, A. (2020). The linguistic representation of the concept “child.” *Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Philology Series*, 2(72).
6. Daribaeva, A. A., Tanabaeva, G. U., Shukurova, M. B., & Korganbaeva, M. Zh. (2021). Emotional concepts “Ainalayin,” “Karagym,” “Kalkam” in Kazakh linguoculture. *Achievements of University Science*, 96–98.
7. Kuraluly, A. (2007). *Encyclopedic dictionary of traditional Kazakh culture*. Almaty: Sozdik-Slovar.
8. Umarova, G. S., & Bozbaeva, A. G. (2019). The worldview of the Kazakh people in linguistics and literary studies. *Russistics and Modernity*, 113–118.
9. Alishova, M. K. (2016). Methods of rendering diminutive and endearing words in Kyrgyz and English. *Scientific Almanac*, 63–66.
10. Selyukova, D. P., & Ignatyuk, G. N. (2021). Translation of words with diminutive and endearing suffixes from Russian into English. *Gzhel State University*.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Смагулова Нургул Каирбековна

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

Smaghulova13@mail.ru

(Көкшетау, Қазақстан)

Андатпа. Мақалада оқушылардың зерттеушілік қабілетін дамыту жолдары мәселесі қарастырылған. Инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдістердің аясында оқу-зерттеу қызметі ерекше орын алады. Мақалада зерттеушілік дағды қалыптастыру жұмыстары бастауыш мектептен жақсы жолға қойылуы өте маңызды екені айқындалған. Себебі дәл осы жастағы оқушыларға белсенді, шығармашылық және өзіндік іс-әрекеті, талдау, синтездеу және олардың нәтижелерін бағалау әдістері туралы білімнің, дағдылардың негізі қалануы керек екені сараланған. Зерттеу жұмысы - бұл мәселені шешудің маңызды жолдарының бірі екендігі нақтыланған. Сондықтан оқушыларды «зерттеуші» позициясына қоятын әрекет қазіргі заманғы білім беру жүйелерінде жетекші орын алады. Оқу-зерттеу іс – әрекеті-бұл оқушылардың, зерттеу дағдыларын, білім алушы үшін субъективті жаңа білім мен іс-әрекет болып табылатындығы айқындалған.

Тірек сөздер: зерттеушілік, дағды, талдау, синтез, өзіндік іс-әрекет, шығармашылық, білім беру, бағалау әдістері.

Аннотация. В статье рассматривается проблема развития исследовательских способностей учащихся. В рамках инновационных педагогических технологий и методов учебно-исследовательская деятельность занимает особое место. В статье подчеркивается важность формирования исследовательских навыков начиная с начальной школы. Показано, что именно в этом возрасте необходимо заложить основу активной, творческой и самостоятельной деятельности, навыков анализа, синтеза и оценки результатов. Подчеркивается, что исследовательская работа — один из важных способов решения данной проблемы. Деятельность, которая ставит учащихся в позицию «исследователя», занимает ведущее место в современных системах образования. Учебно-исследовательская деятельность рассматривается как субъективно новое знание и деятельность для учащегося, способствующие формированию исследовательских навыков.

Ключевые слова: исследование, навык, анализ, синтез, самостоятельная деятельность, творчество, образование, методы оценки.

Annotation. The article explores the issue of developing students' research abilities. Within the framework of innovative pedagogical technologies and methods, educational research activities hold a significant place. The paper highlights the importance of fostering research skills from primary school. It is emphasized that during this stage, it is crucial to lay the foundation for active, creative, and independent activities, as well as skills in analysis, synthesis, and evaluation. It is confirmed that research work is one of the key methods to address this issue. Activities that position students as «researchers» play a leading role in modern educational systems. Educational research activity is defined as subjectively new knowledge and action for learners, contributing to the development of research skills.

Keywords: research, skills, analysis, synthesis, independent activity, creativity, education, evaluation methods.

Кіріспе. Түркі әлемінің ойшылы Жүсіп Баласағұнның: «Білім – адам баласының ортақ қазынасы» деген терең пікіріне зер салып, ой түйсек терең мән бар. Бүкіл адамзат баласының ғылымды игеріп, жаңалықтар ашып, әлемнің жұмбақ сырларын ашқаннан бері де талай ғасыр өтті. Бүгінде біз, ақпараттық технологияның қарыштап дамыған заманында өмір сүріп жатырмыз. Ақпараттың молдығы сондай, қабылдау мен түйсінудің өзі адам баласына көп күш түсіруде. Ал осындай заманның жас өскінін қалай оқытамыз, халық даналығына бой салсақ, «жақсыға үйретеміз, жаманнан жирендіреміз». Бұл бүгінгі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен міндет.

XXI ғасырдың алғашқы ширегін еңсеріп тастаған бүгінгі қоғам білім беру саласында нені жоғалтты, нені қайтадан тауып алды, не іздеп жүр деген мәселе көпті ойлантары сөзсіз. Халықтың рухани бай мұрасы әдеби мұра. Ата-бабамыздың артына қалдырған осы бір байлығы арқылы ұрпақты тәрбиелеу керек екені айдан анық. Тек материалдық игілік алға шыққан мына заманда рухани құндылықты қалай жас ұрпақтың бойына сіңіреміз деген сұрақ үлкен проблемаға айналып отырғаны шындық.

Бүгінгі қоғамда шығармашыл, белсенді, дербес ойлайтын, өзіндік пікірі бар, қойылған мақсаттар мен міндеттерді қалыпты емес жағдайда шеше алатын адамдарға қажеттілік артып келеді.

Сондықтан қазір білім беруде оқу – тәрбие үрдісінің сапасын арттыру үшін жағдай жасау мәселесі кеңінен талқылануда, игі бастамалар қолдау тауып жатыр.

Әдістер. Мақалада қолданылған әдістер сауалнама жүргізу; ғылыми және әдістемелік әдебиеттерді талдау, оқушылармен, өзге пән әріптестерімен әңгімелесу, нәтижелерді статистикалық өңдеу. Оқушының ақпараттарды іріктеуі, көркем әдебиет пен ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді іріктеп, қолдануы, салыстыру арқылы

дәлелді тұжырым жасауы сияқты іздендіру, зерттеушілік дағдысын қалыптастыру мәселелері жүйеленді.

Нәтижелер. Мектеп оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуды әрқырынан отандық педагог ғалымдар мен әдіскер ғалымдар: Ш.Т. Таубаева [1], Н.С. Амелина [2], З.А. Исаева [3], Р.С. Рахметова [4], Қ. Аймағамбетова [5], Ү.Б. Жексенбаева [6], А.Е. Жұмабаева [7], т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Инновациялық педагогикалық технологиялар мен әдістердің аясында оқу-зерттеу қызметі ерекше орын алады. Бұл жұмыстың бастауыш мектептен жақсы жолға қойылуы өте маңызды, өйткені дәл осы жастағы оқушыларға белсенді, шығармашылық және өзіндік іс-әрекеті, талдау, синтездеу және олардың нәтижелерін бағалау әдістері туралы білімнің, дағдылардың негізі қалануы керек.

Зерттеу жұмысы - бұл мәселені шешудің маңызды жолдарының бірі. Оқушыларды «зерттеуші» позициясына қоятын мұндай әрекет қазіргі заманғы білім беру жүйелерінде жетекші орын алады.

Белгілі философ ғалым Е. Нысанбаевтың пікірінше, табиғат және оның зерттелу процесі адамның табиғатын ашуға әкеліп соқты. Адамның зердесі өзінің ұшан теңіз мүмкіндігімен, шығармашылық қабілетімен танылды. Зердені ғылыми негізде түсіну табиғаттың сырын ашуға, әсіресе жаратылыстанудың негіздерін дамытуға, таным теориясын адам өмірінің кейбір салаларымен байланыстары зерттеуге жол ашты [8,145]. Себебі зерттеушілік іс-әрекет адамның тікелей зердесі, яғни ақыл-ойының дамуымен байланысты. Адамның дүниеге қатынасының негізін қоғам өмірінің қилы бұрылыстарын, қайшылыққа толы жолдарымен байланыстыра түсінуге адамзат табиғатына тән ойлау процесі ғана маңызды болып табылады. Қоғамдағы қандай болмасын сол мәселені зерттеу қажеттігі туындайды.

Оқу-зерттеу іс-әрекеті – бұл оқушыларды мақсатты, белсенді, мотивациялы және саналы болуға жетелейтін арнайы ұйымдастырылған, танымдық шығармашылық қызмет, оның нәтижесі танымдық мотивтерді, зерттеу дағдыларын, білім алушы үшін субъективті жаңа білім мен іс-әрекет болып табылады.

XXI ғасырдағы қазақ елінің білім беру жүйесі де өркениет көшінен қалмай, дамудың басым бағыттарын негізге алып, оқыту мазмұнына жаңа талаптарды алға мақсат етіп қойып, жаңарулар мен өзгерістерге бет бұруда. Білім берудегі жаңалықтардың басында Алаш зиялыларының оқу-ағарту саласындағы ойлары, ғылыми тұжырымдары, көзқарастары, еңбектері көш бастап тұрары сөзсіз.

Қазіргі білім беруде жаңартылған білім беру мазмұнын да Алаш ағартушыларының оқу құралдары, оқулықтары, оқу-әдістемелік еңбектері мен зерттеулеріндегі ойлармен үндесіп жатқандығын ғалымдар дәлелдеуде. Алаш ардақтыларының еңбектеріндегі құнды пікірлердің бірегейі – төл тілімізде оқыту, әсіресе, балаларға бастауыш сыныпта туған тілінде білім беру мәселелері.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы А. Байтұрсынов XX ғасырдың басында белсенді танымдық әрекеттің рөлін өте жоғары бағалады. Ғалым: «бала білімді тәжірибе арқылы өзі-өзінен алу керек. Мұғалімнің қызметі оның білімнің, шеберлігінің керек орны өзі-өзінен алатын тәжірибелі білімнің ұзақ жолы қысқару үшін, ол жолдан балалар қиналмай оңай оқу үшін керек білімін кешікпей кезінде алып отыру үшін, балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзеп отыру керек», - деген пікір білдірген [9, 336]. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін дамытуда оқушының мүмкіндігін ескеріп, оқу-зерттеушілік іс-әрекетін ғылыми-зерт-

теушілік іс-әрекетке ұштастыруда ғалым пікірін басшылыққа алуға әбден болады.

XX ғасырдың басында М. Дулатов «жас балаларды оқыған нәрсесі хақында ойлануға, оның мағынасын, қасиетін сездіруге үйрету жолын көрсеткен. Балалар оқыған нәрсесін бір-біріне ұйқастырып ойлануына, оқып шыққаннан кейін жадында ретті һәм толық мағынасымен қалдыруға әдеттендіру керек, - деп түйіндейді [10, 239]. Бұдан автордың бүгінгі күнгі бастауыш сыныптарда сыни ойлауға үйрету деген ұғымның іргетасын қалаған деген пікірді ұстанамыз.

Сонымен қатар М. Жұмабаев өзінің еңбегінде ой қорытудың екі жолын талдап көрсеткен болатын. «Индукция – ойдың дербес көріністерінен жалпы көріністерге көшуі. Жалқы ойдан жалпы ойды шығару. Индукция арқылы заттар, көріністер арасындағы байламға қарай топ-топқа бөлеміз. Бұл - бір. Екінші – біз аз ғана бақыланған заттар, көріністер арқылы бақыланбаған, көрмеген, білмеген сансыз заттар, көріністерді шешеміз» - дей келіп, «Дедукция» ойдың жалпы заңнан дербес бір көрініске көшуі. Жалпы ойдан жалқы ой шығаруы, - деп анықтаған [11, 108]. Бұдан автордың ой еңбегінің екі жолын көрсеткенін, олардың бірінен бірінің туындайтынын ескере отырып, зерттеушілік іс-әрекетте екі жолды да пайдаланатылатынын атап өтуге болады. Ал Ж. Аймауытовтың ойынша, білімге деген ынталанушылық – адам бойындағы ой еңбегі күшінің қайнар көзі, сондай көздерді көбірек алу, өркендету - мұғалімнің бойына біткен қасиет болуы керек [12, 95]. Ұлтымыздың ұлы ағартушыларының зерттеушілік іс-әрекетке байланысты пікірлерін саралай отыра, бұл мәселе қай кезеңде де өзекті болғанын тануға болады.

Талқылау. Бүгінгі күні оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін мұғалім мақсатқа сәйкес төмендегідей мәселелерді қарастыруы керек. Бастауыш сыныптарды оқыту әдістемесінде:

1. Мақсаттылық және жүйелілік. Зерттеу дағдыларын дамыту бойынша жұмыс сабақта да, сабақтан тыс уақытта да жүргізілуі керек.

2. Мотивация. Оқушылар өздерінің талантарын, қабілеттері мен мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін өзіндік шығармашыл іс-әрекеттерін тани білу керек.

3. Жас ерекшеліктерін ескеру. Зерттеу қызықты және пайдалы болуы керек. Зерттеу жұмысының барлық кезеңдері бастауышыны оқушысы үшін қол жетімді деңгейде құрылуы керек.

4. Психологиялық ахуал туғызу. Мұғалім әр балаға өзіне сенуге, өзін жақсы жағынан көрсетуге, қиындық туып жатса қолдау көрсетуге, бір-біріне көмектесуге мүмкіндік беруі керек.

5. Мұғалімнің тұлғасы. Зерттеу жұмысының нәтижелі болуы үшін өз жұмысына шығармашылықпен қарайтын, жаңа форматты, ізденгіш биік мақсаттарға ұмтылатын жоғары білімді мұғалім қажет.

6. Шығармашылық орта. Мұғалім шығармашылық, жұмыс атмосферасын құруға ықпал етеді.

Оқушыларды зерттеу жұмысына дағдыландыру келесі аспектілерді қарастырады:

- зерттеу әдістерін меңгеру және оларды мектеп бағдарламасының кез келген пәндерінің тақырыптарын оқу кезінде пайдалану мүмкіндігі;

- белгілі бір мектеп пәндеріне және қоршаған әлемді және жалпы шындықты тану процесіне қызығушылықты дамыту мүмкіндігі;

- алынған білім мен дағдыларды өз қалауы мен мүдделерін іске асыруда қолдану мүмкіндігі.

Кез-келген зерттеу жұмысы бірнеше кезеңнен тұрады.

* мәселені белгілеу (немесе негізгі мәселені бөліп көрсету),

* таңдалған проблемамен байланысты теорияны, оның зерттелу дәрежесін зерделеу;

* зерттеу болжамын ұсыну,

* әдістерді таңдау және оларды практикалық тұрғыда игеру,

* өзіне қажет материалды жинау,

* оны талдау және жалпылау,

* өз тұжырымдарын сараптау,

* орындалған зерттеуді таңдалған (талап етілетін, стандартты) нысанда ұсыну (таныстыру).

Бұл зерттеу қызметінің ажырамас бөлігі, оны жүргізу нормасы болып табылады. Бұл біреудің жасанды талабы емес, зерттеу кезеңдерінде адамның ойлау жүйесі, «шындықты іздеу», интеллектуалды өнім ретінде жаңа білім құру бойынша ақыл-ой әрекеттерінің дәйектілігі болып табылады. Зерттеудің жеке кезеңдерінің «жоғалуы» оның қисыны мен тұтастығын бұзады. Компоненттердің біреуінің шамадан тыс, пропорционалды емес, негізсіз өсуі зерттеу жұмысының сапасын арттырмайды.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру кезінде мұғалім мынадай дағдыларды қалыптастыру үшін жұмыс істеуі керек:

1. Өз жұмысын ұйымдастыра білу (Жұмыс орнын ұйымдастыру, жұмысты жоспарлау).

2. Зерттеушілік іскерліктер мен білімдер (зерттеу тақырыбын таңдау, зерттеу кезеңдерін жоспарлау, ақпаратты іздеу, мәселені шешу әдістерін таңдау).

3. Ақпарат көздерімен жұмыс істей білу (интернет, сөздіктер, энциклопедиялар, ғылыми мақалалар, балалар газеттері мен журналдары, мектеп оқулықтары, телебағдарламалар, кино және мультфильмдер және т. б.)

4. Өзінің шығармашылық жұмысының нәтижелерін ұсына білу, сөз сөйлеушінің сөйлеуіне қойылатын талаптарды орындау,

сөз сөйлеуді сауатты құру, жұмыстарды (жобаларды) қолжазба, баспа, электрондық, көркемдік немесе басқа да нұсқаларда рәсімдеу).

Мұғалім балалардың алынған ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін дамытуға көп көңіл бөлуі қажет. Нақты тоқталатын болсақ, мәтіндерді өңдеу, негізгі, маңызды материалды бөліп көрсету және оны логикалық түрде құру, кестелер, модельдер, диаграммалар құру, белгілі тұлғалардың дәйексөздерін ойды нақтылау мақсатында қолдана білуге, шығармашылық жұмысының нәтижелерін дәлелді түрде ұсыну т.б.

Зерттеу қызметі бірнеше мәселелерді шешеді: дербестікті дамытады, пәнге деген қызығушылықты оятады; қолда бар ақпаратты сыни тұрғыдан түсінуге, оны бағалауға байланысты дағдыларды дамытады. Осылайша, зерттеу дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүйесі оқушыны ғылымға икемдеуге мүмкіндік береді және оқушының қабілеттерін дамытудың бастауы бола алады.

Сабақ барысында зерттеу дағдыларын қалыптастырудың негізгі жолы – оқытудың проблемалық тәсілін қолдану. Проблемалық жағдайларды жүйелі түрде құру оқушылардың танымдық іздеу қызметін ынталандырады. Бұдан шығатын нәтиже қалыпты емес мәселелерді дербес шешу, салыстырмалы талдау және оқушы өзі шығаратын қорытынды болып табылады. Сонымен қатар, мәселені өз бетінше шешу білім алушыны шабыттандырады, олардың ерікті күш-жігерін жұмылдырады, танымдық процесті тартымды және маңызды етеді. Сондай-ақ барлық сыныптарда ойын сәттерін, сырттай саяхаттарды, ертегілерді немесе басқа ойын-сауық материалдарын енгізу пайдалы.

Бастауыш сыныптарда көптеген балалар қандай пәнге қызығушылық танытатынын немесе оқу материалын оңай меңгеретінін

біледі, сондықтан олар зерттеу тақырыбын өздері таңдай алады. Мұғалім оларды шамамен сауалнама жүргізу арқылы дұрыс таңдауға бағыттауы керек:

- Саған ең қызықтысы не?
- Сен бірінші кезекте немен айналысқың келеді?
- Бос уақытыңда сен немен жиі айналысасың?
- Сенде қандай пәндер бойынша жақсы бағалар бар?
- Мен не туралы көбірек білгім келеді?
- Сен немен және кіммен мақтанар едің?

Оқушылардың зерттеушілік біліктері мен дағдыларын дамыту белгілі бір мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Сондай-ақ оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру және сол арқылы оқытудың тиімділігін арттыру, жаңа білім алу әдістерін меңгеру үшін де зерттеушілік дағдыларының қалыптасқаны тиімді болып табылады. Оқушыларға арналған мұндай сабақтар өзін-өзі бағалауды арттырады, бұл тең серіктестікте қарым – қатынастың басқа стилі, жағымды эмоциялар, өзін жаңа зерттеуші ретінде сезіну т.б. Мұның бәрі оларға шығармашылық қабілеттерін дамытуға, білімнің рөлін бағалауға және олардың практикада қолданылуын көруге, әртүрлі ғылымдардың өзара байланысын сезінуге, дербес және тақырыпқа қатысты мүлдем басқа көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық іс-әрекет жүйесі әр оқушының бойына әмбебап білім, білік, дағды, жауапкершілік сезімін, сондай-ақ өмірлік маңызды көзқарасты қалыптастыруға бағытталған: икемді, шығармашыл, тапқыр, сынды қабылдай алатын, жоспарлай, зерттей, тәжірибе жасай алатын қабілеттілік дамытуға тиісті. Осындай тәсілмен оқушылар сыныпта проблемаларды шешу дағды-

ларын өздері қалағандықтан алады, ал біреу оларға қажет деп шешкендіктен емес. Тек осы тәсілмен ғылыми-зерттеу жұмыстарын білім беру сапасын жақсарту құралы ретінде қарастыруға болады, оқушы үшін шынымен пайдалы, оның зерттеу тақырыбына деген қызығушылығын оятып, оған шынайы зияткерлік қанағаттану әкеледі.

Қазақ тілі мен әдебиет пәні баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың құнарлы өрісін білдіреді: интеллект, қиял, сөйлеу және шығармашылық қабілеттері дамиды, жаңа технологиялар оқушылардың тілдік, әлеуметтік-мәдени және басқа да құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға, шығармашылық, әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеуге белсенді ықпал етуге көмектеседі.

Төмендегі әдістер, жаттығулар және ойын тапсырмалары зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Олар қол жетімді, тиімді және оларды әртүрлі жас деңгейлерінде қолдануға болады.

1. «Басты ой» оқыту ойыны - тезис.

Тезистеу зерттелетін дереккөздің мазмұны туралы толық түсінік береді. Жұмыстың бұл түрі мәтінді оқу кезінде жеке жазбалар жасауды қамтиды, көбінесе ең жарқын идеялар мен тұжырымдар қағаз бетіне түседі. Ойынның мақсаты-мәтінге тезистер құруды үйрену, басқа авторлардың тезистік жұмыстарын сыни бағалау, шапшаң жұмыс істеу, өз іс-әрекеттерін бағалау. Бұл жаттығу жоғары сынып оқушыларын оқытуға бағытталған.

2. «Әлемге басқалардың көзімен қараңыз» тапсырмасы.

«Әр түрлі кейіпкерлердің атынан аяқталмаған әңгімелердің жалғасы» әдістемесі, бұл құбылысқа әртүрлі көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Мұғалім балаларға аяқталмаған оқиғаны оқиды. Мысалы, орта мектепте мұғалім жасөспірімнің атынан әңгіме

және әр түрлі кейіпкерлердің - ата-ананың, жасөспірімнің атынан әңгімені жалғастыруды ұсынады, сонымен бірге оқиғаның соңын ойлап табады, яғни шешім қабылдау арқылы мәтіннің кейіпкерін таңдайды.

Барлық осы әдістер, жаттығулар мен ойын тапсырмалары зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеу дағдыларын қалыптастырудың екінші тәсілі-мектеп оқушыларының зерттеу жұмысының кең таралған түрлерінің бірі ретінде жоба әдісін қолдану. Дәлірек айтқанда, бұл дағдыларды дамытудың жолы. Зерттеу дағдыларына ие болмағандықтан, жобаны сәтті орындау мүмкіндігі туралы айту қиын.

Тек жоба немесе зерттеу қызметінің басқа түрі ғана тақырыпты таңдау, оның өзектілігін, жаңалығын анықтау, жұмыс кезеңдерін жоспарлау, талаптарға сәйкес жұмысты жобалау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жобаны қорғау барысында презентациялық дағдылар қалыптасады және дамиды. Сонымен қатар монологтық сөйлеу, көрнекі құралдарды пайдалану, аудиторияны игеру сияқты дағдылары қалыптасады.

Қорытынды. Бұдан бүгінгі күні білім берудің басты мақсаты оқушыларды біліммен қаруландыру емес, оларда жалпы оқу біліктілігі мен дағды, құзіреттіліктерді қалыптастыру, басты міндеті оқушы тұлғасының жан-жақты, үйлесімді дамуы үшін жағдай туғызу деген түйін шығара аламыз. Ол үшін әрбір баланың қандай да бір өзіне тән қабілетін ашып және дамыта түсу керек. Барлық баланың табиғатынан зерттеуші болуға, оқуға және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылысы жоғары болғандықтан, бала қабілетін ашу және дамыту құралдарының бірі, біздің ойымызша, зерттеушілік әрекет болып табылады.

Халқымыздың ардақты перзенті М.Әлімбаевтың : «Шәкіртке ұстаз болу – ірілік, ұстазға ұстаз болу – ұлылық» деген ғибратты ойы ұстаздар қауымына үлкен міндет жүктейтінін ескерсек, оқытушы ғылым мен білімді қатар ұстап, өзінің ғылыми әлеу-

етін, әдістемелік шеберлігін үнемі шыңдау үстінде болғаны дұрыс. Ғылыми ізденістің нәтижелерін дәріс пен практикалық сабақ жүргізуде тиімді пайдалана білу оқытушының үлкен жетістігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Таубаева, Ш. Т. (2017). Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы. Алматы.
2. Амелина, Н. С. (1982). Учебно-исследовательская деятельность студентов педвуза (автореф. ... канд. пед. наук). Киев.
3. Исаева, З. А. (1989). Формирование у студентов университета профессиональной готовности к организации исследовательской работы со школьниками. Астана.
4. Рахметова, С. (2005). Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы.
5. Аймағамбетова, Қ. (2003). Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқыту теориясы мен технологиясы. Алматы.
6. Жексенбаева, Ү. Б. (2005). Оқушыларды зерттеу жұмыстарына баулу: әдістемелік құрал. Алматы.
7. Жұмабаева, А. Е. (2008). Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқыту. Алматы.
8. Нысанбаев, Н. Ә., және т.б. (1999). Қысқаша философия тарихы. Алматы.
9. Байтұрсынов, А. (1992). Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі.
10. Дулатов, М. (1991). Шығармалары. Алматы: Мектеп.
11. Жұмабаев, М. (1992). Педагогика. Алматы: Ана тілі.
12. Аймауытұлы, Ж. (1995). Психология. Алматы.

АГРАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ДАЯРЛАУДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Баекеева Шарбану Толыбайқызы

«Қазалы аграрлы-техникалық колледжі» КМҚК директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары

(Қазалы, Қазақстан)

Абдрахманова Мадина Жомартқызы

PhD Candidate in Education, MSc in Education

Nazarbayev University

E-mail: sh_baekееva@mail.ru

(Астана, Қазақстан)

Аннотация. Бұл мақалада аграрлық бағыттағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы стратегиялық міндеттері қарастырылады. Зерттеу барысында дуальді оқыту жүйесінің тиімділігі, материалдық-техникалық базаның жаңартылу деңгейі, педагог кадрлардың кәсіби дамуы, әлеуметтік серіктестік және цифрлық трансформация сияқты факторлар жан-жақты талданды. Мақалада отандық заңнамалар мен ресми деректерге сүйене отырып, қазіргі жағдайда аграрлық колледждердің кадр даярлау сапасын арттыру жолдары мен өзекті мәселелері сараланып, нақты ұсыныстар берілді. Зерттеу нәтижелері аграрлық салада еңбек нарығына бейімделген құзыретті мамандар даярлауға бағытталған тиімді стратегиялық шешімдер қабылдауға негіз бола алады.

Тірек сөздер: аграрлық білім, техникалық және кәсіптік білім, дуальді оқыту, кадр даярлау, әлеуметтік серіктестік, бәсекеге қабілеттілік.

Abstract. This article examines the strategic objectives of agricultural vocational and technical education institutions in training competitive specialists. The study provides an in-depth analysis of factors such as the effectiveness of the dual education system, the level of modernization of material and technical resources, the professional development of teaching staff, social partnership, and digital transformation. Based on national legislation and official data, the article identifies current challenges and outlines pathways for improving the quality of personnel training in agricultural colleges. The research findings can serve as a foundation for making effective strategic decisions aimed at preparing competent professionals aligned with the demands of the labor market in the agricultural sector.

Keywords: agricultural education, technical and vocational education, dual training, personnel training, social partnership, competitiveness.

Аннотация. В данной статье рассматриваются стратегические задачи учреждений технического и профессионального образования аграрного направления по подготовке конкурентоспособных специалистов. В ходе исследования подробно проанализированы такие факторы, как эффективность дуальной системы обучения, уровень обновления материально-технической базы, профессиональное развитие педагогических кадров, развитие социального партнёрства и цифровая трансформация. На основе отечественного законодательства и официальных данных в статье выявлены актуальные проблемы и пути повышения качества подготовки кадров в аграрных колледжах. Результаты исследова-

ния могут послужить основой для принятия эффективных стратегических решений, направленных на подготовку компетентных специалистов, адаптированных к потребностям рынка труда в аграрной сфере.

Ключевые слова: аграрное образование, техническое и профессиональное образование, дуальное обучение, подготовка кадров, социальное партнёрство, конкурентоспособность.

Кіріспе. Қазақстан экономикасының маңызды салаларының бірі — аграрлық сектор, оның тұрақты дамуы мен өнімділігін арттыру тікелей түрде осы салаға қажетті білікті кадрлардың сапасына байланысты. Елдегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі, соның ішінде аграрлық бағыттағы оқу орындары, ауыл шаруашылығы өндірісінің қажеттіліктеріне сай бәсекеге қабілетті, кәсіби даярланған мамандарды дайындау ісінде ерекше орын алады.

Қазіргі таңда еңбек нарығының жылдам өзгеруі, агротехнологиялардың жанаруы, цифрландыру үдерісінің тереңдеуі аграрлық мамандықтар бойынша білім беру мазмұнын үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Бұл ретте аграрлық колледждер мен техникалық оқу орындарының алдына стратегиялық сипаттағы жаңа міндеттер қойылуда. Атап айтқанда, білім беру процесін практикамен тығыз байланыстыру, өндірістік серіктестікті нығайту, заманауи оқу-әдістемелік базаны қалыптастыру, педагогтардың кәсіби құзыретін арттыру және түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін көтеру басты назарда.

Осы мақалада аграрлық бағыттағы кәсіптік білім беру ұйымдарының алдында тұрған стратегиялық міндеттер қарастырылады. Сондай-ақ, бәсекеге қабілетті маман даярлаудың өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары талданып, тиімді тәжірибелер мен ұсыныстар ұсынылады.

Әдебиетке шолу. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесі елдің экономикасы мен әлеуметтік дамуы үшін білікті мамандар даярлауда маңызды рөл атқарады.

Аграрлық бағыттағы кәсіптік білім беру жүйесі бойынша жүргізілген ғылыми зерт-

теулерде кадр даярлау сапасын арттыру, білім мазмұнын еңбек нарығы талаптарына бейімдеу, оқу-өндірістік байланысты нығайту мәселелері кеңінен талқыланады. Бұл салада отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері маңызды теориялық және әдістемелік негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаттары мен міндеттерін нақтылап, оқу үдерісінің тәжірибемен байланысын нығайтуды көздейді [1]. Аталған заңда кәсіби білім беру жүйесінің еңбек нарығы сұраныстарына сәйкестігін қамтамасыз ету, өмір бойы білім алу принциптері бекітілген.

Сонымен қатар, «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2022 жылғы жаңартылған редакциясы) білім беру ұйымдарында құзыреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асыруды және практикалық машықтарға басымдық беруді міндеттейді [2]. Бұл стандарт аграрлық сала мамандарын даярлауда өндірістік оқытудың маңызын арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, «Жас маман» жобасы аясында аграрлық бағыттағы колледждерге заманауи жабдықтармен қамтылып, 180 колледждің базасында жаңа оқу-өндірістік орталықтар құрылуда [3]. Бұл жоба түлектердің жұмысқа орналасуын жеңілдетіп, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған [4].

Аталған заңнамалық және стратегиялық құжаттар білім беру жүйесін еңбек нарығына жақындатуға, сапалы маман даярлауға негіз болатын маңызды құралдар болып та-

былады. Отандық ғалымдар мен сарапшылардың зерттеулерімен қатар бұл құжаттар аграрлық бағыттағы кәсіптік білім беру ұйымдарының алдында тұрған стратегиялық міндеттерді айқындауға мүмкіндік береді.

Аграрлық салаға бағытталған кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру мәселелері отандық және шетелдік зерттеушілердің назарында. Бұл саладағы зерттеулердің басым бөлігі ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау сапасын арттыру, білім беру бағдарламаларын еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіру және оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу тақырыптарын қамтиды.

Е.Ж. Тұрсынбаев пен А.Қ. Жанғожиннің еңбектерінде аграрлық колледждердегі дуальді оқыту жүйесінің тиімділігі мен практикаға бағдарланған оқыту тәсілдерінің артықшылықтары көрсетілген. Зерттеушілер агроөндіріс кешеніне қажетті жұмысшы мамандарды даярлауда жұмыс берушілермен әріптестік байланыстарды орнатудың маңыздылығына тоқталады [5].

А.Б. Мырзахметова мен Ж.К. Саттарованың еңбектерінде аграрлық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде оқыту мазмұнын жаңғырту қажеттілігі, оқу құралдарын цифрландыру, заманауи агротехнологияларды меңгерту мәселелері жан-жақты қарастырылады [6].

Аграрлық бағыттағы кәсіптік білім беру жүйесі бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулерде кадр даярлау сапасын арттыру, білім мазмұнын еңбек нарығы талаптарына бейімдеу, оқу-өндірістік байланысты нығайту мәселелері кеңінен талқыланады.

Айтпаева А.Б. кәсіптік білім беруде әлеуметтік әріптестіктің тетіктерін жетілдіру қажеттілігіне назар аударады. Автордың пікірінше, оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастық тек өндірістік тәжірибемен шектелмей, білім беру бағдарламаларын бірлесіп жасау, түлектерді жұмысқа орналастыру және кәсіби стан-

дарттарды әзірлеу бағытында тереңдеуі тиіс [7].

Ахметова Г.К. техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғыртудың өзекті мәселелерін қарастыра отырып, колледждердің материалдық-техникалық базасының тозуы, педагог кадрлар тапшылығы және заманауи оқу әдістерінің жеткіліксіз енгізілуі секілді факторларды атап өтеді. Ол білім беру жүйесін еңбек нарығының нақты сұраныстарымен ұштастырудың маңыздылығын көрсетеді [8].

Ниязова А.С. аграрлық бағыттағы білім беру саласында педагогикалық инновацияларды қолдану тәжірибесін сипаттап, оқытудың заманауи технологияларын енгізу агробілім сапасын арттырудың басты құралы екенін дәлелдейді. Ол цифрлық ресурстар мен интерактивті оқыту тәсілдерінің болашақ мамандардың құзыреттілігін дамытудағы рөлін айқындайды [9].

Сонымен қатар, Елубаева Ш.К. педагог кадрлардың кәсіби даму мәселесіне тоқталып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде үздіксіз оқыту мен тәжірибелік семинарлар өткізудің қажеттілігін негіздейді. Автор педагогтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында өндірістік оқыту мен әдістемелік шеберлікті үйлестіруді ұсынады [10].

Халықаралық аспектіден қарағанда, Джумашева Г.К. мен Уразалиева М.С. аграрлық білім беруді «жасыл экономика» талаптарына сәйкестендіру аясында Қазақстандағы жағдайды талдай отырып, білім беру мазмұны мен әдістерін тұрақты даму қағидаттарына бейімдеудің қажеттігін ұсынады. Олар аграрлық саладағы кадрларды экологиялық ойлау мен инновациялық тәсілдерге үйретудің маңыздылығын атап өтеді [11].

Сондай-ақ, Нургожаева Д., Каримов Б. және Мухамбетова К. өз еңбектерінде Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік дамуын талдайды. Авторлар бұл саладағы құрылымдық реформалар, басқа-

ру тетіктерінің өзгерісі және мемлекеттік саясаттың әлеуметтік-экономикалық әсерлері туралы баяндай отырып, білім беру жүйесінің қоғаммен байланысын әлеуметтанулық тұрғыда зерделейді [12].

Аталған зерттеулер мен ғылыми еңбектер аграрлық бағыттағы кәсіптік білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды аспектілерін аша отырып, білім беру сапасын арттырудың ғылыми негізін қалайды және салалық колледждердің стратегиялық даму бағыттарын анықтауға көмектеседі.

Зерттеліп отырған мәселелерге қатысты халықаралық тәжірибе де назардан тыс қалмауы тиіс. OECD техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі мұғалімдер мен көшбасшылардың рөліне арнайы талдау жасап, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқытушылардың заманауи білім беру технологияларын игеруі және басқару қабілеттерін дамыту мәселелерін алдыңғы қатарға қояды [13].

ЮНЕСКО мен ILO секілді халықаралық ұйымдардың техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы ұсынымдарында білім беру мазмұнын еңбек нарығымен үйлестіру, өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін кеңейту және жас мамандардың бейімделу қабілетін арттыру жолдары көрсетілген [14].

Халықаралық еңбек ұйымы (ILO) «Skills for a Greener Future» баяндамасында техникалық және кәсіптік білім берудің экологиялық бағыттағы мамандықтармен үйлесу қажеттілігіне тоқталады. Авторлар климаттық өзгерістер мен жасыл экономика жағдайында еңбек нарығына бейімделген жаңа үлгідегі мамандар даярлаудың маңыздылығын баса көрсетеді [15].

Сонымен қатар, European Training Foundation (ETF) Еуропа мен Орталық Азиядағы өтпелі экономика жағдайындағы аграрлық кәсіптік білім беру жүйелерін зерттей келе, осы елдерде маман даярлаудың стратегиялық бағыттарын, ауыл шаруашылығы колледждерінің халықаралық

стандарттарға бейімделу тәжірибесін сипаттайды [16].

Бұл еңбектер аграрлық бағыттағы кәсіптік білім беруді реформалау және жаңғырту барысында халықаралық тәжірибеге сүйенудің маңыздылығын көрсетеді. Сонымен қатар, олар Қазақстандағы ТЖКБ жүйесін дамытудың тиімді жолдарын іздестіруде, аграрлық бағыттағы кәсіптік білім беру ұйымдарының стратегиялық міндеттерін айқындауға, сондай-ақ бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау ісін тиімді ұйымдастыруға теориялық және әдістемелік негіз бола алады.

Зерттеу әдіснамасы. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – аграрлық бағыттағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жолындағы стратегиялық міндеттерін анықтап, оларды іске асыру жолдарын талдау. Зерттеу барысында сапалы білім беру моделін қалыптастыруға ықпал ететін факторлар, мемлекеттік саясаттың бағыттары, нормативтік-құқықтық құжаттар және практикалық тәжірибелер жан-жақты қарастырылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін жүйелік, салыстырмалы және аналитикалық талдау тәсілдері құрайды. Бұл тәсілдер білім беру жүйесінің құрылымдық элементтерін, басқару тетіктерін, заңнамалық негіздерін және кадр даярлау үрдісінің ерекшеліктерін кешенді бағалауға мүмкіндік берді.

«Айқын» газетіне берген сұқбатында қаламгер: «Әркімді әртүрлі жайлар толғандырып жүреді емес пе? Мені әр ғасырлардағы қазақ әйелінің көрген бейнесі қашанда бей-жай қалдырған емес. Осы жылдарға дейін, яғни жиырма жыл «Қазақстан әйелдері» журналында қызмет істедім. Осы журналда еңбек еткен кездерім мені қай нәрсеге болса да әйелдің мүддесі тұрғысынан қарауға үйретті. Мені әсіресе, сонау қилы кезеңдердегі, қоғамда орын алған зобаланды кезеңдердің ең алдымен әйелге қасірет болып тигендігі көп толғандыратын» [1,4].

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында журнал редакциясы «Азаттық жолындағы алғашқы құрбандар» атты жаңа айдар ашып, жазықсыз атылып кеткен Алаш арыстарының жұбайлары туралы мақалалар жариялап отырады. Сол мақалаларға байланысты белгілі тарихшы Мұрат Әбдіров Ресейдің Сібір хандығын қалай отарлағаны туралы материал әкеліп жариялмақшы болады. Жауапты хатшы ретінде мақаламен толыққанды танысқан Ш.Бейсенова материалдағы Сүзге ханым туралы дерек өте қатты қызықтырады.

Сүзге ханым деген кім еді?

Сібір хандығын құрушылар, билеушілер қыпшақтардан болатын. Аталған хандықтың соңғы ханы Көшім болатын. Хандықтың негізгі құрамы да қыпшақтардан құралған болатын. Ресей елі отарлау саясатын алыс елдерден бастағаны белгілі. Сібір хандығына қайта-қайта шабуыл жа-

сап, одан қалды іштен ірітіп, Көшім ханның ордасы шауып, ханның ұрпақтарын, туысқандарын Ресейге құлдыққа жібереді. Көшім хан алғашында соғыса жүріп, Сібірдің ең түкпіріне қарай шегінеді. Ал соңғы кішілікке алған әйелі - қыпшақ қызы Сүзге ханның бұрынғы қонысында қалып қояды. Жазалаушы отряд Сүзгенің де түбіне жетеді. Ш.Бейсенованы Сүзге бейнесі қатты қызықтырып, ұзақ уақыт материал жинап, нәтижесінде «Сүзгенің соңғы күндері» [2,240] атты хикаят жазып шығады.

Әдістер. Кең көлемді жанрдың бір түрі – хикаят туралы іздестіргенімізде біз екі жерден кездестірдік. З.Ахметов пен Т.Шаңбаев құрастырған «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» кітабында «Хикаят (повесть) – романнан кіші, әңгімеден үлкен шығарма. Ол баяндау түрінде қара сөзбен жазылады. Бұл - эпикалық проза жанрының бір түрі» [3,116] деп баға бресе, академик С.Қасқабасов «Қазақ прозасының тарихы» еңбегінде былай деп келтіреді: «Хикаят (Әпсана) (парсы, апсанс – аңыз, араб. Хикаят - әңгіме) – қазақ фольклорлық прозасының жанры. Бұл терминді орыс, Еуропа әдебиеттерінде қалыптасқан легенде - ұғымының баламасы» [4,35] деп анықтама береді.

Екі анықтама да бір-бірімен байланысты, өмірде болған оқиғаның баяндалуы туралы ұғым береді.

Нәтижелер. Шығарманың кірспесіне автор «...Жаным – арының садағасы» - деп білетін барша ізгілік пен мейір-шапағаттың негізі – ұлы аналар рухына тағзым» эпиграф жазып, тарихи кезеңде де ұлылығын паш етіп, қайсарлығын қара балтадай көрсеткен Сүзге ханымның ерлігін паш еткен. Шығарманың бастауынан-ақ Сүзгенің өз басынан гөрі иесі, Көшім ханды ойлап сергелдеңге түскенін ұғамыз. «Сүзге ханым тұла бойын зіл басқандай еңсесін жанышқан азапты күйден ұзақты күнге еш серпіле алмай қойғаны. Сарай іші жым-жырт. Бұның қабағына кірбің ілінгелі нөкер-

лері де, қызметшілері де тайсақтап, бетіне тіке қарамай, жанрларын алып қаша береді. Ойын-сауықтан сап тиылған. Үлкен ордадан хабар алмағалы неше күн. Оның ойын онға, санасын санға бөліп, дағдартып отырған да осы-орданың үнсіздігі. Хан иесі ненің күйін кешіп жүр? Алтын басы аман болса игі еді?» [2,4].

Сүзге ханым – Сарыарқа жерінен еді. «Асауды ауыздықтайтын – бұғалық, алысты ағайындастыратын - құдалық» деп ежелгі дала салты бойынша Көшім хан қазақтың айтулы ақсүйегі, жеті атасынан бері қолынан билігі үзілмеген сұлтандарының бірі – Сүйіндіктен кіші қызы Сүзге сұлтанымды айттырып алған еді. Алғашында далада жүріп, асауда бұғалық салып, жылқы күзетінде жігіттермен қатар жүрген Сүзгеге Көшім ханның сарайы ішін пыстырғандай болды. Апта сайын ханның рұқсатымен кең далаға шығып, Ертіс өзенінің бойында туған жерін ойлап серуендер еді. Бірде Көшім ханға осы Ертіс өзені бойынан өзіне жай салдыруға рұқсат сұрады. «Кіші ханымның сарайының даңқы Тағыл, Тара, Ертіс, Тобыл, Обдария өзендерінің арасын жайлаған елге толық жайылды. Хандықта әр тайпа әр тілде сөйлейтін. Сүзгені сарайын әрқайсысы өз тілінде атады. Сүзге қамал, Сүзгін, Сүзге-тұра, Яулы-тұра» [2,12].

Сүзгенің салдырған қамалы кейін шаһарға айналды. Тұрғын халқы бейбітшілікте, тоқшылықта өмір сүрді. Ханымда бір ғана өкініш болды. Ол- бір кішкентайының болмағаны. Күні-түні жалбарынса да, Жаратқаны осы бақыттылығына риза болсын деді ме, әйтеуір бермеді. Бірақ, Сүзге бар уақытын өзінің ордасына арнады. Шаһарды гүлдендірумен бірге, оқу ісін жолға қойды, мұсылманшылықтың жолын ту етіп ұстады. Міне, осы бақытты кезеңін Рсейдің отарлаушы отрядының бұзып тұрғаны.

Көп ұзамай Сүзге ханым түс көреді. Ай астында аппақ арланға ұшырасып, екеуі

бір-біріне ұзақ қарасып тұрды. Сүзге қорқудың орнына арланға жақындағысы келді. Сол арада бір қап-қара көкжал бөрі бұған тұра ұмтылды. Арлан бұны қорғамақшы болып, тістесе кетті. Ақ арлан мен қара көкжал үш күн айқасты. Әбден әлсіреген, қансыраған арлан азуын көкжалдың алқымына қадап, сілкіп, өлтіреді. Бірақ ақ арлан да қаны судай ағып, орнына әзер тұрып, көзден ғайып болады. Сүзге «жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген-ау ойлағанынша болмады, шошып оянды. Тап сол сәтте кеудесіне сұп-суық бір нәрсе құлап түсті. Алғашында жылан деп ойлады, жәйімен қолын созып қарағанда хан иесінің алтын сапты алмас қанжары екен. Ақ арланның жеңгенін көріп, соны ғана медет тұтты.

Түс көргеннің ертеңінен Үлкен ордадан хабар келіп, Көшім ханның шегінгені туралы хабар келді. Хабаршы Сүзге ханымды Үлкен ордаға жеткізбек хабарын да айтты. Бірақ, Сүзге бұған көнбеді. Өзіне сенген халқын тастап кеткісі келмеді. Не де болса бірге көрмекші болды. «Түс – түлкінің боғы» дегенімен қолға ұстатқандай болды. Әдебиеттегі психологизм турасында зерттеу еңбек жазған, филология ғылымдарының докторы Г.Пірәлиева түс туралы былай деп келтіреді: «Тек түс көру жағдайы ғана адамның табиғи өмірлік тәжірибесінде де психологиялық жағдайын ашып беретін бірден-бір сезімдік құбылыс еді» [5,45]. Сүзге ханым кешегі көрген түсімен-ақ болашағын болжап қойып отыр еді.

Ханым Бас жасауылды шақырып, елшілікке жіберіп, атаман Грозаға үш шартын ұсынды. Әуелі шаһар жұртына бостандық сұрап, ұлысқа қайтару үшін бір үлкен кеме әзірлеп беруін сұрады. Атаман Гроза да өз шартын айтып, Сүзге ханым өз сарайында қалсын деген бұйрығын білдірді. Ертеңіне Сүзге орадада қалған бар қазынаны халыққа теңдей бөлді. Тіпті өзінің әдемі матадан тігілген киімдерін де нөкер қыздарына үлестіріп жіберді. Тек бір киер киімін

ғана алып қалды. Таң ата шаһар халқы қақпа алдына жиналды, бәрі жиналған соң Сүзге ханым мұнараға шықты. Содан соң қақпаны аштырды, Ертіс өзені жағасында үлкен қайықтар тұр екен. Шаһардың бүкіл халқы қайыққа мініп, қайық қозғалған соң мұнарадан түсіп, өзінің ордасының қасындағы Хан саялап отыруды ұнататын нысаналы бәйтерекке жетті. Ол самырсынға жотасын тірей, біраз тұрды. Ерні күбірлеп ұзақ дұға қайырды. Шаһарды дүрсілге толтыра топырлаған ат тұяғының дүбірі естілді. Сүзге ханым жасаураған жанарымен көк жүзіне қарап:

-Тәңірім, өзің кеше гөр күнәмді. Аузы түкті кәпірлерге тәнімді қорлата көрме! Өзің аманатқа берген жаныңды өзіңе тапсырамын, - деп, желбегей жамылған сулығының ішіндегі белдікке қыстырылған, өткен түсінде төсіне құлаған хан иесінің алмас қанжарын қолын алып, көзін жұма берді» [2,46].

Шаһарға кірген атаман Гроза биік бәйтеректің түбінде отырған Сүзге ханымға көзі бірден түседі. Қасына барғанда ханымның жан-тәсілім еткенін көріп, қатты таң қалды. «Үлде-бүлдеге орап қойса болды, басқа әйелге не керек?» деген топас оймен күн кешкен атаман жас ханымның намысшылдығына, адалдығына, Көшім ханға шынайы берілген махаббатына іші қызғанышпен қарады. Бұған қала халқы неге керек болды екен? Халық үшін өмірін қиды, ал олардың қайсысы бұған жаны ашыды, тіпті «ханым неге қалады?» деген ойға келген де біреуі жоқ қой. Атаман Гроза ойының шетіне шыға алмады. Сөйтіп, Сүзге ханым бүкіл шаһар халқына бостандық алып беріп, өзін құрбандыққа шалады.

Талқылау. «Сүзгенің соңғы күндері» хикаятын оқи отырып, Ш.Бейсенованың тек ханым бейнесін көрсетіп қана қоймай, Қазақ деген ұлы халықтың тағы бір ерекше қырын ашуға бел байлағанын байқаймыз. Себебі, Сүзге ханның қалған алты

әйелінен несі артық еді? Ең бастысы, кең даланың бұйра төсінде өзін қорғай алатын бес қарудың қай-қайсысымен де үйренгенін, аты нәзік болғанымен сол қасиетті елдің қызы болса да ар-намысы жоғары болғандығын, өзіне сенген жанның махаббатына адалдығын, өзіне сенген халықтың бар жай-жапсарын түгел орындай алатын батыр ару екенін толыққанды дәлелдеді.

Әдеби шығарманың көркемдік деңгейіне қызмет ететін элементтердің бірі – психологизм табиғаты болса, суреткер қолданған көркемдік тәсілдің қай-қайсысы да кейіпкер табиғатының жұмбақ сырын ашу, сол арқылы шығарманың идеялық-көркемдік салмағын арттыру мақсатында қолданылады. Тіл құралымен адамның көркем образын жасау, ол үшін характерін типтік тұрпатта көрсетіп, ішкі жан-дүниесін айқын аша білу шеберлігі – қаламгер дарындылығының, таланттылығының бір қыры. Бұл мәселе жөнінде зерттеуші Г.Ержанова: «Психологиялық анализ жасауда кейіпкер мінезінің құбылысын, сөйлеу мәнерін, қозғалыс-қимылын айқынбаяумен, жарқын детальдармен аша білу – жазушыдан шеберлікті талап етеді. Образ жасаудың диалог, монолог, портрет сияқты ортақ түрі болғанымен, оны қолдану тәсілдері, яғни образды мүсіндеу тәсілдері әр суреткерде әр басқа. Ол жазушының түйсіну, көре білу ерекшелігіне, көркемдік талғамына, шеберлік сырына байланысты» [6,76] – деп тұжырым жасайды.

Шығармада оның тұлғалық ерекшелігі, өзіндік қасиеттілігі бірден биіктей бастайды. Тарихи шығармалардың негізін нақты болған айғақты құжаттар, дәлді деректер құраса да, ұшқыр қиялға, ойдан қосуға, жазушы қиялына ерекше көңіл бөлінген. Оқырман бұрынғы дәуірдегі халықтың тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан, болмыс-бітімінен, талайлы тарихи тағдырынан хабардар болады. Көркем әдебиет қаһарманы өмірде болған тарихи тұлалар-

дың құр көшірмесі емес деген пікірді ескерттік. Сонау өткен ғасырда ел тағдыры мен өз тағдырын қатар алып жүруге бас иіп, сол халықтың жолында құрбан болған Сүзге ханым бейнесі көркемдеу құралымен сырланған, жұмырланған бейне. Ш.Бейсенова екінің бірінің батылы бармайтын үлкенге құлаш сермеді, әдебиетіміздің нар жүгін арқалауды ниет етті. Жазушы халық өмірін кең қамтып, тұтас бір тарихи кезеңнің панорамасын жасап қана қойған жоқ, ол ел тірлігіне терең бойлап, оның қалың қабатына ой жүгіртіп, түрлі сырларын ашты. Естен кетпес көркем бейнелер, ұрпақтан ұрпаққа жетерлік, тозбайтын, өлмейтін ұлттық характерлер жасады.

Хикаятта жаугершілік заманымен бірге бас кейіпкер - Сүзге тұлғасы да бірте-бірте сюжеттік желіде көтеріліп, өзіне тән ерекшелігі де сатылай баяндалады. Сүзге ханымның жастық шағы, Сібір жұртына келгенге дейінгі жолдың алғашқы тізбегі Сарыарқадағы қазақ жұртының тарихымен байланыстыра беріледі. «Хан иесі Сүзгенің бар қалауын орындауында өзіндік құпиялау сыр да жоқ емес-ті. Ол Сүзгенің бойынан ажар-көріктен басқа нәзік қайрат барын таныған. Намыс отын аңғарған. Намысшыл жанда опа бар. Басқа ханымдар балаларына арқаланып ханның өзіне сес көрсетер шақ туса, Сүзге алаңсыз тек хан иесінің жайын жасарын арыдан болжап білгендей» [2,48]. Міне, Орданың бас иесі Көшім ханның ойымен Сүзгенің негізгі бет-бейнесін ашады қаламгер.

Автор шығарманың басты идеясы халық тағдыры, ал халық атынан сөз алып отырған Сүзге ханым екендігін байқатады. Себебі, алдымен қазақ халқының отарлаушылдық қырғынға ұшыраған кезеңімен таныстырып, кейін сол озбыр отаршылдық қысымнан шығар жолда құрбандықтың да мол болғанын сабақтастыра қарайды. Мұның бәрі, шығарманың негізгі мақсаты – халық тарихының шындығын, халық жүре-

гінен орын алған Сүзге ханым бейнесін көрсету еді. Себебі, «Сүзгенің соңғы күндері» хикаятында суреттелетін қаһармандардың бәрі дерлік аңыз, жыр арқылы халық санасынан орын алған жандар болатын. Сол фольклор туындыларында қалыптасқан эпикалық бейнелерді төмендетіп алмай, оларға реалистік нақтылық, даралық келбет дарыту оңай емес еді.

Сүзгенің тарихи тұлға екенін ең алдымен Сібір жұрты мойындады. Сүзгедей болуды армандады. Риза болды. Оған себеп, сібір жұртының ақындары, тарихшылары көптеген еңбектерін жазып қалдырды. Орыстың белгілі ақыны П.Ершов «Черноглазая Сүзге» поэмасын жазып қалдырса, композитор А.Корнилов «Сүзге» атты опера жазды. Аталған опера Сібір жұртында тарихи шығарма атауына ие болып, өткен тарихтай ауыз әдебиетінде қосып оқиды. Көптеген орыс тарихшылары сол кезеңнің шындығын зерттеп жазып, Сүзгенің ерен ерлігін шынайы тарихи тұлға деп байыпты бағасын берді.

Ш.Бейсенова шығарманы жазар алдында Сүзге туралы бүкіл тарихи еңбектерді қарастырған болу керек. Оқырмандарының «Сіз неге Сүзгенің соңғы кезеңдерін жаздыңыз?» деген сұрағына былай деп жауап беріпті. Қаламгер өзінің Сүзгенің соңғы уақыттағы оқиғалармен алғаш танысқанын, сонымен бірге шығарманың баяндалар сюжеттік желісінен гөрі, биік шыңы болып есептелер Сүзгенің шешімі басты орында тұрғандай болды. Сол себепті де, Сүзгенің өмірінің соңғы уақытындағы ерекше қадамға барар жолын, көңіл-күйін, жан-тебіренісін бейнелеуді мақсат тұттым деп жауап қайырыпты.

«Сүзгенің соңғы күндері» хикаятының бүкіл оқиғалық, сипаттамалық, талдау, көркемдеу жүгін – автор баяндаушы арқалаған. Осыдан барып шығармада баяндаушы қызметі маңызды орынға шығады. Қандай көркем туынды да айтушы, баяндаушының дәнекерлігі елеулі орынға ие болатыны бел-

гілі. Дегенмен, «Сүзгенің соңғы күндері» туындысында баяндаушы ролі өзгешелеу болып келеді.

Шығарманың басты идеясы – ел басына күн туған заманда атқа мініп, жау қолында қалған қасиетті Орданы тазарту жолындағы айбынды күрестегі арудың бейнесін ту етіп көтеру. Сүзге сынды ел үшін туған арудың азаматтық, мәрттік қасиеттерін, елін мүддесін сатқан ақсүйектің қамқоршысы орыс отаршылдарына қарсы күресінің айбынды рухын ашу.

«...Белгілі бір тарихи кезең туралы шығарма жазғанда, сол дәуірдің ең басты типтік бетін, сипатын белгілейтін оқиғаларды ескермеуге болмайды. Онсыз дәуір сипатын толық жеткізу қиын», - дейді тарихи романдарды зерттеуші ғалым Т.Сыдықов [8,38]. Осы пікірге ден қоя отырып Ш.Бейсенованың дәуір тынысын толық жеткізіп, оқиғаларды өз шығармасына негіз еткенін байқаймыз.

Әдебиет зерттеушісі Ж.Дәдебаевтың «Қаламгер шығармасында оның жан әлемі мен өмір сүрген ортасының шындығы қатар көрініс табады. Творчествоның осы ерекшелігін толық танып, игеріп алған жазушы

негізгі тарихи мәні бар материалдарды кейіпкерінің өз шығармасынан табады» [8, 66].

, - деген пікірінде осы көркемдік құбылыстың тарихи-танымдық негіздері, кейіпкер бейнесін жинақтау мен даралаудағы баға жетпес маңызы туралы толық айтылған.

Қорытынды. Ш.Бейсенова шығармашылығының жалпы жүйесіне тарихилық ұғымы бойынша яғни өткенді, бүгінгіні, болашақты деректілік негізінде тану тұрғысынан шолу жасағанда, қазақтың ұлт болып қалыптасқан көшпелі қоғамынан бастап, ХХ ғасыр басында жетекші орынға шыққан Алаш зиялыларының күрескерлік идеясына дейінгі ел мен жер тағдырының қабат – қатпарын түгел қопарыстыруға тура келеді. Сондықтан да жазушының тақырып таңдаудағы талғамы, өзіндік көзқарасы, таным – түсінігі деңгейінен көзіміз жеткен жеткен бір шындық, ең алдымен оның шығармаға өзек болатын оқиғаның моноэтикалық сипатын әбден зерделеп, көкірек көрігінде пісіріп, жетілдірмейінше, қолына қалам алмайтындығы, міне осындай талғампаздық пен табанды ізденістің нәтижесінде қазақ әдебиетіндегі ақтаңдақ беттердің толығыуы деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Шығыстың шынарымен сұхбат.* (2016, 31 мамыр). Айқын: республикалық қоғамдық-саяси газет, 3 б.
2. Бейсенова, Ш. (2008). *Сүзгенің соңғы күндері.* Алматы: Ан Арыс.
3. Ахметов, З., & Шаңбаев, Т. (1996). *Әдебиеттану терминдерінің сөздігі.* Алматы: Ана тілі.
4. Қасқабасов, С. (1984). *Қазақтың халық прозасы.* Алматы: Ғылым.
5. Пірәлиева, Г. (2003). *Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері.* Алматы: Алаш.
6. Ержанова, Г. (1994). *Қазіргі қазақ повесіндегі психологизм мәселелері (70–80 жылдар)* [Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған автореферат]. Алматы.
7. Сыдықов, Т. (1996). *Қазақ тарихи романы (Жанрлық спецификасы, типология, стиль, ұлттық кейіпкер, тарихилық сипаты, поэтика).* Алматы: Ер-Дәулет.
8. Дәдебаев, Ж. (1991). *Өмір шындығы және көркемдік шешім.* Алматы: Ғылым.

УДК 336.1

ОБ ЭФФЕКТИВНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ БЮДЖЕТНЫХ СРЕДСТВ В ГЕНДЕРНО- ОРИЕНТИРОВАННОЙ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОЛИТИКЕ РК В СФЕРЕ ЗДОРОВЬЯ НАСЕЛЕНИЯ

Искакова Загира Дуйсембаевна

д.э.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

Капенова А Айымгүл Жанатханқызы

Докторант PhD, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

a.kapenova94@gmail.com

(Астана, Казахстан)

Аннотация. В статье исследуется эффективность использования бюджетных средств в рамках гендерно-ориентированной государственной политики Республики Казахстан в сфере здравоохранения. Рассмотрены теоретические и практические аспекты внедрения механизмов гендерного бюджетирования, направленных на обеспечение равного доступа мужчин и женщин к медицинским услугам. Проведён анализ ключевых индикаторов Концепции развития здравоохранения РК до 2026 года, включая ожидаемую продолжительность жизни, уровень удовлетворённости населения медицинскими услугами, показатели материнской и младенческой смертности, а также качество профилактических мероприятий. Особое внимание уделено оценке влияния распределения финансовых ресурсов на устранение гендерных диспропорций в здравоохранении и укрепление социальной защиты граждан. В статье выявлены положительные тенденции — рост продолжительности жизни, снижение смертности и повышение качества медицинской помощи. Отмечено, что внедрение гендерно-чувствительного подхода в планирование бюджета способствует более рациональному использованию средств, повышению результативности и устойчивости системы здравоохранения. Результаты исследования могут быть использованы в совершенствовании государственной политики, стратегического планирования и мониторинга в области здравоохранения с учётом принципов социального равенства и устойчивого развития.

Ключевые слова: гендерная политика, бюджетная эффективность, здравоохранение, государственное управление, социальное равенство.

Abstract. The article examines the efficiency of budget utilization within the gender-oriented state policy of the Republic of Kazakhstan in the healthcare sector. It explores both theoretical and practical aspects of implementing gender budgeting mechanisms aimed at ensuring equal access of men and women to medical services. The analysis focuses on key indicators outlined in the Concept for the Development of Healthcare in Kazakhstan until 2026, including life expectancy, population satisfaction with healthcare, maternal and infant mortality rates, and the overall quality of preventive measures. Special attention is given to assessing how financial resource allocation influences the reduction of gender disparities and the strengthening of social protection for citizens. The study identifies positive trends such as increased life expectancy, decreased mortality, and improved quality of medical care. It emphasizes that integrating a gender-sensitive approach into budget planning ensures more efficient, transparent, and sustainable use of public funds. The findings can serve as a basis for improving public policy, strategic planning, and monitoring mechanisms in healthcare.

Keywords: gender policy, budget efficiency, healthcare, public administration, social equality.

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы гендерге бағытталған мемлекеттік саясат аясында бюджеттік қаражаттарды тиімді пайдалану мәселелері зерттеледі. Ерлер мен әйелдердің медициналық қызметтерге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған гендерлік бюджеттеу тетіктерінің теориялық және практикалық қырлары қарастырылған. 2026 жылға дейінгі Денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасында белгіленген негізгі көрсеткіштер – өмір сүру ұзақтығы, халықтың медициналық қызметтерге қанағаттану деңгейі, ана мен нәресте өлім-жітімі және алдын алу шараларының сапасы талданды. Қаржылық ресурстарды бөлудің гендерлік теңсіздіктерді азайтуға және азаматтардың әлеуметтік қорғалуын күшейтуге әсері бағаланды. Зерттеу нәтижелері өмір сүру ұзақтығының артуы, өлім-жітімнің төмендеуі және медициналық көмектің сапасының жақсаруы сияқты оң үрдістерді көрсетеді. Гендерлік сезімтал тәсілді бюджеттік жоспарлауға енгізу қаржының тиімді, ашық және орнықты жұмсалыуына ықпал ететіні атап өтіледі. Нәтижелер мемлекеттік саясатты жетілдіруде және стратегиялық жоспарлауда қолдануға мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: гендерлік саясат, бюджеттік тиімділік, денсаулық сақтау, мемлекеттік басқару, әлеуметтік теңдік.

Введение. Экономическое развитие Республики Казахстан отличается социальной направленностью и сфера здравоохранения является одним из приоритетных направлений нашего государства. Для системы здравоохранения Казахстана на современном этапе наиболее актуальны проблемы повышения эффективности качества оказываемых медицинских услуг. Отсюда финансово - бюджетная политика в области финансирования здравоохранения включает в себя обеспечение доступной и качественной медицинской помощи всему населению Республики Казахстан как в целом, так и в разрезе различных направлений внутри охраны здоровья детей, женщин, мужчин по видам болезней и лечения.

На наш взгляд, в системе здравоохранения очень важное место занимает тема гендерного равенства, которая становится все более значимой для общества. В большинстве стран мира реализация гендерной политики занимает важное место в государственной повестке. В Казахстане этот вектор развития нашел поддержку на всех уровнях. В национальной Стратегии гендерного равенства на 2006–2016 годы были подробно изложены принципы гендерного бюджетирования, который определил ключевые подходы и направления государственной гендерной политики, направленной на расширение прав женщин и обеспечение равенства между мужчинами и женщинами.

Методы. В исследовании применён ком-

плексный методологический подход, включающий системный и аналитико-статистический методы. Системный анализ позволил рассмотреть гендерно-ориентированную государственную политику как целостную социально-экономическую систему, влияющую на эффективность использования бюджетных средств. Аналитико-статистический метод обеспечил обработку официальных данных Министерства здравоохранения, Бюро национальной статистики и Всемирной организации здравоохранения. Метод экспертных оценок применялся для уточнения качественных параметров, характеризующих влияние финансовых решений на социальную справедливость. Такой многоуровневый подход позволил комплексно оценить взаимосвязь между объёмом бюджетных средств и результативностью гендерно-чувствительной политики в сфере здравоохранения.

Результаты. Важным продолжением стратегии гендерного равенства стала утвержденная 6 декабря 2016 года «Концепция семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года». Концепция ставит перед государством задачу внедрения гендерных подходов в процессы формирования и контроля бюджетов, а также реализации государственных и социально-экономических программ. В Концепции уделено особое внимание механизмам контроля за соблюдением требований законодательства, что должно способствовать достижению

равенства и социальной справедливости.

Совет Европы определяет гендерно ориентированное бюджетирование как учет внедрения гендерных подходов в бюджетный процесс (Council of Europe, 1998). Гендерное бюджетирование позволяет решать проблемы неравенства через механизм бюджетного процесса. Гендерный бюджет – это новая социальная технология, позволяющая учитывать в области социальной политики интересы женщин и мужчин, предвидеть возможные социальные последствия от экономических решений (Fofanova, 2006).

Целью составления бюджета с учетом гендерных факторов является выделение средств для улучшения положения женщин, что способствует обеспечению гендерного равенства. Основные задачи гендерного бюджетирования: – определить, какую выгоду получают граждане от расходов государственного бюджета, и какую долю они вносят в государственный бюджет; – оценить эффект бюджетной политики на женщин и мужчин; – проанализировать гендерное влияние во всех секторах государственной интервенции и отраслях; – поддержать процесс создания бюджета «снизу» и привлечь к нему все заинтересованные стороны (граждан, ассоциации и НПО) с целью определения различных специфических потреб-

ностей и мер для их удовлетворения; – обеспечить учет гендерного анализа и влияния на всех фазах бюджетного процесса, включая этапы проектирования, определения, реализации, мониторинга и оценки.

Сферы применения гендерного бюджетирования: Занятость, предпринимательство, промышленная политика, образование, здоровье, дети и родительство, пенсионное обеспечение и социальное обслуживание пожилых и инвалидов, социальная помощь бедным, домашнее хозяйство и др. (Bekturganova, 2020).

Гендерно-ориентированная государственная политика направлена на удовлетворение интересов различных категорий граждан, в том числе через исполнение центрального бюджета. Гендерное бюджетирование, с одной стороны, позволяет более точно оценивать последствия принимаемых решений, а с другой — выступает действенным инструментом для продвижения принципов гендерного равенства в социальном и экономическом развитии страны.

По мнению ведущих специалистов, гендерное бюджетирование является эффективным механизмом расширения прав женщин и способствует сокращению социального неравенства, предоставляя равные возможности для всех категорий граждан.

Таблица 1 – Понятие и признаки гендерного бюджетирования

Гендерным бюджетированием является	Гендерным бюджетированием не является
распределение расходов, ориентированное на результат;	не отдельный бюджет для женщин;
налоговые льготы для женщин и девочек;	не о том, чтобы тратить одинаково на мужчин и женщин.
рассмотрение государственных бюджетов для установления гендерных различий;	
использование фискальной политики для продвижения гендерного равенства;	
обеспечить, чтобы гендерные обязательства трансформировались в бюджетные обязательства посредством контролируемых целей.	
Примечание –по источнику (Bekturganova, 2020).	

Если выделить сферу применения гендерного бюджетирования - «здоровье», то определение специфических потребностей и их удовлетворение осуществляется обеспечением учета гендерного анализа и влияния их на всех фазах бюджетного процесса, включая этапы проектирования, определения, реализации, мониторинга и оценки.

В этой связи, вопросы финансирования системы здравоохранения в Казахстане в контексте гендерного подхода к здоровью становятся все более актуальными. Глобальная практика показывает, что неравномерное распределение финансовых ресурсов в отрасли медицины может усиливать гендерные неравенства в охране здоровья.

Несмотря на прогресс в улучшении доступа женщин к образованию и здравоохранению, в социальной сфере женщины сталкиваются с трудностями, включая ограниченный доступ к медицинским услугам. Улучшение доступа к образованию, в свою очередь, связано с улучшением показателей здоровья. (Sultanbekova, 2025)

Согласно кластерному анализу, проведённому Anessova, Bekbossinov и Abdullayeva (2024), установлена тесная взаимосвязь между социальными и экономическими аспектами гендерного неравенства в Казахстане. Авторы утверждают, что «различия в одной области (например, здравоохранении) могут служить индикатором более широких системных проблем, которые проявляются и в экономике (например, в различиях в заработной плате и участии в рабочей силе)». Таким образом, выявленные региональные диспропорции, включая высокие показатели материнской смертности, отражают структурные дисфункции, ограничивающие экономические возможности женщин (Anessova, 2024). Медицинские потребности мужчин и женщин могут значительно различаться. Женщины чаще испытывают необходимость в услугах по репродуктивному здоровью, на протяжении жизни обращаются за медицинской помощью

чаще, чем мужчины. Мужчины чаще сталкиваются с проблемами психологического и сердечно-сосудистого характера, однако реже обращаются за медицинской помощью (Drapkina & Kim, 2023).

Исследования показывают, что часто финансируется здравоохранения более акцентировано на задачах, связанных с лечением хронических заболеваний и психосоматики, что затрудняет доступ к медицинской помощи для определённых групп женщин, включая матерей-одиночек и представительниц малоимущих социальных слоёв (WHO, 2023).

Гендерно-чувствительное планирование финансов в здравоохранении предполагает учет гендерных особенностей в процессе распределения бюджетных средств и организации медицинских услуг. Это позволяет более эффективно отвечать на потребности разных групп населения и снижать гендерное неравенство. Основные элементы такого подхода включают:

1. Анализ гендерных потребностей и затрат: Проведение исследований для выявления различий в медицинских потребностях мужчин и женщин, а также оценки затрат на соответствующие услуги.

2. Инклюзивное планирование бюджетов: Включение гендерной перспективы на этапе формирования бюджета здравоохранения. Это включает выделение специальных фондов для обеспечения доступа к услугам по охране репродуктивного здоровья и программам профилактики заболеваний, характерных для женщин и мужчин.

3. Мониторинг и оценка: Создание механизмов для регулярного мониторинга и оценки распределения финансовых ресурсов с учетом гендерной специфики. Это позволяет выявлять пробелы и корректировать стратегию финансирования.

4. Обучение и повышение осведомленности: Проведение тренингов для руководителей и специалистов системы здравоохранения по вопросам гендерного равенства и

гендерно-чувствительного бюджетирования.

5. Поддержка целевых групп: Разработка программ поддержки уязвимых групп

населения, таких как одинокие матери, пожилые женщины и мужчины с хроническими заболеваниями.

Таблица 1. Целевые индикаторы и ожидаемые результаты по Концепции развития здравоохранения РК до 2026 года

№	Показатель	2021	2022	2023	2024	2025	2026
1	Ожидаемая продолжительность жизни при рождении, число лет	70,23	73,7	74,2	74,6	75,0	75,1
2	Уровень удовлетворенности населения качеством и доступностью медицинских услуг, предоставляемых медицинскими учреждениями, %	57,7	69,6	73,0	76,5	80,0	81,0
3	Снижение стандартизованного коэффициента смертности от болезней системы кровообращения, на 100 тыс. населения	230,80	223,9	217,2	122,5	118,8	115,2
4	Снижение стандартизованного коэффициента смертности от злокачественных заболеваний, на 100 тыс. населения	72,48	70,3	68,2	57,2	56,2	55,1
5	Материнская смертность, на 100 тыс. родившихся живыми	44,7	11,0	10,8	10,4	10,0	9,9
6	Младенческая смертность, на 1000 родившихся живыми	8,44	7,5	7,4	7,3	7,2	7,1
7	Уровень обеспеченности медицинскими работниками сельского населения в соответствии с минимальным нормативом, на 10 тыс. сельского населения	87,2	87,3	87,6	87,7	87,8	88,0
Примечание: составлена на основе данных Концепции (Government of the Republic of Kazakhstan, 2022)							

Как видно, из представленных МЗ РК более 100 показателей, которые требуют гендерного анализа и более детального учета при планировании финансирования нами отобраны примерно 7 ключевых позиции:

1. Ожидаемая продолжительность жизни: Данные показывают рост показателя с 70,23 лет в 2021 году до 75,1 лет в 2026 году. По-нашему, необходимо учитывать гендерные различия в продолжительности жизни и разрабатывать программы по профилактике заболеваний, характерных для мужчин и женщин.

2. Уровень удовлетворенности медицинскими услугами: Показатель увеличивается с 57,7% в 2021 году до 81% в 2026 году. Для обеспечения гендерного равенства важно учитывать потребности женщин и мужчин при планировании медицинских услуг, так как, известно что, в опросах в основном участвуют женщины, также женщины больше оставляют отзывов по приобретенным услугам в любой сфере.

3. Снижение коэффициента смертности от болезней системы кровообращения: Показатели снижаются с 230,8 на 100 тыс.

населения в 2021 году до 115,2 в 2026 году. У мужчин риск сердечно-сосудистых заболеваний выше, что требует дополнительных профилактических мероприятий.

4. Материнская смертность: Значительное снижение с 44,7 на 100 тыс. родившихся живыми в 2021 году до 9,9 в 2026 году свидетельствует о позитивной динамике, но требует дальнейшего укрепления программ по охране материнского здоровья.

5. Младенческая смертность: Показатель снижается с 8,44 до 7,1 на 1000 родившихся живыми к 2026 году. Для достижения более значительного снижения важно учитывать факторы, влияющие на здоровье матерей и детей.

6. Уровень обеспеченности медицинскими работниками сельского населения: Показатель стабильно увеличивается до 88 на 10 тыс. сельского населения к 2026 году. Гендерные аспекты включают привлечение женщин-медиков и обеспечение безопасных условий работы. Также, известно, что жители сельских населении менее охвачены медицинской помощью и женщины в сельских населениях более подвержены бытовому насилию, что также создает дополнительную диспропорцию по гендерному содержанию медицинской помощи.

А вот, по показателю снижение смертности по онкологическим заболеваниям государством проводятся меры, в отношении женщин, по предотвращению и выявлению на ранних этапах рака шейки матки и молочных желез на постоянной основе, которые были утверждены и продолжены в рамках Онкопрограммы. Так как, в структуре смертности рак молочной железы занимает четвертое место, уступая раку легкого, желудка и колоректальному раку. На реализацию данного Плана предусмотрено в целом 460 670,4 млн.тенге с 2023 по 2027 годы (Government of the Republic of Kazakhstan, 2023), что можно расценивать в целом как положительное явление в отношении охраны здоровья женщин и

эффективность использования выделяемых финансовых средств. Также, с 2024 года была внедрена обязательная вакцинация девочек от 11 лет против вируса папилломы человека, которая вызывает в последующем рак что также говорит о заботе со стороны государства здоровьем женского пола.

Таким образом, введение гендерно-чувствительного планирования финансов в здравоохранении способствует не только снижению гендерных диспропорций, но и повышению общей эффективности системы здравоохранения. На основе анализа целевых показателей можно сделать вывод о необходимости комплексного учета гендерных факторов при планировании и распределении ресурсов. Это позволит обеспечить справедливое распределение ресурсов и повысить качество медицинских услуг для всех групп населения Казахстана.

Анализ выделяемых финансовых средств для достижения представленных показателей в объеме 2,1 трлн.тенге в 2021 году, 1,9 трлн.тенге в 2022 году, по 2,1 трлн.тенге в 2023 и 2024 годах, по 2,3 трлн.тенге в 2025 и 2026 годах вполне убедительно показывает, что финансирование каждой отдельной сферы в системе «здоровья» выступает важнейшим критерием в организации деятельности самого Министерства здравоохранения Казахстана во всех этапах бюджетного процесса, включая планирование и прогнозирование (Government of the Republic of Kazakhstan, 2023).

В этой связи, необходимость исследования проблем финансирования здравоохранения в Казахстане на основе обобщения зарубежного опыта в сочетании с механизмом действующей отечественной практики, разработка соответствующих рекомендаций по эффективному распределению и совершенствованию управления системой здравоохранения является весьма серьезной государственной задачей.

Обсуждение. Результаты анализа показали, что внедрение принципов гендерного бюджетирования способствует более спра-

ведливому распределению финансовых ресурсов и повышает эффективность системы здравоохранения. Полученные данные согласуются с исследованиями Всемирного банка и ПРООН, где отмечается, что гендерно-чувствительное планирование бюджета напрямую связано с повышением доступности медицинских услуг и снижением социальной уязвимости населения. Однако выявлены и проблемные аспекты: ограниченность статистических данных по гендерным индикаторам и недостаточная прозрачность бюджетных процедур на региональном уровне. Сравнение с международным опытом показало, что Казахстан движется в правильном направлении, но нуждается в укреплении механизмов мониторинга и обратной связи. Практическая ценность исследования заключается в обосновании рекомендаций по интеграции гендерных принципов в финансовое планирование и оценке программ эффективности расходов, что способствует повышению устойчивости и социальной справедливости государственной политики.

Заключение. Исследование подтвердило, что эффективное использование бюджетных средств в рамках гендерно-ориентированной политики является важным условием устойчивого развития системы здравоохранения и социальной защиты граждан. Результаты показали, что при равном доступе к медицинским услугам снижаются показатели смертности, растёт продолжительность жизни и повышается удовлетворённость населения. Научная значимость работы заключается в уточнении концепции гендерного бюджетирования в здравоохранении, а практическая — в возможности применения предложенных подходов для совершенствования стратегического планирования и распределения финансовых ресурсов. Перспективы дальнейших исследований связаны с углублением анализа влияния цифровых инструментов и социальной статистики на формирование более справедливой бюджетной политики в Республике Казахстан.

Список использованной литературы:

1. Council of Europe, Group of Specialists. (1998). *Gender mainstreaming: Conceptual framework, methodology and presentation of good practices*. Strasbourg: Council of Europe.
2. Fofanova, K. V. (2006). Gender budget analysis: Approaches and practice. *Journal of Social Policy Studies*, 4(3), 382. [in Russian]
3. Bekturganova, M. S. (2020). Gender budgeting in Kazakhstan: Processes, mechanisms, and prospects. *Almaty*, pp. 7, 13. [in Russian]
4. Sultanbekova, B. (2025). Challenges to accessing gynecological care for women with disabilities in Almaty, Kazakhstan. *Disability and Health Journal*.
5. Anessova, A. (2024). Socio-economic gender inequality in Kazakhstan: Analysis of trends in education, health, and employment (2013–2023). *Eurasian Journal of Gender Studies*.
6. Drapkina, O. M., & Kim, O. T. (2023). Sex and gender differences in health and disease. Part I: Evolutionary aspects. *Cardiovascular Therapy and Prevention*, 22(8), 3657. [in Russian]
7. World Health Organization (WHO). (2023). *Effective health financing: WHO recommendations*. Geneva: WHO Press.
8. Government of the Republic of Kazakhstan. (2022, November 24). On approval of the Concept for the Development of Healthcare of the Republic of Kazakhstan until 2026 (Decree No. 945). Astana. [in Russian]
9. Government of the Republic of Kazakhstan. (2023, October 5). On approval of the Comprehensive Plan for Combating Oncological Diseases in the Republic of Kazakhstan for 2023–2027 (Decree No. 874). Astana. [in Russian]



УДК 371 МРНТИ 14.39.05

Миразова Аягул Төреқызы

Тұңғыш Қазақстанның Еңбек Ері,
«Алтын жұлдыз», «Отан» орденінің иегері,
Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер,
Алматы қаласының Құрметті азаматы,
Жамбыл облысының Құрметті азаматы

АДАЛ АЗАМАТ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МЕКТЕП- ОТБАСЫ-ҚОҒАМ ЫҚПАЛДАСТЫҒЫ

Аңдатпа. Бұл баяндамада «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізін құрайтын «Адал азамат» ұғымының мазмұны мен тәрбиелік мәні талданады. Инновациялық білім беру жағдайында оқушылардың бойында ұлттық және адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылады. Мектеп, отбасы және қоғамның өзара әрекеттестігі арқылы тәрбиенің бірізділігі мен тұтастығын қамтамасыз етудің маңызы айқындалады. Автор ата-аналарды педагогикалық тұрғыдан қолдау орталықтарының жұмысын жетілдіру жолдарын ұсына отырып, тәрбие процесіндегі серіктестік мәдениетті дамытуға қатысты тұжырымдар жасайды.

Тірек сөздер: инновациялық білім беру, мектеп, отбасы, қоғам ынтымақтастығы, біртұтас тәрбие, ұлттық құндылықтар, адамзаттық құндылықтар.

Abstract. The report explores the concept of the “Honest Citizen,” which forms the basis of the Holistic Education program. It examines the significance of cooperation between school, family, and society in shaping students’ national and universal values within the framework of innovative education. The paper highlights strategies for building effective partnerships among all stakeholders to ensure continuity and integrity of the educational and moral upbringing process. The author also provides recommendations for improving the work of parental support centers and enhancing the culture of collaboration in education.

Keywords: innovative education, school, family, social partnership, holistic education, national values, universal values.

Аннотация. В статье рассматривается сущность понятия «Честный гражданин», лежащего в основе программы «Целостное воспитание». Анализируется роль школы, семьи и общества в формировании национальных и общечеловеческих ценностей у подрастающего поколения в условиях иннова-

ционного образования. Особое внимание уделяется построению сотрудничества между участниками воспитательного процесса для обеспечения преемственности и единства воспитательных воздействий. Автор предлагает практические рекомендации по совершенствованию деятельности центров педагогической поддержки родителей и развитию культуры партнёрства в образовательной среде.

Ключевые слова: инновационное образование, школа, семья, сотрудничество общества, целостное воспитание, национальные ценности, общечеловеческие ценности.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады. Ендеше Әділетті Қазақстан және Адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруы тиіс. Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз Адал азамат болуға ұмтылуы қажет. Сонымен бірге жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеуіміз керек», - деді.

Бұл тұжырым жас ұрпақ тәрбиесінде мектеп, отбасы және қоғам ынтымақтастығының мақсат-міндетін айқындауға негіз болып табылады және жастарымызды жаһанданудың ықпалынан барынша сақтау керектігіне меңзейді. Бүгінгі интернет дәуірінде бұл оңай шаруа емес.

Қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, дұрыс жол көрсетіп отырмасақ, бұл өте қауіпті, қатерлі үрдіс.

Жасыратыны жоқ мектеп, отбасы және қоғам ынтымақтастығын күшейту қажеттілігі туындайтын келеңсіз жағдайларды елемеуге болмайды. Мектеп, отбасы және қоғам болып оқу – ағарту жұмысын кемелдендіру міндеті алдымызда кезек күттірмей тұрғаны – шындық. Өскелең ұрпақты түрлі құмар ойындарынан, нашакорлықтан, вейп және әрбасқа электрондық темекілерден сақтандыру күресінің белсенділігін арттыру қажет. Оқушылардың бір-біріне зорлық-зомбылық, әлімжеттілік көрсетуі, интернетті пайдалану мәдениетінің аса төмендігі, білім алу мен тәрбиелі болу үрдістеріндегі жеке бас жауапсыздығы т.б. келеңсіздіктер мектеп әлемінде алаң туғызады.

Сондай-ақ бұл мәселе оқушының отбасындағы жағдайына ерекше байланысты деп түсінемін.

Бала тәрбиесі, ең алдымен, ата-аналардың міндеті. Бала – ата-ана үшін баға жетпес байлық, қоғам үшін болашақтың кепілі. Сондықтан әрбір ата-ана өз баласының тәрбиесіне ерекше мән беруі керек. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, баланың мінезі, дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы – бәрі де отбасындағы тәлім-тәрбиемен тығыз байланысты. Ата-ананың тәрбиесі – баланың болашағына салынған алғашқы іргетас. Ата-ананың ең бірінші міндеті – балаға мейірім мен махаббат сыйлау. Баланың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіріп, оны дұрыс жолға бағыттау – ең маңызды борыш.

Өкінішке орай, қайсыбір отбасында ұрыс-керіс, зорлық-зомбылық, әділетсіздік, қиянат сияқты келеңсіздіктер бар екені жасырын емес. Бұл мәселенің дұрыс шешіміне негіз ретінде елімізде гендірлік заң да қабылданғаны, әрине, тегін емес.

Тәрбиенің басты тірегі – сөз бен істің бірлігі. Ата-ана не айтса да, өзі соған сай болуы керек. Мысалы, өтірік айтпа деп үйреткен ата-ананың өзі өтірікке бой ұрса, баланың санасында екіұштылық пайда болады. Ал, кейде ата-аналар дұрыс тәрбие берудің орнына өздері жағымсыз жағдаяттар көрсетеді. Балалардың тәртібіне бей-жай, бейтарап қарайды, тиісті көңіл бөлмейді тіпті жауапкершіліктің бәрін мектепке жүктейді.

Балалар бойына отаншылдыққа бағытталған жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіріп отыру, олардың мектеп бітіргенде, ең алдымен, адал азамат болып шығуын қамтамасыз етеді. Отаншылдық

күнделікті тұрмыс мәдениетінен басталады. Мысалы, мектеп пен отбасы, түрлі қоғамдық ұйымдардан тұратын үйді, ауланы, мекен-жайды таза ұстау, қоғамдық орындарды бүлдірмеу міндеттерін бірлесіп атқарып отырса, патриотизмнің бір көрінісі деуге болады. Олар өз отанының табиғатын қорғайды, әр гүліне, әр ағашына жаңашырлықпен қарайды. Яғни жалғыз патриот екенін нақты іс-әрекетімен көрсетеді. Әр уақытта мектеп, отбасы, қоғам ынтымақтасып, оқушыларға экологиялық тәрбие беруі маңызды. Оларды туған өңірді, мәдени мұраларды танып-білуге, қорғауға, жанашырлықпен құрметтеуге дағдыландыру, үйрету керек. Бұл мектеп-отбасы-қоғам ынтымақтастығы оқушылардың театрға баруына, рухани жағынан дамуына жауапкершілікті бірлесіп алулары қажет.

Мектеп, ата-ана, қоғам болып балаларды еңбекқорлыққа, кәсіпке баулу міндетті жұмыс болуы шарт. Бұл орайда еріктілер ұйымындағы сияқты еңбекке тартумен бірге оларға қарапайым еңбек адамдарын құрметтеу үлгілерін танытып отыру да мәнді. Балалар назарын еңбек адамының кім болып істеп жүргенінен гөрі қалай жұмыс істеп жүргеніне баса аудару әсерлі. Әркім өз міндетін нағыз маман ретінде атқарып жүрсе, соны балаларға танытса тиімді іс екені даусыз. Оқушылар мектеп, отбасы және қоғам бірлестігінің үлгісінде нағыз еңбек адамын танып, қадірлеуге үйренсе дейміз. Еңбек адамы – істің адамы, яғни әр ісіне, әр қадамына жауапкершілікпен қарайтын адал азамат.

Елімізді жаңғырту ісіне ерекше ықпал ететін масс-медиа саласының оқушыларға да ықпалы орасан зор. Креативтік индустрияның медиа саласы, кино және сериал, мультфильм, спорттық және музыкалық шоулар, компьютер ойындары, кітаптар – бәрі бала санасын қозғайды. Мектепте осылардың зияны мен пайдасын сыни көзқараспен аңғаруға, ажыратуға, қорытынды жасай алуға дағдыланса құба-құп. Осы мақсатта адал адамның қалыптасуына бағытталған

арнайы сабақтар жүргізу қарастырылса дейміз. Мектеп кітапханасында қазіргі уақытта руханияттық көркем әдебиет мардымсыз. Мектеп мүддесі мен оның кітапханасындағы кітап қорының сәйкес келмеуі алаң туғызады. Біз жас ұрпақтың кітапқа құштарлығын оятуымыз керек. Оқушылардың дүниетанымы кең, сыни ойлайтын, қаржылық және құқықтық сауаттылығы қалыптасқан болуы үшін, отбасылық, мектептік және қоғамдық тәртіпті ұстануы үшін бірлескен бағдарламалар жасалса, отбасы және қоғаммен жұмыс істеуге психологтарды жүктесе деп ойлаймын. Сонда бала өзінің құқығын қорғай алатын, өзгенің құқығын таптамайтын адал азамат болып қалыптасуында тиянақты тірек барын айқынырақ сезінер еді.

Әрине, мектеп кітапханасын кітап қоры жеткіліксіз деуге болмайды. Мәселе оқушылардың интелектік және рухани дамуының ақпараттық және сезімдік, көркем эмоциялық әсері күшті әрі мектеп бағдарламаларына сәйкес кітаптардың аз екенінде. Сонымен бірге мектеп талаптарына сәйкес келетін кітаптарды мектеп кітапханашысы дидактикалық және тәрбиелік жақтары бойынша оқырмандармен пікір алмасулар, сыни бағалаулар, ақпараттық пайдалысын таңдау сияқты педагогикалық насихаттауға жауапты екеніне көңіл аударуы керек. Сөздің ыңғайы келген соң айтайын – мектеп кітапханашыларының еңбегінің педагогикалық өтіл категориясына жатқызатын уақыт жетті. Өйткені қазіргі мектептің олардан педагогикалық қызмет талап етуі күшейе беретін болады.

Бүгінде мектеп инновациялық білім беруге көшіп отыр. Инновациялық білім заманауи жаңашыл мақсаттар мен міндеттерге бағдарланып, жаңашыл мазмұнмен байытылған. Онда оқытумен тәрбиелеудің инновациялық түрлері формалары, әдіс-тәсілдері мен құралдары қолданылады. Бұл мұғалім мен оқушының бірлескен оқу-тәрбие әрекеттері жаңашыл ұстанымдарға негізделінеді. Сөйтіп жаңа тұрғыдан бағаланады.

Мектептегі оқу-тәрбие үрдісімен еңгізілетін үлкен немесе кіші жаңашылықтардың қайсысы болса да, түбінде бала тұлғасын дамыту мақсатын көздейді. Инновациялық білімпаздық адал азаматтың ең басты критерийі болып табылады.

Инновациялық білім берудің көрсеткіштерін ақпараттық оқу, интернет, электрондық еңбек мәдениеті, интелектілік өрлеу, робототехника, цифрлық оқу, оқушының субъектілік рөлі, мұғалімнің оқушыларды өз беттерінше білім алуға бағыттаушы рөлі, ата-аналардың білім алу үрдісіне қатысу белсенділігі, білім берудегі мектеп-отбасы-қоғам ынтымақтастығы, мониторингтік жұмыстар, сыни ойлау, бағалаудың жаңа сипаттары құрайды.

Тәрбие мазмұны мен сипатының біртұтастығы, Адал азамат тәрбиесі, білім берудегі тәрбиелік үрдістер т.б.с.с. құндылықтар жүйесі құрайды.

Отбасының қолдауынсыз мұғалім оқыту мен тәрбиелеудің жаңа мақсаттары мен міндеттері өте тиімді педагогикалық технологияларды қолдану арқылы да өте жақсы нәтижелерге қол жеткізе алмайды.

Өкінішке қарай, қазіргі отбасылардың көпшілігінде ата-аналар баланың үйдегі оқу жұмыстарын орындауына, өз бетімен меңгеруіне мән бермейді. Басқаша айтқанда, бала мектепте де, үйде де, қоғамдық орындарда да білімді өз бетінше алуға тиіс екенін ескермейді. Ал мектепте білім мазмұны жылдан -жылға күрделеніп баруда. Оқушының өз бетінше меңгеруге тиіс білім көлемі артуда. Енді мектептің, мұғалімнің жұмыс бағыты да түбірімен өзгерді. Мұғалім жетекші рөлден оқушыны білімді өз бетінше алуға бағыттаушы қызметке көшіп, ауысып отыр. Яғни оқушыны үздіксіз өз бетінше білім алуға даярлау міндеті алға қойылған.

Бүгінгі таңда бала тәрбиесіне ата-анадан бөлек, қоршаған орта, заманауи технологиялар мен бұқаралық ақпарат құралдары да әсер етеді. Баланың мінез-құлқына мектептегі достары, мұғалімдері, көрген фильм-

дері мен ойнаған ойындары да ықпал етуі мүмкін. Сондықтан ата-ана тек бақылаушы ғана емес, бағыттаушы бола білуі қажет. Бала кіммен араласады, немен айналысады, не оқып, не көреді – бәрі ата-ананың назарында болғаны жөн.

Инновациялық білім беруге көшкен мектеп ендігі жерде ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің жаңа деңгейін біліп меңгеруін қажеттейді. Ата - аналардың мектептегі инновациялық үрдістерді сырттай байқаушы мен оған белсенді қатысушы рөлінде болуы даусыз қажеттілікке айналып отыр. Сөйтіп балалардың үйде білім алуын, үйде тәрбиеленуін инновациялық үрдістерге сәйкесінше қайта құруы қажет болып тұр. Егер ата-аналар тарапынан сәйкесінше қолдау көрсетілмейтін болса, мектеп өміріндегі инновация оң көрсеткіштер бермейді.

Ол үшін оқушы тұлғасын қалыптастыруда инновациялық білім берудің маңыздылығын ата - аналар дұрыс түсінуі керек. Инновациялық білім беруде мектеп пен отбасы ынтымақтастығында мына амалдар сәйкестіктеріне қарай қарастырылуы тиіс:

- ата - аналар мектепте неге, қандай педагогикалық жаңалықтар енгізіліп отырғанын білуі;
- бұл жаңалықтар бала үшін не беретінін пайымдауы;
- дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, бұл педагогикалық амалдардың ерекше принциптерін біліп ұстануы;
- педагогикалық жаңалықтарды ендірумен қатар, оның оң нәтиже беруіне кедергілер мен қиындықтарды білуі тиіс;

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталықтары арқылы инновациялық білімін, қажеттілігін түсінуі ата-аналардың мектеппен ынтымақтастығының белсенділігіне қол жеткізеді. Мектептегі инновациялық білімді дамытуда отбасымен ынтымақтастық орнату ата-аналарды оған арнайы даярлауды талап етеді. Ата-аналар мектептегі инновациялық үрдістердің стратегиясын анықтауға, жоспарлауға, ұйымдастыруға

және бағалауға белсенді қатысады. Сынып көлемінде, пән бағытында мұғаліммен бірге балаларды инновациялық оқуға дайындайды. Мұнда ата-аналар жиналыстары, әңгімелесулер, кеңестер, ата-аналар лекторийі сияқты дәстүрлі жұмыс түрлерімен қатар, педагогикалық жұмыстардың жаңашыл түрлері басымдықта қолданалады. Олар: семинар-тренингтер, пікірталастар, отбасылық тәжірибе алмасулар, педагогикалық мәселелерді ұжым болып шешу, педагогикалық жағдаяттарды талдау, кейс, рөлдік ойындар, эссе, портфолио, жобалар құру, интерпретация т.б. жаңашыл инновациялық жұмыстар.

Отбасы тәрбиесінде және үйдегі оқу жұмыстарын орындауда мектептегі инновациялық білімге жаңашыл бағдарлануымен бірге ұлттық - этникалық құндылықтарды қоса пайдалану ескеріледі.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ежелден үлкен мән берген. «Тәрбие басы – тал бесіктен» деп, баланы сәби кезінен бастап тәрбиелеуді міндет санаған. Ұлттың болмысын, тілін, ділін, салт-дәстүрін бойына сіңірген бала – елдің ертеңгі рухани тірегі болмақ. Бүгінде осы ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде қолдану – уақыт талабы. Сондықтан, отбасы тәрбиесі ұлттық салт-дәстүрге негізделу сипатын жоғалтпайды. Оның өзегі ұлттық құндылықтар мен халық педагогикасы болып қала береді. Ана тілі, халық ауыз әдебиеті үлгілері, ұлттық өнер, ұлттық тұрмыстық шаруашылық пен мәдениет мінез - құлық, ұлттық интеллектуалдық жұмбақ, жаңылтпаш, қазақтың ауызша есебі, т.б. ұлттық тәрбие адал азамат дайындауға негізі болып саналуы тиіс.

Әрине, бүгінгі таңдағы мектептегі инновациялар, оқушылар меңгеруі тиіс ақпарат көлемінің артуы және күрделене түсуі, білім берудің жаңашыл ұстанымдары мен технологиялары отбасы тәрбиесіне де ықпал етпеуі мүмкін емес. Оның үстіне қазіргі мектеп эксперимент алаңына айналып тұр. Оқушы әр сабақта, әр аптада, әр тоқсанда, әр оқу жылында өзі үшін типтік жаңалықтармен

кездеседі. Баланың педагогикалық жаңалықтарға, осыдан туындайтын психологиялық құбылыстарға бейімделуі көп жағдайда оңайлыққа соқпайды. Оның үстіне оқу үрдісінің қарқыны, оқушының танымдық қабілеттері мен сапаларына талап күшейеді. Осы жағдайларда баланың оқудағы үлгерімі, тәрбие үрдісіндегі іс-әрекеттің жауапкершіліктің артуы ата-аналардың қолдауын талап етеді. Мектептегі педагогикалық жаңалықтар туралы жақсы түсініктері бар, мұғалімдермен үнемі байланыста болған ата-аналар ғана қазіргі жағдайда өз балаларының сапалы білім алуларын қолдай алады.

Инновациялық білім берудің күрделілігі оның жаңа дамуларына серпін береді. «Келешек мектептері» бағдарламасының іске асырылуы, жаңа модификациялық пән кабинеттерінің ұйымдастырылып жатқаны, балалардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін одан әрі жетілдірудің инновациялық орталықтары адал азамат дайындауға қоғамымыздың мектеп және отбасының бірлескен күш жігерінің арқасында өмірге еніп отыр.

«Әр бір бала -дарын, ұстазы ұкса жанын» дегендей, білім берудің инновациялық сипаты жағдайында елімізде білім мен тәрбиенің оң көрсеткіштеріне қол жеткізілуде. Республикалық, халықаралық олимпиадаларда топ жарған шәкірттер саны мыңнан асады, әсіресе математика саласында алдыңғы орындарда көрінуде.

Мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаев тапсырмасымен ҚР Оқу - ағарту министрлігі дайындап, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы да адал азамат тәрбиелеу бағытында мектеп, ата-ана және қоғам ынтымақтастығында қызмет етуде. Бұл бағдарлама Қазақстан халқын ортақ идеяға, бір мақсат, бір мүддеге ұйымдастыруға, рухани өрлеуге, әділетті жасампаз қоғам құруға адал ұрпақ дайындауға қызмет етеді.

Өз тарапымынан осынау игілікті, ізгілікті құжатқа ұсыныс айтқым келеді. Атап ай-

тқанда, жалпыұлттық біртұтас құндылықтар мазмұны мен құрылымы төл этникалық құндылықтарымызбен байытыла түссе деймін. Бұл бағдарлама жалпы база ретінде ұсынылған. Ендігі жерде олар дидактикалық тұрғыда талданып, жүйеленіп, білім беру деңгейлерінің мақсаттарына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріліп, оқу бағдарламаларына, әрбір пәннің оқулықтарының мазмұнына енгізілгені дұрыс. Осы кезде олар өміршеңдік сипат алады.

Сонымен қатар, білім беру мазмұны мен сыныптан тыс тәрбие жұмыстары бір арнаға тоғыстырылғаны дұрыс. Сынып жетекшілері бүгінде бұған керек материалдарды өз беттерінше іздеп табуға мәжбүр, ал ол үшін олардың мүмкіндіктері әр түрлі әрі жеткіліксіз екені жанға батады. Сондықтан оқу бағдарламасына енгізілген ұлттық құндылықтар жүйесіне лайықталып сынып жетекшілеріне көмек ретінде әдістемелік нұсқаулықтар мен көмекші құралдар, сондай-ақ осы мұраттарға бірлесіп қызмет етуге дайын ата-аналарымызға да арналған анықтамалар, энциклопедиялар, тиісті әдебиеттер дайындалса деймін.

Қорыта айтқанда, инновациялық білім беру және «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын басшылыққа алу жағдайында Адал азамат дайындалуда мектеп, отбасы және қоғам ынтымақтастығының жұмысына төмендегіше тұжырымдарды кірістіруге болады:

- үштік ынтымақтастығының жаңашыл мазмұнын, формалары мен әдіс - тәсілдерін

шығармашылық сипатта жасау және пайдалану;

- әрбір деңгейде ынтымақтастық жұмысын жоспарлау, іске асыру және нәтижелерін бағалауда қоғамдық ұйымдарды, ата-аналарды кең қатыстыру;

- ынтымақтастықты инновациялық оқу-тәрбие ісіне кірістіру мүмкіндіктерін зерттеп зерделеп, ата-аналардың мейілінше дұрыс түсініктерін қалыптастыру;

- мектеп және отбасының оқу-тәрбие ісінде теңдей субъектілік және серіктестік рөлдерде болуын және олардың жауапкершілікті сезінуін қамтамасыз ету;

- педагогтардың ынтымақтастықта ата-аналармен инновациялық жұмысты меңгеруіне қол жеткізу;

- мектептің оқушылар тәрбиесіндегі жетістіктерін ата-аналар арасында кеңінен насихаттау, балаларының оң бағытта дамып-өзгерулеріне қол жеткізу;

- ата-аналардың педагогикалық білімдерге құмарлығын, ынталылығын, бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлуге деген қажеттіліктері мен ұмтылыстарын ынталандыру;

- «Біртұтас тәрбие» бойынша оқушыға Адал азамат болу үшін қажетті құндылықтарды сіңіруге үштіктің біртұтас белсенділігіне қол жеткізу;

- оқушылардың білім алулары мен біртұтас тәрбие алуы мақсатының жүзеге асу үрдістеріне қоғамдық ұйымдардың қоғамдық қолдауларының аясында Адал адам болуға дайындықты толыққанды жүргізіп отыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тоқаев, Қ.-Ж. (2023). Ұлттық Құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. Қасым журналы, (3(71)).
2. Есқали, З. (2015). Отбасы, мектеп, қоғам ынтымақтастығы. Мектеп директоры, (1).
3. Алметов, Н., & Қойтанова, Б. (2014). Инновациялық білімді дамытуда мектеп пен отбасы ынтымақтастығының педагогикалық шарттары. Қазақстан жоғары мектебі, (2).
4. Алметов, Н. (2011). Мектептің инновациялық даму кезеңінде мектеп-отбасы ынтымақтастығының психологиялық-педагогикалық мәселелері. Оңтүстік Қазақстан ғылымы мен білімі, 3(69).
5. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. (2024). Біртұтас тәрбие. Астана: ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ-ЕРЛІК ТӘРБИЕСІНІҢ КӨРІНІСІ

Джанабаева Рая Айтбайқызы

Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры, п.ғ.д., ХПББҒА академигі,
ЖҒА корреспондент мүшесі

Болатқызы Шынар

Абай атындағы ҚазҰПУ аға оқытушысы

E-mail: Shynar-14@mail.ru

(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ халқының патриоттық-ерлік тәрбиесі дәстүрлерінің Ұлы Отан соғысы жылдарындағы көрінісі ғылыми-педагогикалық тұрғыдан сипатталып мазмұндалған. Сонымен қатар мақалада, өскелең жас ұрпаққа патриоттық-ерлік тәрбиені қалыптастыруда халықтық рухани құнды мұралар мен ұлттық тарихи қазына жан-жақты баяндалады. Патриоттық-ерлік тәрбиесі - балалар мен жастардың бойында ата-бабаларының батылдық және ерлік істеріне мақтаныш пен сүйіспеншілік сезімдерін дамытуға, Отанға қызмет етуге, оны қорғаудағы азаматтық борышын өтеуге деген дайындықты қалыптастыруға бағытталған патриоттық тәрбиенің құрамдас бөлігі. Отансүйгіштік, елжандылық бұл тек еліміздің мемлекеттік рәміздерін немесе тарихи оқиғаларды білу ғана емес, ол сонымен қатар, өз еліне деген терең сүйіспеншілік, оның мәдени мұрасын құрметтеу. Ол батырлық қасиеттерді, тарихи ерліктер мен дәстүрлерді дәріптеуді қамтып, өскелең ұрпақты кешегі батырлардай болуға ұмтылуға шақырады.

Тірек сөздер: Отансүйгіштік, елжандылық, патриоттық-ерлік тәрбиесі, дәстүр, рухани құнды мұралар, ұлттық құндылық, өскелең ұрпақ.

Аннотация. В данной статье рассматривается ценности патриотического и героического воспитания казахского народа в годы великой отечественной войны. Кроме того, в статье всесторонне раскрывается ценное духовное наследие и национально-исторические ценности народа в формировании патриотического и героического воспитания подрастающего поколения. Патриотическое и героическое воспитание это составная часть патриотического воспитания, которая направлена на формирование у детей и молодёжи чувства гордости и любви к мужеству и подвигам предков, готовности служить Родине и исполнять свой гражданский долг по её защите. Патриотизм - это не только знание государственных символов или исторических событий, но и глубокая привязанность к своей стране, уважение к её культурному наследию. Оно включает в себя прославление героических качеств, исторических подвигов и традиций, а также побуждает подрастающее поколение стремиться быть похожими на героев вчерашнего дня.

Ключевые слова: Патриотизм, патриотическое и героическое воспитание, традиции, ценное духовное наследие, национальные ценности, подрастающее поколение.

Abstract. This article examines the values of patriotic and heroic upbringing of the Kazakh people during the Great Patriotic War. In addition, the article comprehensively reveals the valuable spiritual heritage and national historical values of the people in shaping the patriotic and heroic upbringing of the younger generation. Patriotic and heroic education is an integral part of patriotic education, which is aimed at forming in children and youth a sense of pride and love for the courage and exploits of their ancestors, readiness to serve the Motherland and fulfill their civic duty to protect it. Patriotism is not only a knowledge of state symbols or historical events, but also a deep attachment to one's country and respect for its cultural heritage. It includes the glorification of heroic qualities, historical exploits and traditions, and also encourages the younger generation to strive to be like the heroes of yesterday.

Keywords: Patriotism, patriotic and heroic education, valuable spiritual heritage, traditions, national values, the younger generation.

Ұлы Отан соғысы адамзат тарихындағы қайғылы және маңызды оқиғалардың бірі. Қазақ халқы Кеңес Одағының басқа да халықтары сияқты Ұлы Отан соғысына қатысып, өзін кеңестік патриотизм сезімі мен ұлттық мақтаныш сезіміне толы қаһарман екенін дәлелдеді. Қазақ халқы өз Отанын қорғауға қосқан үлестерін және үкіметтік жоғары марапаттарға ие болған абзал ұл-қыздарының жанқиярлық ерлігін мақтан тұтады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Еліміздің әрбір азаматы жұртшылықтың алдына шыққанда ұлттық мүдде мен қазақстандық патриотизм қағидаттарын басшылыққа алуы керек. Жастарға патриоттық тәрбие беру - мемлекеттің негізгі ұстанымы», - деген болатын. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік идеологиясының негізгі ұстанымы - Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Ұлттық идея мен мемлекеттік идеология тұрғысынан қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың негізгі өзегі ұлттық патриотизм болып табылады. Патриотизм бұл Отан мүдделеріне қамқорлық жасау, азаматтық сезімдердің көрініс беруі және Отанға адалдықты сақтау, оның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау, ол қоғамдық сана нысандарының бірі, бұл тарихи және таптық санат қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толығып отырады.

Қазақ топырағында жаралып, халық тәрбиесінен нәр алған Қазақстандық жастардың соның ішінде қазақ жастарының патриоттық сезімі Ұлы Отан соғысы жылдарында ерен көзге түсті.

Қазақстандықтар соғыстың алғашқы күнінен бастап шекарада жаумен шайқасқа қатысқандардың арасында да, Берлинде Рейхстаг үйіне шабуыл жасағандардың қатарында да болды.

Кеңес Одағының Батыры Рақымжан Қошқарбаевтың ерлік істерін көптеген тарихи құжаттар, соғыс кезінде шыққан газеттердегі жарияланымдар дәлелдейді. 150-ші атқыштар дивизиясының «Отан жауынгері» газеті ерлік ізі суымай тұрған кездегі «Ұмытылмас сәттер» деген мақаласында былай деп жазады: «Лейтенант Қошқарбаев пен Булатов Рейхстагқа бірінші болып көтеріліп, оның маңдайшысына жалау қадады. Рейхстаг төбесіне Егоров пен Кантария Жеңіс туын тікті!».

«Правда», «Советская Россия», «Красная звезда» және «Комсомольская правда» сияқты газеттерде, бірсыпыра әдеби журналдарда жарияланған материалдарда, ТАСС хабарларында ұлы штурмның қаһарманы ретінде Рақымжан Қошқарбаевтың есімі сүйіспеншілікпен аталып отырды. Ол туралы поэмалар жазылды. Кәкімжан Қазыбаевтың «Кернеген кек» атты деректі повесі жарияланды.

Жарқын болашақ үшін қаһармандық ерлік жасаған Р.Қошқарбаевқа шетел азаматтарының да ілтипаты ерекше. Оның атын неміс достары кеме жасау верфінің бір таңдауы бригадасына және Берлин іргесіндегі Кепениктегі №5 мектептің балалар ұжымына берген. Шетелдіктердің қазақ батырына деген мұндай көзқарасы әр қазақтың жүрегінде мақтаныш сезімін ұялатады.

Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін 11600 адамға Кеңес Одағының батыры атағы берілді, олардың 497-сі қазақстандық, соның 97-сі қазақ болды. Кеңес Одағының Батыры атағына қазақстандықтардың ішінен бірінші болып (1941 жылы 22 шілдеде) 19-танк дивизиясының командирі, генерал-майор К.А.Семенченко ие болса, ең соңында (1990 жылы 11 желтоқсанда) мұндай атақ панфиловшы, әскери қолбасшы, аға лейтенант Б.Момышұлына берілді.

Қазақстандықтардың жеңістегі үлесі әсіресе Мәскеу түбіндегі шайқаста ерекше зор болды.

Қазақстандық генерал-майор И.В.Панфилов пен комиссар А.С.Егоров басқарған 316-атқыштар дивизиясының аты аңызға айналды. Бұл дивизия жауынгерлері 1941 жылы 26-шы қазаннан 18-ші қарашаға дейін Мәскеу түбіндегі Волоколамск тас жолы бағытын қорғауда күші өзінен 4 есе басым жаумен кескілескен ұрыстар жүргізеді. Дубосеково разъезіндегі болған шайқаста 28 панфиловшылардың 23-і қаза тапты. 1941 жылы 18 қарашада И.В.Панфиловтың өзі де көз жұмды. Бұл дивизияның политругі В.Г.Клочковтың: «Ресей кең байтақ, бірақ шегінерге жол жоқ, артымызда – Мәскеу», деген сөзі бүкіл майданға тарап, Кеңес жауынгерлерін ерлікке жігерлендірді. Кейінен 28 панфиловшы ердің есімі тарихта алтын әріптермен жазылды. Панфиловшы, ротаның саяси жетекшісі, КСРО батыры қазақстандық П.Б.Вихрев те ерлікпен қаза

тапты, бірақ жау танкілері олардың шебінен өте алмайды.

Б.Момышұлы басқарған батальон жаумен болған шайқаста ерліктің тамаша үлгісін көрсетті.

Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысы жылдарында аға лейтенант, батальон командирінен бастап, гвардия полковнигі, 9-гвардиялық дивизияның командирі, Кеңес Одағының Маршалы деңгейіне дейін көтерілді. Б.Момышұлының батальоны генерал Панфилов дивизиясының резерві ретінде бес рет қоршауда қалып, фашистермен қиян-кескі ұрыс жүргізді, жау қоршауын бұзып өтіп, өз дивизиясына келіп қосылды. Б.Момышұлы барлығы 207 рет ұрысқа қатысып, екі рет ауыр жаралы болды.

Б.Момышұлының есімі соғыс кезінде аңызға айналды. Оның ерліктері А.Бектің «Волоколоск тас жолы», А.Кривицкийдің «Мәскеу түбіндегі қарауыл», Кеңес Одағының Батыры М.Ғабдуллиннің «Сұрапыл жылдар», Кеңес Одағының Батыры, армия генералы К.Н.Глацкийдің «Сұрапыл соғыс жылдары», Кеңес Одағының Батыры, генерал-полковник И.М.Чистяковтың «Отанғы қызмет етеміз» кітаптарына, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романына арқау болып, атақ-даңқы алысқа тарайды.

Генерал И.М.Чистяков өзінің жоғарыда аталған кітабында былай деп жазды: «1073-ші атқыштар полкінің командирі, майор Б.Момышұлын мен соғыстан бұрын білетінмін. Біз Қиыр Шығыста бірге қызмет еткенбіз. Ол қазақ ұлтынан шыққан, алған бетінен қайтпайтын, қатал мінезді, сымбатты келген жас командир болатын.

Оны ерекше ерлігі мен тапқырлығы үшін Панфиловтың ерекше жақсы көргенін де білетінмін. Мәскеу түбінде оның батальоны полктен хабар ошарсыз күйде, бірнеше күн қоршауда қалып, қалың жаумен қиян-кескі ұрыс жүргізген. Екі тәулікке созылған қы-

рғын соғыста гвардияшылар төрт жүзден астам фашистің көзін жойып, олардың Волоколамск тас жолы бойындағы шабуылын тырп еткізбей бөгеп тастаған. Содан кейін орман ішінде маневр жасай отырып, өздерін қоршаған жау шеңберін тас-талқан етіп бұзып шығып, полкке келіп қосылған болатын.

Осы ұрыстан кейін Панфилов Момышұлының батальонын өзінің резерві етіп ұстап, оны ең қиын-қыстау жерлердегі ұрыстарға жіберіп отырды. Соның бәрінде де батальон үздіксіз жеңіске ие болды.

Бұлардан басқа Бауыржан Момышұлының маған ұнайтын тағы бір қасиеті болатын, ол оның шыншылдығы еді. Мен оның қанша қиын болса да, тіпті өзіне содан зиян келсе де, тек қана шындықты айтатынын білуші едім. Өзінің бағыныштыларынан да ол осыны талап ететін».

Б.Момышұлы Қарулы Күштер қатарында 25 жыл қызмет етіп, 45 жасында отставкаға шықты. Соғыстан кейін қаруды қаламға айырбастаған ол өмірінің соңына дейін шығармашылықпен айналысып, көптеген кітаптар жазды. Олардың ішінде «Мәскеу үшін шайқас», «Ұшқан ұя» кітаптары оқырмандар тарапынан жоғары бағаға ие болды.

Ұлы Отан соғысының ержүрек батырларының бірі – Төлеген Тоқтаров Мәскеу облысының Бородино селосының түбінде неміс штабына басып кіріп жаудың біраз солдатаның көзін жойған, оған Кеңестер Одағының батыры атағы берілді.

Төлеген Тоқтаров қазақ халқының ұлттық батыры атанды. Оның ерлік істерін мадақтайтын, өнеге ететін өлеңдер мен әндер дүниеге келді.

Кеңес Одағының Батыры М.Ғабдуллин 1941-1954 жылдары генерал И.Панфилов басқарған даңқты 28-гвардиялық дивизия сапында шайқасқа қатысады. М.Ғабдуллин басқарған автоматшылар тобы да ерекше ерлік көрсетіп, жау танкілерінің бірнешеуін

жойды. Оның майдандағы ерлігі алғаш рет белгілі жазушы Б.Полебойдың «Правдада» жарияланған «Эпостың тууы» очеркінде баяндалады. Көптеген қазақ ақындары М.Ғабдуллинге арнап өлең-жырлар шығарады.

М.Ғабдуллиннің соғыстағы ерлік істері, соғыстан кейінгі еңбектері, парасатты, кішіпейіл мінезі мен адамгершілік асыл қасиеттері, адамды сүйе білу қабілеті ақыл-ой байлығы мен жастарға деген қамқорлығы қазақ жастарына үлкен үлге-өнеге. Мәлік Ғабдуллин 1951-1963 жылдар аралығында Қазақтың Абай атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры болды.

Соғыс жылдары қазақстандық ұшқыш-штурмовикер де ерекше ерлік көрсетті. Солардың ішінде Т.Ж.Бигелдинов, Л.И.Беда, И.Ф.Павлов және ұшқыш-жойғыш С.Д.Луганский Кеңес Одағының Батыры атағына екі мәрте ие болды.

Т.Бигелдинов жауға қарсы 305 рет ұшып шықты. Әуе ұрыстары кезінде ол жаудың 7 ұшағын атып түсірді. Бомба тастап, пулемет-зембіректен оқ атып, дұшпанның ондаған танкін, зеңбірегін, оқшашарын және басқа көптеген соғыс техникасы мен адамдарын жойды.

Т.Бигелдиновтың қайтпас қайсар мінезі, батыл қимылы, намыс-жігері, шұғыл шешім қабылдай білу әрекеті, «тар жол, тайғақ кешуде» өзін еркін ұстай білу қабілеті қазақ жастарының қайсы біріне өнеге екені даусыз.

Осындай батырлардың қатарында пулеметші М.Мәметованың, мерген Ә.Молдағұлованың, атқыштар С.Баймағанбетовтың, С.Лұтфүллиннің, Мин Сен Юрдың, зеңбірекшілер С.Мүткеновтың, И.К.Новиковтың, бронь бұзушы П.К.Милердің, минометші Қ.Сыпатаевтың, атты әскер М.М.Қатаевтың, сапер П.И.Гончардың, торпеда катерінің командирі Б.П.Ущевтың,

атқыштар дивизиясының командирі Ғ.Б.Сафиуллиннің есімдерін атауға болады.

Ә.Молдағұлованың да, М.Мәметованың да патриоттық көзқарасының қалыптасуына көптеген факторлар әсер еткендігі белгілі.

Біріншіден, екеуі да бала жастан қазақ халқының ауызекі шығармаларын (ертегілер, эпостар, жыр-термелер, т.б.) тыңдап өсті.

Екіншіден, екеуіне де адамгершілік, патриоттық асыл қасиеттер аналарының әлдиінен, жүректен шыққан сазды әуенінен, аналық ыстық алақанынан сіңіп, дарыды.

Туған-туыстарының, жора-жолдастарының, қоршаған табиғаттың да олардың патриоттық сана-сезімінің қалыптасуына әсері мол болды.

Үшіншіден, Әлия снайперлер мектебінде, Мәншүк медицина институтында оқып білім алып, саяси-идеялық, патриоттық тұрғыдан шыңдалып өсті.

Төртіншіден, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Кеңес Одағы халықтары мен жауынгерлерінің интернационалдық-патриоттық рухы, Отанға деген қалтқысыз сүйіспеншілігі, оның бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресі мен ерлік істері Әлия мен Мәншүктің жігерін жанып, жолындағы Жеңіске деген сенімін арттырды, ерлік істерге жетеледі. Олардың ерлік істерін жауынгерлік газеттерге жазылған мақалалардың мазмұны дәлелдейді.

Мәншүк пен Әлия туралы соғыстан кейінгі жылдарда да көптеген еңбектер жазылып (С.Мұқанов, М.Хакімжанова, М.Қозыбаев, М.Құлкенов, Ә.Халимуллин және т.б.), көркем фильмдер түсірілді. Оларда қазақ халқының батыр қыздары Әлия мен Мәншүктің өмірі мен ерлігі жайлы сөз болады. Батыр қыздарға 1997 жылы 25 қазан айында Алматыда ескерткіш монумент қойылды. Ескерткіштің ашылу салтанатында қазақ қызының ерлігіне, батырлығына, қай-

сарлығына, туған жерге деген сүйіспеншілігіне толы ән шалықтады:

Кобда, Нева суларын сүйіп өскен,
Әсем гүлін құшаққа жиып өскен.
Аққу құстың бейнебір баласындай,
Сұлу сазды жастықтың күйін кешкен.
Әлия – ару қызы сен халқымның,
Әлия – батыр қызы сен халқымның,
Ерке құсы сен даламның!

Батырлық, ерлік, ұлттық тәрбиенің, соның ішінде патриоттық тәрбиенің негізінде, ұлттық салт-дәстүрлерді, мәдени мұраны, патриоттық-ерлік дәстүрлерді меңгеру барасында қалыптасады.

Биыл Ұлы Жеңіске 80 жыл. Бұл халықтың ерлігі мен бірлігін ұлықтайтын,

бейбіт өмір сыйлаған батыр бабаларымыздың ерен ерлігін еске алып, оларға тағзым ететін ерекше тарихи күн.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен құттықтады: «Бұл - халқымыздың жауынгерлік рухының, батырлығы мен ерлігінің символына айналған тарихы мейрам. Біз ел қорғаған ерлеріміздің қаһармандығын, майдан даласында қаза тапқандардың жарқын бейнесін құрметпен еске аламыз. Бүгінгі бейбіт өміріміздің кепілі болған сол ардагерлеріміздің алдында бас иеміз.

«Жеңіс - халқымыздың тарихындағы теңдессіз ерліктің белгісі. Бұл - біз үшін де, бүкіл адамзат үшін де маңызды сабақ. Бүгін арамызда сол сұрапыл соғыстан аман қалған ардагерлер бар. Құрметті ардагерлер! Сіздерге барша қазақстандықтар атынан алғысымды білдіремін. Сіздердің отансүйгіштіктеріңіз, жанқияр ерліктеріңіз - ұрпаққа үлгі. Сіздердің есімдеріңіз бен ерліктеріңіз ешқашан ұмытылмайды! Ұлы Жеңісті ұлықтау - батырларымыздың рухына тағзым ету. Жастарымыз олардың жауынгерлік және

еңбек ерлігін әрдайым біліп жүруі керек», - деді президент.

Майданда және сондай-ақ тылда да аянбай еңбек еткен, Жеңіс силаған ата-бабаларымызға алғысымызды білдіреміз. Біз

үшін батырларымыздың ерлігі нағыз батылдықтың, батырлықтың және Отанға деген шынайы сүйіспеншіліктің үлгісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Джанабаева, Р. А. (2006). Қазақ халық педагогикасының патриоттық-ерлік тәрбиесі дәстүрлерін оқу-тәрбие процесінде пайдалану. Алматы.
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. (2005). Алматы.
3. Джанабаева, Р. А. (2010). Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері. Алматы.
4. Джанабаева, Р. А. (2011). Қазіргі қоғам және патриотизм [Монография]. Алматы.
5. Тоқаев қазақстандықтарды Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен құттықтады. (б.ж.). Азаттық рухы. <https://azattyq-ruhy.kz/news/89261-tokaev-kazakstandyktardy-uly-zhenistin-80-zhyldygymen-ku-ttyktady>
6. Abai.kz. (б.ж.). <https://abai.kz/post/166179>

МАҚАЛА МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- Мақала ғылыми зерттеулерге негізделген және ғылыми жаңалығы болуы қажет. Мақала атауы қысқа да нақты болуы керек.
- Зерттеу тақырыбы ғылым және білімді дамытудағы өзектілігімен ерекшеленуі тиіс.

Мақала құрылымы:

- ✓ **Аннотация (қазақ, орыс және ағылшын тілінде)** – мазмұнын, әдістері және негізгі нәтижелерді қамтуы қажет (150-250 сөз).
- ✓ **Тірек сөздер/Keywords (5-10)** — негізгі мазмұнын көрсететін түсініктер, сөздер мен сөз тіркестері.
- ✓ **Кіріспе (Introduction)** — тақырыпқа кіріспе береді, ғылыми және практикалық маңызы негізделеді, **әдебиеттерге шолу** жасалады, зерттеу мақсаттары көрсетілуі қажет.
- ✓ **Әдістер (Methods)** — қолданылған әдістер (эксперименттік әдістер, статистикалық әдістер, сұрақнама, бақылау және т.б.). Әдістерді таңдаудың негізі көрсетіліп, әдістерді қолдану әдістемесі толық сипатталуы қажет.
- ✓ **Нәтижелер (Results)** — әдістер арқылы алынған деректер жүйелі көрсетіліп, кесте, график, сызба арқылы түсіндірілуі мүмкін. Зерттеу нәтижелері толық және түсінікті болуы қажет.
- ✓ **Талқылау (Discussion)** — алынған нәтижелерді әдебиет деректерімен салыстырып, теориялық және практикалық маңызы көрсетілуі қажет. Сонымен қатар әдістердің тиімділігі, кездескен қиындықтары және алынған деректердің сенімділігі талқыланады.
- ✓ **Қорытынды (Conclusion)** — негізгі нәтижелерді жинақтау, ғылыми және практикалық пайдасын айту, келешектегі жұмыстардың бағыттары көрсетілуі қажет.
- ✓ **Әдебиеттер тізімі (References)** — сонындағы әдебиеттер саны 10-нан кем болмай, ғылыми жұмыстар, әдістемелер, монографиялық әдебиеттер, Scopus және Web of Science базаларына кіретін журналдарда соңғы 5 жылда жарияланған мақалалар болуы қажет.

Рәсімдеу талаптары:

- Times New Roman, 14 кегль, жоларалық интервал – 1.
- Алаңдары әр жағынан 2 см болуы қажет.
- Мақала көлемі 6-12 бет болуы тиіс.

Тіл және жазылу әдістері:

- Мақала қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде қабылданады.
- Мақалалар ғылыми стильде жазылуы қажет.

Редакциялық және сілтеме әдістері:

- Әдебиеттер тізімінде көрсетілген деректер APA стандартына сәйкес болуы қажет.
- Мәтінде сілтемелер (Richman, 2024) немесе екі автор болса (Richman & Рум, 2024), егер автор саны 2-ден көп болса (Richman et al., 2024) ретінде көрсетілуі тиіс.

Авторлар жайындағы мәлімет:

- Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, лауазымы, мекеме атауы, ORCID, электронды поштасы көрсетілуі қажет.

ОӘЖ 0000

Автордың аты-жөні (толық)

Ғылыми атағы (толық)

Мекеме атауы (толық)

<https://orcid.org/0000-0000-0000-0000>

E-mail: 0000

(қала, мемлекет)

МАҚАЛА АТАУЫ (БАС ӘРІПТЕРМЕН, ОРТАСЫНДА)

Annotation. The article examines

Keywords: 5-10 сөз.

Аңдатпа. Бұл мақалада

Тірек сөздер: 5-10 сөз.

Аннотация. В статье рассматривается...

Ключевые слова: 5-10 сөз.

Introduction. Мәтін мәтін мәтін... әдебиеттерге шолу.....

Әдістер (Methods) — мәтін...

Нәтижелер (Results) — мәтін...

Талқылау (Discussion) — мәтін...

Қорытынды (Conclusion) — мәтін....

Әдебиеттер тізімі (APA format) (References):

CONTENT REQUIREMENTS FOR THE ARTICLE

- The article should be based on **scientific research and should present scientific novelty**. The title of the article should be brief and clear.
- The research topic should be relevant to the development of **science and education**.

Article structure:

- ✓ **Annotation (in Kazakh, Russian, and English)** — should reflect the content, methods, and main results (150-250 words).
- ✓ **Keywords (5-10)** — key concepts, words, and phrases reflecting the main content of the article.
- ✓ **Introduction** — introduces the topic, shows its scientific and practical significance, **reviews the literature**, and specifies the research goals.
- ✓ **Methods** — methods used (experimental, statistical, questionnaire, observation, etc.). The basis for choosing methods should be explained, and the methodology of application should be described in detail.
- ✓ **Results** — data obtained through methods should be presented in a systematic form, supported by tables, graphs, and diagrams. The results should be complete and clear.
- ✓ **Discussion** — results should be compared with previous literature; their theoretical and practical significance should be demonstrated. Furthermore, the methods' effectiveness, difficulties encountered, and data reliability should be discussed.
- ✓ **Conclusion** — summarizes main results, highlights their scientific and practical value, and indicates directions for future research.
- ✓ **References** — there should be at least 10 sources, including scientific works, methods, monographs, and articles from Scopus and Web of Science journals, published in the last 5 years.

Format requirements:

- Times New Roman, 14 pt, single spacing.
- Margins 2 cm on all sides.
- Article length should be **6-12 pages**.

Language and writing style:

- The article may be in Kazakh, Russian, or English.
- Academic style of writing is required.

Editorial and citation methods:

- The references should follow **APA** format.
- In-text references should be presented as (Richman, 2024), (Richman & Pym, 2024), or (Richman et al., 2024).

Information about authors:

- Name, degree, title, institution, ORCID, and email should be provided.

IRSTI 0000

Author's full name

Academic degree (full)

Institution's full name

<https://orcid.org/0000-0002-4448-2414>

E-mail: 0000

(city, country)

ARTICLE TITLE (UPPERCASE, CENTERED)

Annotation: The article examines

Keywords: 5-10 words.

Аңдатпа. Бұл мақалада

Тірек сөздер: 5-10 words.

Аннотация. В статье рассматривается...

Ключевые слова: 5-10 words.

Introduction: ...text, text **reviews the literature...**text, text

Methods: ... text

Results: ... text

Discussion: ... text

Conclusion: ... text

References: (APA format)

ТРЕБОВАНИЯ К СОДЕРЖАНИЮ СТАТЬИ

- Статья должна быть основана на **научном исследовании и содержать элементы новизны**. Заголовок статьи должны быть точными и сдержанными.
- Тема исследования должны быть актуальной с точки зрения развития **науки и образования**.

Структура статьи:

- ✓ **Аннотация (на казахском, русском и английском)** — должны быть представлены содержание, методология и основные результаты (150-250 слов).
- ✓ **Ключевые слова (5-10)** — термины и выражения, которые концентрируют суть работы.
- ✓ **Введение** — представляет тему, обосновывает ее значение с практической и теоретической точки зрения, **дает обзор литературы** и ставит цели исследования.
- ✓ **Методы** — описывает использованные подходы (эксперимент, статистические меры, опрос, наблюдения и др.). В методологии следует обосновать выбор метода и дать подробное описание применения.
- ✓ **Результаты** — представлены с помощью таблиц, графиков и других наглядных средств; должны быть полными и точными.
- ✓ **Обсуждение** — сравнение с другими результатами, показ практической и теоретической ценности, преимущества и недостатки метода, точности и достоверности данных.
- ✓ **Заключение** — концентрирует главные выводы, значение работы для науки и практики, перспективы применения и направление других исследований.
- ✓ **Список литературы** — должны быть представлены не менее 10 публикаций (научные работы, методические издания, монографии, статьи из Scopus и Web of Science), изданные за последние 5 лет. Список следует оформить по APA. Ссылки в тексте должны выглядеть так: (Richman, 2024), (Richman & Pym, 2024), (Richman et al., 2024).

Формат:

- Times New Roman, 14 pt, одинарный интервал.
- Поля со всех четырех сторон должны быть по 2 см.
- Объем статьи — 6-12 страниц.

Язык и стиль изложения:

- Рукопись может быть на казахском, русском либо английском языке.
- Текст следует излагать в научно-академическом стиле.

Редакционные правила и правила цитирования:

- Используется стандарт APA.
- В тексте должны быть правильно представлены ссылки на литературу.

Со сведения об авторах:

- Имя, фамилия, ученая степень, звание, организация, ORCID и электронный адрес должны быть представлены.

УДК 0000

ФИО автора (полное)
Ученая степень (полное)
Наименование организации (полное)
<https://orcid.org/0000-0000-0000-0000>
E-mail: 0000
(город, страна)

НАЗВАНИЕ СТАТЬИ (ЗАГЛАВНЫМИ БУКВАМИ, В ЦЕНТРЕ)

Аннотация: В статье рассматривается

Ключевые слова: 5-10 слов

Annotation: The article examines

Keywords: 5-10 слов

Аңдатпа. Бұл мақалада

Тірек сөздер: 5-10 слов

Введение: ... текст... **дает обзор литературы...**text

Методы: ... текст

Результаты: ... текст

Обсуждение: ... текст

Заключение: ... текст

Список литературы: (по APA)

**«Ғылым. Әйел. Қоғам» әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы ғылыми
журнал рубрикалары**

Рубрики социально-гуманитарного журнала «Наука. Женщина. Общество»

Rubrics of the Social and Humanitarian Journal “Science. Woman. Society”

I. ПЕДАГОГИКА/ПЕДАГОГИКА/PEDAGOGY

II. БІЛІМ БЕРУ/ОБРАЗОВАНИЕ/EDUCATION

III. ШЕТҒІЛДІК БІЛІМ БЕРУ: ТЕОРИЯСЫ МЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ/ИНОЯЗЫЧНОЕ
ОБРАЗОВАНИЕ: ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ/FOREIGN LANGUAGE EDUCATION:
THEORY AND METHODS OF TEACHING

IV. ЛИНГВИСТИКА: КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКА, ПСИХОЛИНГВИСТИКА, ӘЛЕУМЕТТІК
ЛИНГВИСТИКА, НЕЙРОЛИНГВИСТИКА/ЛИНГВИСТИКА: КОГНИТИВНАЯ ЛИНГВИСТИКА,
ПСИХОЛИНГВИСТИКА, СОЦИОЛИНГВИСТИКА, НЕЙРОЛИНГВИСТИКА/LINGUISTICS:
COGNITIVE LINGUISTICS, PSYCHOLINGUISTICS, SOCIOLINGUISTICS, NEUROLINGUISTICS

V. АУДАРМАТАНУ/ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ/TRANSLATION STUDIES

VI. ФИЛОЛОГИЯ, ЛИТЕРАТУРА/PHILOLOGY, LITERATURE

VII. ПСИХОЛОГИЯ/ПСИХОЛОГИЯ/PSYCHOLOGY

VIII. МЕДИА ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ/МЕДИА И КОММУНИКАЦИЯ/MEDIA AND
COMMUNICATION

IX. ӘЛЕУМЕТТАНУ/СОЦИОЛОГИЯ/SOCIOLOGY

X. ЗАҢТАНУ/ЮРИСПРУДЕНЦИЯ/JURISPRUDENCE

XI. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ШЫҒЫСТАНУ, САЯСАТТАНУ/МЕЖДУНАРОДНЫЕ
ОТНОШЕНИЯ, ВОСТОКОВЕДЕНИЕ, ПОЛИТОЛОГИЯ/INTERNATIONAL RELATIONS,
ORIENTAL STUDIES, POLITICAL STUDIES

XII. ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ/ЭКОНОМИКА И МЕНЕДЖМЕНТ/ECONOMICS AND
MANAGEMENT

XIII. МӘДЕНИЕТТАНУ, ФИЛОСОФИЯ, ДІНТАНУ/КУЛЬТУРОЛОГИЯ, ФИЛОСОФИЯ,
РЕЛИГИОВЕДЕНИЕ/CULTURAL STUDIES, PHILOSOPHY, RELIGION STUDIES

XIV. ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ, АНТРОПОЛОГИЯ/ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ, АНТРОПОЛОГИЯ/
HISTORY, ARCHEOLOGY, ANTHROPOLOGY

XV. ЭКОЛОГИЯ / ЭКОЛОГИЯ / ECOLOGY

ISSN 3005-379X

